



**«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**



Б. Глаудинов

ҚАЗАҚСТАН
Архитектурасы

8 том



Б. Глаудинов

Архитектура
КАЗАХСТАНА

том 8



УДК 72
ББК 85.11
Қ 18

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Құрастырушылар: А.Қ. Қапанов, А.И. Рүстембеков

Жауапты редактор: Б. Глаудинов

Қ 18 Қазақстан архитектурасы – Архитектура Казахстана. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2012.

т. 8. – 192 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-209-193-9

Бұл кітапта Б.А. Глаудинов ежелгі дәуірден бастап, XX ғасырдың басына дейін салынған Қазақстан аумағындағы тұрғын үй, қоғамдық және мемориалды-діни ғимараттардың архитектуралық құрылымын сипаттайды. Еліміздегі бой көтерген беймәлім ғимараттарға кеңірек ғылыми зерттеу жұмысын жүргізеді. Аймақтағы сәулет өнерінің өзіндік ерекшелігі мен өзгешелігі анықталады.

Кітап сәулет және құрылыс саласының мамандары мен ізденушілеріне арналады.

Исходя из этого, автором выявлен процесс формирования архитектуры жилых, общественных и мемориально-культовых зданий на территории современного Казахстана с древнейших времен до начала XX века. Предпринята попытка проследить путь преемственного развития архитектуры Казахстана в целом, творчески ее осмыслить, дополнительно ввести в архитектурную науку исследования малоизвестных зданий и сооружений, выявить своеобразие и самобытность зодчества края. Книга предназначена для архитекторов и строителей, а также всем интересующимся архитектурой.

УДК 72
ББК 85.11

© Глаудинов Б., 1999
© Глаудинов Б., 2012
© Рүстембеков А.И., 2012
© «Өнер», 2012
© Көпіш Ә., (безендіру) 2012

ISBN 978-601-209-193-9 (т. 8)
ISBN 978-601-209-139-7 (общ.)



АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кездің ерекшеліктерінің бірі тарихи-мәдени тамырымызды білуге жоғары қызығушылық таныту болып табылады. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Тарих сабақтары бізге өткенімізді бағалау үшін ғана емес, болашаққа нық қадам басуда сенімді бағдар жасау үшін де қажет». Сонымен осы негізімізді дамыту бүгінгіміздің ерекшелігін анықтады және отандық мәдениетіміздің болашақ жағдайының келешегін қалайды.

Қазіргі мәселелердің бір бөлігі соңғы кезде архитектураның дамуындағы басты фактор болып табылатын өткен мен қазіргінің арасындағы тығыз қарым-қатынастың белгілі деңгейдегі сабақтастығының бұзылуымен тікелей байланысты болады, яғни «...тарихи даму жалпы уақыт бойынша соңғы үлгі алдындағы пішімдерді өзіне алып келетін саты ретінде қарастыратынына сүйенеді...».

Сондықтан архитектураның қалыптасуы мен дамуының қажетті жағдайы, біздің ойымызша, жаңа, өткенді жоққа шығаратын феноменді ойлап табу әрекеті емес, мұраны өңдеу арқасында сабақтастықты қамтамасыз етуде болады.

Жалпы қазіргі мәдениеттің жетістіктерінің бір аспектісі мәдени мұраға, соның ішінде, архитектуралық-қалақұрылыстық мұраға құнттап көңіл бөлу

болып табылатын осы секілді көзқарастардың жемістілігі жайлы дәлел болады: «Біздің дәуіріміздің техникалық және әлеуметтік дамуы талап ететін біркелкі және тұлғасын жоғалтып беру алдындағы қауіптілік: ол – өз мәдениетімен қатар тұрмысының ерекшелік негіздерінің бірінің байқалуын көретін адам мен халық үшін маңызды мәнді иеленетін тірі куәгер», – деп БҰҰ баяндамада көрсеткен.

Архитектуралық шығармашылықтағы сабақтастық мәселелерін есепке алудың ерекше маңыздылығы туралы түрлі кезеңдерде жасалған қоспалардың нәтижелерінде оларды жасаумен байланысты әлемдік сәулет өнерінің таңдаулы жарасымдылығының тереңдігі мен шексіз тартымдылығы, көп жоспарлылық деректері түрлі авторлардың әлденеше рет атап көрсеткені дәлел болды. 1920 жылдары «конструктивизм» архитектурасының негізін салған М.Я. Гинзбург былай деп жазды: «Әрбір мәдениет дамуының белгілі сабақтастығы болмаса, сәби қалпында қалар еді, тіпті, өзінен бұрынғы мәдениеттің көркем тәжірибесінің тығыз байланысының арқасында ғана әр кезде қол жеткізетін кемеліне келу дәуіріне бірде-бір рет жете алмас еді».

Қазақстан архитектурасының сабақтастықта даму заңдылығының байқалуы дәстүр мен жаңашыл-

дық мәселелерімен, онымен байланысты республика архитектурасының ұлттық өзгешелігі мен интернационалдық ерекшелігі мәселесін жарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Адамдар «ғасырлардың дамып келе жатқан тәжірибесін өзіне сіңірген, мәдениет сабақтастығының анық белгілері айқын көрінетін дүниелерді көргісі келеді». Бұл жерде архитектураның өзінің қалыптасу кезеңінен бергі сабақтастықта даму сипаты жайлы мәселе өткір түрде тұрады.

Біздің еліміздің тәжірибесі, осы жағынан алғанда, Қазақстан өзін жаһандық тарихи катаклизмге үнемі душар болатын, кейде азаматтарының өмір сүру дәстүрі мен елді мекендерінің келбетін түбегейлі өзгертетін ел ретінде жарқын мысал болып табылатындықтан ерекше мәнге ие болады. Сондықтан архитектура саласындағы көптеген мәселелерді шешу тәжірибесін зерттеу жалпы қоғам тарихын тану және Қазақстан архитектурасының одан әрі дамуының оңтайлы жолдарын анықтау үшін үлкен мәнге ие болады.

Жұмыс мақсаты – Қазақстан баспанасының, алып сәулет құрылысының архитектурасының ежел-

гі дәуірден XX ғасырға дейінгі сабақтастықта даму амалдарын бақылау; жоғарыда көрсетілген негізгі нысандар арқылы республика архитектурасын шығармашылық жағынан жалпы ұғыну, аз танылған ғимараттар мен құрылыстарды архитектура ғылымына қосымша ендіру, өңірдің сәулет өнерінің өзгешеліктері мен ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу әдістемесі – халықтың сәулет өнеріндегі қалалар мен ескерткіштерді кешенді зерттеу, олардың мұрағаттық және әдеби деректеріне қатысты материалдарды жинау және өңдеу. Тарихи-мәдени негіздер, даму ерекшеліктері, сонымен қатар архитектураның даму заңдылығының жұмысында анықталған республиканың, жеке қалалар мен нысандардың архитектураларының өзіндік мәселелерін шешуге, яғни қазіргі архитектурадағы дәстүрдің рөлін түсінуге; архитектуралық мұраларды игеру мәселелерін жаңаша шешуге; Қазақстан архитектурасының одан әрі дамуына болжау жасаудың теориялық негізіне және шығармашылық бағыттарының ғылыми негіздемесі ретінде қызмет етуге мүмкіндік береді.



ҚАЗАҚСТАН СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІ



ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХИТЕКТУРА ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Архитектураның қалыптасуының, соның ішінде Қазақстанның ежелгі сәулет өнерінің генезисі мен ерекшеліктерінің байқалу мәселесі талап етеді:

1. Нақты мәдени процестердің қалыптасуы үшін сәйкес келетін тарихи ахуалдардың пайда болу уақытын анықтау.

2. Осы өлкедегі пайда болған шаруашылық жүргізу тәсілдерін анықтау.

3. Қоғамның басым идеологиясының пайда болуын анықтау, қазақ халқының ата-бабаларының тайпаларының мәдени деңгейі, олардың көршілес өркениеттері мен мәдени-экономикалық байланыстарының сипаты.

4. Қазақстанның түрліше табиғи-климаттық жағдайлардағы қажетті құрылыс материалдарының болғанын анықтау.

Сонымен, бәрінен бұрын өңірдегі сәулет өнерінің туындау уақытын анықтауға тырысу керек.

Еліміздің территориясының жекелеген бөлігі, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда шелль-ашель кезеңінің өзінде (ертедеге палеолит дәуірі) мекендеді. Ашель-мустьер кезеңінде (орта палеолит) география айтарлықтай кеңейеді. Осы уақыттағы алғашқы қауымдық адам қазіргі республиканың көпшілік аудандарын да игереді: Оңтүстік Қазақстан, Орта-

лық және Шығыс Қазақстанның аудандары, Солтүстік Балқаш бойы. Бұл туралы археологтар ашқан осы кезеңнің шелль-мастьерлік ескерткіштері дәлел болады. Кейінгі палеолит дәуіріндегі осы процестің күшеюі жайлы «Қазіргі кезде Қазақстанда сол заманның 500-ден астам неолиттік мекендері белгілі...» деген дерек айтады.

Неолит дәуіріндегі (б.д.д. 2-мыңжылдық) осы тайпаның өкілдері ғылым тарихында «андроновтық» деген атпен белгілі, Қола дәуірінің ерте (б.д.д. XVIII–XVI ғ.ғ.) және орта (б.д.д. XV–XII ғ.ғ.) кезеңдеріне сәйкес келетін көрнекі өзіндік мәдениетті жасады. «Археологиялық деректер андроновтық тұрғындардың басым көпшілігінің отырықшылық өмір салтын ұстанғандығын дәлелдейді. Олардың шаруашылығы кешенді сипатқа ие болады: бақташылық мал шаруашылығының айтарлықтай басым болатын малшаруашылықтық-егіншілік». Тұрмыстық заттары мен түрлі әшекейлер сол кезеңдегі тайпалар мәдениетінің деңгейі туралы дәлел болады. «Саздарды өте мұқият таңдаған, кейде оны бірнеше ондаған шақырым жерлерден алып келген, сосын өңдеген» саздан жасалған ыдыстар өзіндігімен ерекшеленеді. Бұл ыдыстар тек пішіні мен ырғақтылығы жағынан ғана емес, олардың оюлылық сипаты да назар аударуға

тұрарлық. Қола дәуірінің оюларын одан да кейінгі кезеңдегі оюлармен салыстырғанда олардың ұқсастығының бар екендігі анықталды.

Осы фактормен қатар, Қола дәуірі тайпаларында ата-бабалардың ғибадаттары мен о дүниелік өмірге сенімі кең тараған. Сондықтан олар өлген адамды тек тамақпен, киіммен, құрал-сайманмен, қарумен және әшекей бұйымдармен ғана жақсы қамтамасыз етуге талпыныс жасап қоймай, сонымен қатар тұрғын үйге ұқсас бейіт салуға да тырысты. Дәстүр бойынша бейіт құрылысы жер бетінде жатқызып немесе қырына қойылған және жерге көмілген тас тақталардан жасалған төртбұрышты, квадрат, сопақ қоршаулармен белгіленген. Қуыстардың ең көп таралған құрылымы – ішіне қарай енген бір-біріне не тігінен, не жатқызылып қойылған тақтадан жасалған тас жәшіктер.

Б.д.д. II және I мыңжылдықтар аралығында андроновтық тайпалардың экономикасында, тұрмысы пен мәдениетінде қоғамның жаңа шаруашылық негізде туындаған – адами қоғамның дамуындағы маңызды құбылыс болған жайлаулық, ал сосын көшпелі мал бағуға өткен өзгерістер пайда болады. Көшпелі және өнімді мал бағуға өту прогрессивті құбылыс болды. Мал – жаңа еңбек құралы ретінде, өнеркәсіптің құрал жабдығы ретінде бақташы тайпаларға материалдық игілік жасауда үлкен басымдылық берді. Шаруашылықтың мамандануы тайпаларға мол өнім (мал, ет, сүт, тері, жүн және т.б.) бергендіктен адам еңбегі анағұрлым өнімді болды. Өнімдер мен оларды иемденудің артықтарын жинауға мүмкіндік берді. Мал шаруашылығының малы мен өнімдері тез алмастыру құнына айналды және олардың мәдениеттерінің өзара енуінің, өзара әсер етуі мен жалпы барлық қоғамдағы дамуына мүмкіндік берген малшылар мен егіншілер тайпаларының арасындағы айырбастың дамуы үшін барлық жағдайды жасады.

«Көшпелі қауым қоғамдық дамудың белгілі сатысында пайда болады және әлемдік цивилизация дамуында өтпелі сипатқа ие болады. Бұл тек аңшылық шаруашылығы мен егіншілердің арасындағы аралық жағдайларында ғана емес, географиялық жағдайлары егіншілікпен айналысуға мүмкіншілік бермейтін аймақтарда да байқалды. Шаруашылықтың жаңа түріне өту (көшпенділік) салыстыра қарағанда қысқа уақыт аралығында, әсіресе б.д.д. IX–VIII ғғ. өтті.

Қазақстан территориясында Қола дәуірінің аяғында б.д.д. X–VIII ғғ. жасалған Орталық Қазақстан тайпаларының материалдық мәдениетіндегі кейбір аймақтық кескіндер қалыптасты (Қарағанды қ. жақын жердегі Дәндібай ауылында және Солтүстік Балқаш маңындағы Беғазы шатқалында табылған Дәндібай-Беғазы мәдениетінің ескерткіштері). Бұл ескерткіштер деңгейі жағынан андроновтықтармен салыстырғанда анағұрлым биіктігімен ерекшеленеді. Б.д.д. VII–IV ғ.ғ. Қазақстанның мәдениеті «тілі жағынан туыстас және мәдениеті жағынан сақтар мен сарматтық тайпаларға жақын этномәдени алқаптардағы ру-тайпалық бөліктер ретінде енетін» тайпалармен және тайпалық топтармен байланысты болады. Өз кезегіндегі қарым-қатынастың соңғысы болып Орта Азияның, Алтайдың, Хакассияның, Туваның және Солтүстік Моңғолияның туыстас халықтарымен» ғана емес, «Ассириямен, Мидиямен, ал б.д.д. VI ғ. ортасынан ахеменидтер мемлекетімен – Парсылармен де» араласқан. Осы кезеңде малшылықтың 3 негізгі түрінің болғаны белгілі, олар: көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшы.

Көшпелі мал бағушылық Батыс және Орталық Қазақстанның құрғақ далаларында, шөлді және шөлейтті аймақтарында дамыды. Меридиан бойымен сияқты, ендік бағытымен де көшіп отырды. Еркектер – ат үстінде, балалар, әйелдер мен қарт кісілер терілермен және киіздермен жабылған арбалармен

көшетін болған. Қыстау үшін олар жел мен қар қатты басатын жерлерден аулақ төбелі құмдарды, немесе үлкен не шағын дала өзендердің жағалауларын тандаған. Көшпенділер үшін қыстақ-мекендер қысқа уақыттық, оңтайлы сипатқа ие аялдамалар болды. Мал бағудың мұндай түрінің көптеген мыңжылдықтар бойы сақталғандығын айта кеткен жөн. Ол жайлы араб тарихшысы Ибн әл-Асардың XI ғ. қыпшақтардың өмірін баяндай келе, олардың жазғы көшуі Булгар (Еділ) маңынан басталады және қысқа қарай олардың қыстауға тоқтайтын жері Баласағұн аймағында аяқталады деп көрсеткен деректері дәлел болады. XVI ғ. парсы тарихшысы Фазл-Аллах ибн Рузбехан қазақтардың жазғы жайылымдары мен қыстауларының арасындағы арақашықтығы шамамен 3500–4000 шақырымды құрайтын 6 мың фарсты құрайды дейді. Осындай көшпелі өмір жағдайына орай жылдам жиналатын баспаналар мен басқа да құрылымдар пайда болды.

Жартылай көшпенді мал бағушылар Тянь-Шань мен Алтай таулы жүйелерімен бірге Жетісу мен Шығыс Қазақстан маңындағы далалық, таулы және биік таулы өсімдіктері кезектесіп келетін аймақтарда тарады. Мал бағудың 1-түрімен салыстырғанда қоныс аудару қашықтығы ұзақ болған жоқ, бәрінен бұрын көшудің тік тәсілі деп аталатын түрі тарады: қыста – өзендердің жағалауларында, көктемгі-күзгі мезгілде – тау бөктерінде, жазда – биік таулы Альпі шалғындары. Осыған байланысты Жетісуда, Шығыс Қазақстанда және басқа да осыған ұқсас табиғи-климаттық аймақтарда өте ерте – б.д.д. I мыңжылдық басында жайылымдық-көшпелі жүйе пайда болды. Зерттеу жұмыстары шаруашылықтың көрсетілген түрлері мен нысандары мал бағушылық қоғамы дамуының белгілі деңгейінің нәтижесі болып табылады деген қате пікірлерді есептеуге мүмкіндік береді. Шындығында олар – нақты табиғи-климаттық орта-

ға адамның бейімделуінің, оның әрбір географиялық өңірді пайдалану мүмкіншілігіне талпыну нәтижесі деп түсінеді.

Б.д.д. I ғ. басының өзінде халықтардың айтарлықтай жоғары мәдени деңгейі жайлы сақтардың баспанаға жабу үшін добалдай қалың қара киіздер мен киім тігуге жұқа жұмсақ ақ киіздерді дайындау тәсілдерін білгендігін растайтын Бесшатыр қорғанынан табылған заттар дәлел болады. Олар дөңгелекті көліктер жасауды да дамытқан. Сол кезеңнің өзінде кендерді өндіру мен өңдеу, ұсталық, құйма және зергерлік іс сияқты өндірістің арнайы түрлері де болды. Сақ ұсталары саздан, металдан, сонымен қатар тас-тан өндіріске және шаруашылық-тұрмысқа арналған ең бір саналуан бұйымдар жасаған. Көшпенділіктің арқасында пайда болған, Таулы Алтайдың Пазырық қорғанынан табылған ағаш пен теріден жасалған ыдыс-аяқтардың кейбір түрлері бізге дейін жетті. Солардың арасында тері мен түбіттен жасалған торсықтар, сөмкелер, маталардың алуан түрлері, киізден және жүннен жасалған кілімдер болашақ ұрпақтарға жеткен сақ тайпалары қолөнерінің айтарлықтай жоғары деңгейі жайлы дәлелдейді. Сақ тайпаларының мәдениеті мен өнері дамуының биік деңгейі туралы б.д.д. VIII–II ғ.ғ. Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азия мен оңтүстік-шығыс Еуропаның тайпаларының арасында белгілі «аңдық үлгі» деп аталатын стильдің тарағандығы (нақтырақ айтқанда, Скифтік-Сібірлік аңдық үлгі)¹ дәлел болады. Б.д.д. III–II ғ.ғ. аңдық үлгідегі өнер бейнесі жағынан ақырындап өзгеріп, одан әрі оюға айналады.) Оның генезисі жайлы түрліше пікірлер айтылды. Оны біреулер Қола дәуірі кезіндегі өздерінің тамырымен кетіп бара жатқан жергілікті жерде пайда болған өнер деп есептейді. Басқа біреулер бұл стилді Алдыңғы Азияның сақ

¹ Б.д.д. III–II ғ.ғ. аңшылық стилінің өнері ақырындап өзгеріп, оюға көбірек айналады.

тайпаларынан алынды және тікелей ахеменидтік өнердің әсері бар деп пайымдайды. Қалай болғанда да, б.д.д. VI ғасырдың аяғы мен V ғасырдың басында еуропалық өнердегі Ежелгі Эллиданың антикалық өнерінің әсер етуінің нәтижесінде еуропалық және азиялық өнердің даму жолдары ажырап кетеді. Сол кезеңде сақтардың өнерінде осы күнге дейін белгісіз құдіреттің орталық бейнесімен геральдикалық кескіні (арыстан мен фантастикалық грифон бейнесіндегі қасиетті ағаш), сонымен қатар алдыңғы Азиядан келген өсімдік оюымен әрленген лотос гүлінің немесе гүлшанағының сарыны пайда болды. Бір сөзбен



Сақ көркемөнері



айтқанда, бұл кезеңдегі сақ өнері сөзсіз ахименидтік өнердің әсерінде болды. Сонымен қатар, б.д.д. I ғ. аяғында ол түрлі түсті тастармен, түйіршіктермен және әшекейлердің басқа да әдістерімен әсемдеу техникасымен ерекшеленетін «полихромдық өнер» деп аталатын туындылардың пайда болғанын айта кеткен жөн. Бай полихромдық оюлардың *арасында анық көріне қоймайтын*, жануарлар әлемінің бейнелері сызба-нұсқалық түрге енетін қолданбалы қол өнер туындылары пайда болады. Сәулет өнері аңдық стильдегі өнер мен ою-өрнектердің өзара байланыста қатар дамып отырған сақтардың қолданбалы өнерінің маңызды түріне қызығушылық танытты. Оюлы шығармашылық туындылардың жекелеген үлгілері, соның ішінде Алтайдың Пазырық қорымдарынан табылды. Сол кезеңге жататын ою-өрнектердің бірнеше сарынын көрсетуге болады: геометриялық, өсімдіктік, зооморфтық және символикалық. Қандай да бір заттың өзінде ою-өрнектің бірнеше сарының үйлесіп келуі жиі кездеседі. Жалпы, Қазақстан территориясындағы халықтың этникалық біркелкілігі жекелеген өңірлер мәдениетінің жергілікті ерекшеліктерін жоққа шығармайды. Олардың арасында б.д.д. VII–I ғ.ғ. Орталық Қазақстанның Тасмола шатқалындағы ірі археологиялық қазба жұмыстары орындарынан табылған «Тасмолалық мәдениет» деп аталатын өнер туындыларының үлкен өзгешелігімен ерекшеленеді. Тас тізбектері бар қорған – «мұртты» қорғандар болып аталған ескерткіштердің ерекше түрі оны белгілеу үшін себеп болуға қызмет етеді. Мұндай ескерткіштер Қазақ ұсақшоқыларынан тыс жерлерде де кездеседі. Дегенмен, негізінен олардың тараған жерлері Орталық Қазақстан болды.

Бірқатар аудандарда егіншілікпен қатар мал бағушылықтың дамуы, саудалық байланыстардың күшеюі және басқалар Қазақстан территориясында б.д.д. III ғ. – б.д. II ғ. зор әскери-саяси күшке біріккен

және б.д. I ғ. ұлы Құшандардың қуатты империясын құрған Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы Үйсіндер қауымы, Сырдариядағы (оның орта жағындағы ағысы) Қанғылы тайпалары сияқтылардың қалыптасуына мүмкіндік берді. Б.д.д. II ғ. екінші жартысында Грек-Бактрий мемлекеттерінің күш көрсетуінен әлсіреді. Жаңа ірі мемлекеттің құрамына енген Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның территориясы Шығыстың аса күшті мәдениетінің әсерінде болды. Соның нәтижесінде осы жерде қалыптасуында көшпелі дала, бірінші кезекте, Орталық Қазақстан тайпалары белсенді араласқан дамыған қалалық мәдениет қалыптасты. Б.д.д. II ғасырдың ортасындағы хундардың (ғұндардың) күш көрсетуінен басталған халықтардың «маңызды» орналасуы тек Қазақстанның ғана емес, Орта және Алдыңғы Азияның, Еуропаның да этносаяси картасын өзгертті. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстары Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпа мәдениеттерінің бірігуін де көрсетеді.

Үйсіндердің шаруашылықтарының негізгі түрі егіншілікпен қатар дамыған жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Қытай хрониктеріне сүйене отырып С.И. Руденко: «Бай үйсіндердің арасында 4–5 мың бас жылқы табындарының иелері бар...» деп атап көрсетеді. Н.В. Кюннер: «Суй Сун тарихшы: «үйсіндер су мен шөптің соңында жүргенімен... соңында қалалар мен қала маңындағы елді мекендерге де қол жеткізді» деп нық қорытынды жасады» дегенді айтады.

Зерттеушілер үйсіндер мәдениеті дамуының 3 кезеңі жайлы: ерте – б.д.д. III–I ғғ.; орта – б.д. I–III ғғ. және кейінгі – б.д. III–V ғғ. үйсіндерде де, хундар сияқты архитектуралық баспаналарды қатарында (тұрақты және оңтайлы) отбасылық кәсіптер мен қолөнер кәсібі кеңінен дамуға мүмкіншілік алды. Ежелгі үйсіндердің зергерлік өнерінің баға жетпес

ескерткіші кейінгі кезеңге тән, көгілдір ақық таспен және алтынмен әшекейленіп жасалған Қарғалы диадемасы болып табылады. Алайда сонымен қатар, зерттеу жұмыстары хундардың зергерлік өнеріндегі жетекші рөлде, әдетте полихромды сарынмен жасалғанын көрсетеді.

С.П. Толстой шартты түрде Қауыншылық, Жетіасарлық және Отырар-Қаратаулық деп бөлген Қанғылы мәдениетінің қалыптасуына отырықшы тайпалар сияқты, көшпелі тайпалар да қатысты. Бұл тайпалар орналасқан негізгі өңірлер тұрғындары телімдік-жайылымдық егіншілікпен және мал шаруашылықпен айналысқандардың көбісі мекендеген Сырдария өз. орта ағысының бойы болып табылады. Қанғылылардың материалдық мәдениетінің көп бөлігі отырықшы егінші тайпаларының мәдениеті болды.

Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің б.д. I мыңжылдығының ортасы мен екінші жартысы түркі тайпаларымен байланысты болды. «Б.д. V ғасырға таман солтүстік Моңғолиядан Амурдария өз. аяғына дейінгі үлкен территорияға «Тірек» («Теле») деп жалпы аталатын тайпалар тегіс орналасқан... Ежелгі авторлар оларды Алтай тайпаларына тәуелді болды дегенді айтады». VI ғ. ортасынан тіректік тайпалардың көтерілуі мен олардың түркілердің жерін иемденуі басталады. Қазақстан тарихы үшін маңыздысы жалпытүркілердің тайпаларынан бөлінуі мен VII ғ. басында ертедегі-феодалдық мемлекеттің, орталығы Суяб қаласы болған ежелгі үйсін жерлеріндегі Батыс түркі Қағанатының қалыптасуы болды. Көшпелі мал бағумен мен отырықшы-егіншілікпен айналысушылық Қағанаттың шаруашылық-экономикалық негізі болу жалғаса түсті.

VI ғ. бастап VII ғ. ортасына дейін Қағанат тарихында түргеш тайпаларының рөлі өскендігі байқалады, сонымен қатар Жетісудағы соңынан мекендегендермен байланысты Орта Азияның Соғ-

дылық мәдениетінің сыналап енуі күшейе түседі. Бұл процесс VIII–X ғғ. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы қарлұқтардың алма-кезек жоғарылауымен және IX–X ғғ. оғыз тайпаларының ерте-феодалдық мемлекеттерінің қосылуымен байланысты болды. Көшпелі мал шаруашылығы қарлұқтардың, оғыздардың және кимақтардың шаруашылығында негізгі болып қалды. Сонымен қатар әл-Идриси: «Адамдары көшпелі... Дегенмен олар жерді өңдейді, егеді, орады» деп жазады. Бұл мәліметтер «қарлұқтар елінде 25 қала мен қала маңындағы елді мекендер бар» деген зерттеу жұмыстарының басқа да хабарламаларымен расталады. Ә.Марғұлан Орталық Қазақстанда қабырғалары шикі кесектерден қаланған, ішкі жағы шым мен қамысты сылақтардан тұратын қалаларды тапты. Малшаруашылық өнімдерін өңдеу оғыздарда, кимақтар мен оғыздарда анағұрлым дамыған дәрежеде болған. «Түркілер киіз дайындаудағы ең бір шебер халық, өйткені, олардың киімдері де содан жасалған». Әл-Идриси оғыздар мен кимақтар жайлы: «Олардың шеберлері темірден ерекше көркем бұйымдар жасайды» дейді. Одан әрі ол кимақ патшасының алтындап тігілген киім мен алтыннан жасалған тәж киетіндігін айта кетеді. Археологтардың Жезқазғанға жақын жердегі ежелгі металлургиялық құндылықтарды ашуы мысты, қорғасынды, қалайыны, күміс пен алтынды қорытуды жүзеге асырған Милықұдық қаласы сияқты Серқұдық пен Айнакөл қалалары да әл-Идрисидің мәліметтерін растай түседі. Осы кезеңде қыштан бұйым жасау ісі жоғары деңгейге жетті. Отырар мен Таразға жасалған археологиялық жұмыстардың қазындылары қыш күйдіру пештерінің бұған дейінгіге қарағанда анағұрлым жетілгендігін анықтады. Қыш бұйымдардың сапасынан оларда күйдіру камерасының сыйымдылығы өскендігін, температураны реттеу жүйесі жақсарғанын байқаған. Қазақ-



Құйма керамика

стан территориясындағы түрлі өңірлердің керамикасының өзіндік ерекшеліктері болды. Олар «шеңберсіз илеу» технологиясы басым болған VI–IX ғғ. бұйымдардан байқалады, ал IX–X ғғ. «шеңбермен илеу» басым бола бастаған кезде осы бейнелер жалпылық сипат ала бастайды.

Уақыт өте келе құйылмалы ыдыс тарай бастайды. Құюдың 3 түрі пайдаланылды: жасыл мысты-қорғасынды сақар глазури; мөлдір сақар және көмескі қалайылы-сілтілі. Қорғасын глазури ойлап табу ұсталарға ақ ангобтағы глазурасты өрнектерін кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді. Оның негізгі түстері – қызыл, жасыл, сары, қоңыр, қара.

Барлық кезеңдерде қоғамның экономикалық және мәдени өмірінде ішкі және халықаралық сауда үлкен мәнге ие болды. Осы жағынан алғанда XI–X ғғ. Орта ғасырдың маңызды мәдени-әкімшілік және сауда орталықтарын байланыстыратын Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарады. Маңызды сауда жолдарында қалалардан басқа керуен-сарайлар, құдықтар мен сардобалар (жерастылық су қоймалары) да салынды. Өзендердің үстінен көпірлер жүргізілді.

Қазақстан территориясына шаруашылық түрі, өмір сүру салты, мәдениеті мен тілі жағынан жақын, оларға туыстас тайпалар – түріктер келгеннен кейін бірікті. Дегенмен ескі орналасу мекендері, мәдениет дәстүрлері мен өнері сақталды. Сонымен қатар түркілер мұнда өз элементтерін, мәселен тізілген балбалдары мен қорғандардың жана түрлерін – молалары бар тастан жасалған антропоморфтық мүсіндерді енгізді. Жетісудағы, Шығыс Қазақстан мен Алтайдағы осы кездегі қорғандар өзінің құрылымы мен мазмұны жағынан өте ұқсас болды.

Көптеген зерттеулердің дәлелдеуі бойынша, Қазақстан Республикасы тастан жасалған мүсіндер кең тараған аймақ болып табылады. Әдетте, тасмүсіндер діни құрылымдар жанында шығысқа қараған қоршау бетінің шығыс жағына орнатылған. Оның артқы жағынан шығысқа бағытталған бірқатар тас баған-балбалдар созылып жатыр. Мұндай ежелгі түркілік тасмүсіндер VI–X ғғ. Оңтүстік Орал маңынан бастап, Моңғолияға дейін тараған.

Л.Н. Гумилев парсы тарихшылары мен географтары түркілердің сиқырға, шамандық күштерге сенімі жайлы жазғандығын айтады. Сонымен қатар таза түркілік нанымдары бар көздер Қазақстанда VI–IX ғғ. буддизмнің (Ақбешім, Суяб қалашықтарындағы 2 буддалық храмдардың қазылымдары), манихейліктің және христиандықтың тарағандығы туралы хабар береді. Келтірілген деректер Қазақстан территориясындағы адами қоғамның дамуындағы сабақтастылық жайлы дәлел болады. Ол кең-байтақ аймақты ақырындап игеруге, өзіндік материалдық және рухани мәдениетті құруға көмектеседі.

Сонымен, Қазақстан территориясы Шелль-Ашельдік кезеңнің басынан бастап мекендеу аймағына айналды және «андрондық» деп аталатын анық өзіндік мәдениетін жасаған тайпалар мекендеді деп тұжырымдауға болады. Қола дәуіріндегі қалыптас-



VI–X ғғ. түркілік тастан жасалған мүсін (Балбал)

қан ата-бабалардың діни сенімі ұзақ уақыт сақталатын материалдан – тастан жасалған, баспана кейпіндегі құрылыстарды жасауға алып келеді. Б.д.д. I мыңжылдық басында жана шаруашылық қоғамның негізі – «алғашқы ірі қоғамдық еңбекті бөлуді» біл-

діретін көшпелі малшаруашылығы қалыптаса бастады. Кейінгі Қола дәуірінің аяғында Қазақстан территориясында андроновтықпен салыстырғанда анағұрлым жоғары деңгейімен ерекшеленетін дән-дібайлық-беғазылық ескерткіштермен байланысты материалдық мәдениеттің кейбір өңірлік белгілері қалыптасты. Одан әрі б.д.д. VII–IV ғғ. аймақ мәдениеті баспанаға арналған добалдай қалың қара киіз бен киім тігуге арналған жұқа, жұмсақ ақ киізді де дайындау жолдарын білген сақ-савромат тайпаларының әрекеттерімен байланысты болды. Сібірден Ахеменидтік Иранға дейінгі кең-байтақ аймақты біріктірген Скифтік-сібірлік ашдық үлгі дами түсті. Б.д.д. III ғ. б.д. V ғ. дейінгі кезеңде Қазақстан территориясында үйсіндік (Жетісу, Оңтүстік Қазақстан), қаңлылық (Сырдария) 2 ірі көшпелі бірлестік, сосын V ғ. – Батыс-түркі қағанаты, VIII–X ғғ. қарлұқтардың (оңтүстік пен оңтүстік-шығыста), оғыздар мен қимақтардың мемлекеттері пайда болды.





ЕЖЕЛГІ БАСПАНАЛАРДЫҢ КЕЙПІ

Отырықшы тайпалардың баспаналары

Тарихи-археологиялық негіздерді талдау Қазақстан территориясындағы ең ерте баспананың түрі Орта Қола дәуіріне жататындығын белгілеуге мүмкіндік берді. Осы кезеңдердегі тұрғын үйлер және ауылдардың іздері Орталық, Солтүстік, Батыс және Шығыс Қазақстанда анықталды. Ә.Х. Марғұланның дәлелдеуінше, Қазақстан территориясы, әсіресе, Орталық Қазақстан Қола дәуірінде ең бір халық тығыз қоныстанған ел болған. Ол жерлерде андрондық мәдениеттің Атасу кезеңіндегі патриархалдық отбасыларының баспаналары түрлі қосымша шаруашылық құрылыстары бар үлкен жертөлелер мен малдарға арналған жартылай жертөлелер тік төртбұрыш дерлік бейнеге (13×12 м) ие, оның солтүстік бұрышына дәліз арқылы байланысатын 3 шағын жертөле жалғасады. Төбесін жабуға қолданылған бағандар үйді екіге бөлуге де пайдаланылған: біреуінде адамдар тұрған, екіншісінде мал ұстаған. Андронов дәуірінің аяғына таман баспана көлемі біршама кішірейіп, шұңқырлар жоғала бастады, ол ақырындап қырына қойылған тас плиталармен ішкі және сыртқы беттері қапталған, жатқызылып қойылған тас блоктардан

жасалған қабырғалары бар беткейлік үйлерге айналады. Ішкі жағынан жасалған қаланулар бөренеден күрке тәрізді төбелерге түйісетін ағаш кәсек жасайды. Төбенің жоғары бөлігі тігінен көмілген қадалар қатарымен шектеледі. Барлық құрылыстардың төбелері қамыстармен немесе бұталы шөптермен жабылады. Тас блоктардан салынған қабырғалары биік емес мұндай үйлер қатты желдерден, жаңбыр мен қардан қорғаныш ретінде қызмет етеді (Жамбай-Қарасу, Бұғылы I–II елді мекендері).

Солтүстік және Батыс Қазақстанның Орта Қола дәуірінің ерте алакөлдік кезеңінде Петровка-II, Новоникольск-I (Жаңакөл), Семиозерное (Жетікөл) елді мекендерінің баспаналары табылды. Олар үлкен емес, едендері топыраққа тек 15–20 см ғана тереңдетілген. Шатырларын ұстап тұрған бөренелердің шұқанақтары жақсы сақталған. Қабырғалары қарапайым тоқыма шеген жасайтын бөренелермен тұрғызылған. Алакөл кезеңінің баспаналары ұзын тік бұрышты бейнеге ие. Бөлмелерінің ауданы 140–200 м² көлемінде өзгеріп отырады, екіге бөлінеді, шығатын есіктері, әдетте, бұрышта дәліз тәрізді; олардағы ошақтар саны 1-ден 8-ге дейін болады.


Баспананы салу барысында ошақтардың, шаруашылық шұңқырлардың саны мен орны алдын

ала белгіленеді; белгіленген орындарда металл мен құрал жасауға арналған орындар болады. Жеке бөлмелер қоғамдық жиындар мен діни салт-жоралғылар үшін қызмет етеді. Тұруға арналған бөлмелерді осындай қатал сараланып пайдалану адами ұжым өмірінің отырықшы және барлық жақтардан тұрақты жағдайында ғана мүмкін болады. Солтүстік Қазақстанның орманды-далалы аймақтарында баспана салуға қайыңды пайдаланған. Саз жағылған бөрене қабығы, тоқыма шарбақ, қамыс, қара топырақ қабатымен және күлмен толтырылған қабырға – осылардың барлығы континенттік ауа райының қатал жағдайында бөлмелерді жылыту үшін қызмет етеді. Шатыры тегіс, су ағу үшін сәл еңістеу орналасады. Батыс Қазақстанның орманы жоқ жерлерінде

баспана салу үшін жоспарлау шешімінің ұқсастығы жағдайында тас кеңінен пайдаланылады. Одан ішкі қабырғаларды салды, олармен ошақтарды қоршанды, түрлі шаруашылық қажеттіліктері үшін сөрелер жасады. Баспаналарда сексеуілдермен мықталған қабырғалары бар құдықтар болды. Қарастырылып отырған кезеңде Шығыс Қазақстан жағдайында Ертіс өз. оң жағалауында орналасқан, Қанай ауылы маңындағы елді мекендерде табылған баспана дәлел болатын үйлердің сондай типтері салынды. Құрылыс қабырғаларының негізі ретінде араларына қамыс толтырылған және сазбен сыланған бөренелер қызмет етеді; едені топырақ; еденде тастан жасалған 3 ошақ – 2 ошақ тамақ дайындауға, үшіншісі үйді жылытуға арналған. Негізінен шаруашылық құ-



Атасу қонысы: а – тұрғын үй қабырғаларының қаптамасы



Атасу қонысы: б – жоспары

рылыстарының тұтастай тегіс қабырғалары болады. Бөлмедегі тар дәліз түрінде кіретін есік өзенге қаратылып жасалған. Орталық бөлігі кіретін есіктен аса биік емес қалқамен бөлінеді. Қоршалған бөлігінде бұзау мен қозы қаңқалары табылғандықтан ол шаруашылыққа арналған жас төлдер ұсталған жер болуы

мүмкін. Кейінгі қола дәуірінде одан бұрынғы дәуірлердің баспана түрі одан әрі дами түседі.

Дәндібай-беғазы кезеңінде (б.д.д. X–XIII ғғ.) Орталық Қазақстан баспаналары архитектурасында андронов кезеңінің дәстүрлері сақталғанымен кейбір өзгерістер болған. Баспаналарды жоспарлау анағұр-


лым күрделі болған: жоспардағы тікбұрыш негізгісіне, әдетте шығар есік қарастырылатын (Баянауылдан оңтүстікке таман орналасқан Қызылтау қ. Тәтібайбұлақ елді мекенінің баспанасы) солтүстік пен шығыс жақтан бөлмеге қосымша құрылыс жалғастырыла салынады. Қабырғаларының құрылымы айтарлықтай дамыды: қалыңдығы 1,5–1,7 м сыртқылары араларындағы кеңістік топырақпен және ұсақ шағыл тастармен толтырылған көмілген үлкен тас плиталарды тігінен екі қатар етіп қойылған. Ішкі аралық қабырғалары аса қалың емес, тастардан көтерілген.

Орталық Қазақстанның таулы аудандарында бөренеден салынған жертөлелер мен жартылай жертөлелер құрылысы жалғаса түсті. Жартылай жертөлелер құрылымы жағынан төртбұрышты, сопақша, сегізтәрізді (Шағалалы өз. Тобылда Явленка-I, Бишкөл-V және т.б.) болып бөлінетін Солтүстік, Батыс және Шығыс Қазақстан елді мекендеріндегі негізгі тұрғын үй құрылыстары болып табылады. Анағұрлым кең тарағаны I-түрдегі баспаналар болды. Олар аумағының үлкендігімен, шұңқыр тереңдігінің 0,8–1,5 м-мен, қабырғаларының тіктігімен, баспана еденінің салыстырмалы түрдегі тегістігімен ерекшеленеді. Алайда бұрынғы дәуірден өзгешелігі: баспананың бір бөлігі әдетте екіншісінен терең болады. Мұнда мал ұстайтындығы анық, оны құрылыстың биігірек жартысында ошақтардың топтасуы растайды. Ошақтардың қасында, бөлмені бойлай және кейде ошақтардың шұңқырларымен қосылған, еден топырағынан арықтар қазылып, тастар қаланған, сопақша алаңқайлар кездеседі. Еденде қабырғалардың қаңқасы ретінде қызмет ететін бөренелердің (1 баспанада 200–600) көптеген шұңқырлары болады, бөренелерге шатырлар бекітіледі, олар сөрелерді ұстап тұрады, тақтай төсеніштер жертөлелердің ішкі қабырғаларын салудың негізі болып табылады. Сопақша келген баспаналар 20×12 м көлемінде болады. Тоста-

ған тәрізді еден кірпішке қарай төмендейді. Еденде 3 қуыс анықталды. Олардың біреуі – ошақ ретінде, енді бірі – астық сақтайтын ұра есебінде қызмет етсе, 3-шұңқыр баспананың оңтүстік-шығыс бөлігінде 1,8 м тереңдікте құдық болды. Бөлмеге мал қора немесе малға арналған қаша түйіседі.

Орта Қола дәуірінде пайда болған тұрғын үйлер 2 бөлектенген бөлмелерден тұрады. Бөлмелер жоспарда диаметрі 10 м-ге жуық дөңгелек пішінге ие болады және олар өзара ұзындығы 2 м және ені 1–1,2 м дәлізбен қосылды. Баспананың шығар есігі жартылай жертөленің шығыс бөлігінде орналасқан. Ол ішке енетін салқын ауадан қорғайтын аралық бөлме ретінде қалқасы бар тар дәліз түрінде болады. Жартылай жертөленің батыс бөлігі баспана ретінде қызмет етеді. Мұнда дөңгелек ошақ орналасады, қабырғалардың бірінде диаметрі 1,4 м және тереңдігі 2,7 м құдық болды. Жартылай жертөленің шығыс бөлігі көбіне шаруашылық мақсаттарға арналады, онда астық сақтайтын ұра мен 2 құдық болды. Қазақстанның барлық аймақтарындағы дерлік тұрғын үй құрылысының қолданыстағы дәстүрін көрсететін осы сияқты баспаналар Шығыс Қазақстанның Трушниково, Мало-Красноярска селоларында анықталды.


Кейінгі Қола баспаналарының құрылымының ерекшелігі шаруашылық әрекеттердің күрделенгендігін білдіреді. Жартылай көшпелі малшаруашылығына өтуге байланысты тайпалардың көп қозғалуы жербетілік типтегі жеңіл сопақша баспаналардың пайда болуына алып келді. Сонымен қатар аумағы 300–400 м² болатын тереңдетілген шұқанақтары бар үлкен жартылай жертөлелер кең тарайды. Хундарда киіз үйлермен қатар қысқы баспаналар да болды. Иволга қалашығына (Улан-Удден оңтүстік-батысқа қарай 12 км жерде Селенгі өз. сол жағалауында) жасалған қазба жұмыстары хундардың



VI – VIII ғ. бірінші жартысындағы үйлердің түрі. Көк-Мардан

жылы баспаналарының топырақ едені жартылай жертөле болғандығын көрсетеді. Ішіне саз толтырылған қабырғалары шабылған сабан аралас сазбен сыланған. Шатыры аққайың қабығы мен шыммен жабылған белағаштардан тұрады. Хундардың баспаналарында жылыту жүйесі болды: қабырғаларда көлденең жалғасатын ошақтардың түтін жолдары үйлерді жылытады. Түтін жолдарының астыңғы жағында жатын орындар не сәкілер орналасқан. Осы сияқты баспаналар келесі дәуірлерде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағында анағұрлым кең тарады. Ақтас (Кеген өзенінде) мекенінде 4–5 тұрғын үй шаруашылық кешендерінен тұратын және көшпелі мал-

шаруашылығының қыстақтары ретінде қызмет ететін Кеген мен Шу өзендерінің Жетісу алқаптарындағы үйсіндердің (б.д.д. III ғ. – б.д. V ғ.) отырықшылық өмірі зерттеледі. Құрылыстар кешені 5 тас тұрғын бөлмелер мен бірнеше шаруашылықтық жапсарласа салынған қора-қопсылардан тұрады. Олардың ішіндегі орталығы «шаршы бөлме» болды, оған тар ұзын дәліз арқылы ауданы 126 м² болатын «үлкен үй» түйісе салынған. Шаршы бөлмеде тас плиталардан жасалған ошақтар болған. Сонымен, әр тұрғын үй кәдімгі бөлмеден, ұсақ қосалқы жапсарласа салынған қора-қопсылар мен мал қамайтын қостардан тұрған. Барлық бөлмелер бір-біріне жалғаса салынған. Олар-



Көк-Мардан. Ғибадатхана

дың едендері сазбен сыланған. Тұрғын бөлмелердегі еденде үйді жылыту, жарық беру және тамақ әзірлеу үшін қызмет ететін тастан жасалған шаршы пішіндегі ашық ошақтар бар. Қыс кезінде отбасы өмірі ошақ айналасына шоғырланады. Осы жерде тамақ салынған саздан жасалған ыдыстар, ұн жасайтын диірмендер тұрған. Қысқы баспаналар соқ кірпіштер мен сазбалшық жағылған өрім қабырғалардан салынған.

Қаңлылық мәдениетке жататын Қаратау баурайындағы Ақтөбе елді мекені өзінше ерекше. Ол өзімен шығыс жағында шығар есігі бар, оңтүстік қабырғасына сазбалшық пен қам кесектерден өріліп көтерілген биік саз толтырылған қабырғамен қоршалған 9 тұрғын және қосалқы бөлмелері бар мықты елді мекендермен танытады. Бөлмелерде тегіс шатырлар болды, жазық жабындармен өзара байланысты және еденге орналасқан ашық ошақтармен жылытылды, ал түтіні шатырдағы жарық түсетін люктер арқылы сыртқа шығады. Қабырғалары сыланған бөлмелердің ішінде қойма мен астық ұралары орын алды. Елді мекеннің солтүстік жағында түрлі шаруашылық жұмыстарға арналған ашық қора болған.

Е.А. Агеева мен Г.И. Пацевичтің мәліметтері бойынша, б.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында ерте ортағасырлық Оңтүстік Қазақстанның отырықшы елдің негізгі бөлігі елді мекендерінде мекендеуді жалғастыра түсті. Осы кезеңге Талас алқабындағы Жалпақтөбе, Жуалы (Луговой) қ. жақын жердегі ауылдық елді мекен, сонымен қатар Алматыға жақын жердегі Көтенсай өз. және басқаларындағы елді мекендер мысал бола алады. Оларды талдау баспаналардың анағұрлым дамығандығымен және түбегейлі саралануымен анықтауға мүмкіндік береді. Тұрғын бөлмелер ретінде тікбұрыштылармен қатар ашық қоралармен біріккен қойма, асүй мен тандыры бар бөлмелер пайда болды. Қабырғалары қам кірпіштерден немесе пақшалық және тікбұрышты кірпіштер-

ден аралас өріліп көтерілген. Қабырғаларда суфалар орналасқан. Бөліп тұратын қабырғалар шағын бөлмелерде – тегіс, үлкендерінде қамыстан жасалған екі құламалы қадаға тіреледі.

Сонымен, Қазақстан территориясындағы баспаналардың анағұрлым ерте түрлері орта Қола дәуірінен белгілі. Ол – патриархалды отбасының үлкен құрылымы. Андронов кезеңінің аяғына таман ол ауданы жағынан кішірейе бастады: тұрғын үйлердің қатарында діни салт-саналарға жиналу мен шаруашылық мақсаттарға арналған бөлмелер де болды. Дәндібай-Беғазы кезеңінде олардың жоспарлауы күрделене түсті. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жаңа дәуір шегіндегі әлдеқайда дамыған құрамымен тараған «Канамия» бар баспананың хундық түрі енді.

Ертедегі көшпенділердің баспаналары

Бүгінгі күнге дейін Қазақстандағы отырықшы шаруашылық баспаналарының қатарында көшпелі өмір сүру жағдайына бейімделген баспана түрлері кеңінен тараған. Осыған байланысты ерте кезеңдегі көшпенділердің баспана түрлері туралы және көшпелі баспананың анағұрлым жетілген түрі ретіндегі киіз үйдің пайда болу уақыты мен мекені туралы мәселелер тұрды. Археологтар мен этнографтардың талдау жұмыстары (С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, С.Вайнштейн) еуропалық және азиялық далалық тайпалардың шаруашылық әрекеттерінің жаңа түріне – қарқынды мал шаруашылығына өтуіне байланысты б.д.д. I мыңжылдықтың басының өзінде Қазақстан территориясындағы сақ тайпаларымен байланысты оңтайлы баспаналардың бірнеше түрінің дайындалғандығын көрсетті. Олардың әлдеқайда ертеректегі түрлерінің бірі қарапайым конус тәрізді күрке (қазақ күркесі, сібір күркесі) болды – тұзу уықтардан төмен-

гі жағы жерге дөңгелене орналастырылып, жоғары жағы байланатын бір камералық құрылыс түрі. Бұл құрылыс шөптермен, қамыстармен кейінірек киізбен жабылған. Бұл туралы Геродот: «скифтердің баспаналары – киіз үй» деп тұжырымдай жазады. Скифтердің діни монша құрылымының сипаты бойынша осы киіз үйлердің жасалу құрылымы жайлы пікір айтуға болады: «...жоғары жағы бір-біріне иілген үш уықты орналастырады, сосын оларды жүннен жасалған киізбен қаптайды; сосын киізді мүмкіндігінше тартып кереді. Сонымен, Л.Г. Нечаеваның әділ белгілегеніндей, скифтерге Геродот заманынан бері қарапайым конус тәрізді киіз үй, яғни күрке белгілі болды. Дегенмен, сырттай қарағанда, баспананың бұл түрі халықтың әлдеқайда кедей бөлігіне тиесілі


үйлер болған сияқты, ал киіз үйлер арнайы табиғи жарықтандыру қажет етілмеген кезде ғана құрылған. Конус тәрізділерімен қатар тұрмыстық талаптар тудырған күркенің өзге түрлері пайда болғанын, яғни Н.Харузин есептегендей, төменде тік цилиндрлі кереге жасаған уықтардың жоғарғы ұштарын бұзуға (XVIII ғ. П.Паллас сипаттаған күркеге ұқсас «Чулымдық түркілер»), сосын В.Радлов сипаттағандай, алтайлықтардың күркелеріне ұқсас керегеге уықтарды байлауға өтуінің жасалатынын айта кету керек. Орта және кейінгі қола дәуірінің тұрақты баспаналары мен көшпенділер баспаналарының қазіргі түрлерінің арасындағы жалғастылық байланыстың барын көрсете кеткен жөн. Жоғарыда көрсетілгендей, Солтүстік және Шығыс Қазақстанда қаңқалы



Алтай күркелері (конус тәрізді киіз үй)

құрылыс тұрғын үйлер мен шаруашылық бөлмелерінің негізі болды. Құрылыс саласында ағаш кеңінен қолданылды. Шатырдың тіреуіші баспананың орталық бөлігінен конус түрінде көтерілетін және бөренеден жасалған тікбұрышты кәсектерден тұратын пирамидалы-сағылы жабындарға бекітілген қадалар болды. Бұған Қарағанды облысы Қаратұмсық қыратының етегіндегі Бұғылы елді мекені, сонымен қатар Суықбұлақ өзені алқабының жағалауынан 40–50 км жердегі Қарқаралыдан оңтүстікке қарай 2–2,5 км жердегі Суықбұлақ елді мекені мысал болады.

Төбесі сфера тәрізді ағаш құрылысты осы сияқты үйлер тек Қазақстанда ғана емес, Орта Азия мен Ресейдің оңтүстігінде де табылған. Киіз үйдің анағұрлым жақын бейнесі Бұғылы шатқалы (Орталық Қазақстан) мен Шағалалы өзеніндегі (Солтүстік Қазақстан) кейінгі андроновтық беткейлік баспаналар болып табылады. Осы сияқты шатыры сфера сияқты жабылған ежелгі құрылыстар киіз үйді еске салады. Осы жерде анықтап алу қажет: жеткіліксіз зерттелгендігіне байланысты күркеден бастап, оңтайлы бас-



Баспананы қалпына келтіру:
а – Суықбұлаққа қоныстану; б – Бұғылы-II.

пананың барлық түрлері көпбұрышты ағаш үйлер, яғни нағыз киіз үйдің әсеріндегі көлемді кескіндеме қалыптасқан тұрақты үйдің түрі «киіз үй» деген жалпы атауға бірігеді. Сонымен, бәрінен бұрын киіз үйдің архитектуралық-құрылыстық кескіндемелерінде әдет-ғұрыпты анықтау үшін оның негізгі сипаттық ерекшелігін белгілеу қажет. А.А. Попов сібір халықтарының баспаналарын топтастыра келіп, торлы жиналмалы қабырға қаңқасы бар, құрылымы жағынан нағыз өзіндік цилиндр пішіндегі күрке ретінде киіз үйді әділ қарастырады: «Атаулары әртүрлі болмау үшін киіз үйлер қатарына цилиндрлік жинамалы керегесі бар үйлерді кіргізген жөн». Бұл – тек қазақтың ғана емес, сонымен қатар кез келген түркілік киіз үйге тән анағұрлым ерекшелік. Күрке көлемінің аздығы, табиғи жарық пен түндіктің қиындығы олардың тұрғындарын қанағаттандыра алмағаны сөзсіз. Сондықтан осы кезеңде басқа көшпелі баспананың анағұрлым жетілген түрі жасалды.

Ертедегі көшпенділердің баспаналарының жалпы түрін қалпына келтіру үшін зерттеушілер – М.Ростовцев, А.М. Хазанов, Л.Г. Нечаева, Б.Н. Граков, П.Н. Шульц, С.И. Вайнштейн, Ә.Х. Марғұлан бірқатар зерттеушілердің пікірлері бойынша бастапқы пішіні күрке (күрке, чум) болып табылатын, пирамидалық-қиылған түрді танытатын кертг қорымдарының бірі – Анфистерия қорымындағы (б.д.д. I ғ.) көшпенділер үйінің бейнесін қарастырады. Қорымдағы осы бейнеленген үйдің қаңқасын, яғни құрылымдық тұлғасын және сыртқы түрін қалпына келтіруіне С.И. Вайнштейн жасады. Дегенмен басқа авторлар сияқты, онымен де толық келісуге болмайды. Скифтік-сарматтық пирамидалық-қиылған күркенің кескіні көшпенділер баспанасының тарихындағы төтенше маңызды қадам болды. Мұнда біріншіден, бөлме ішін жарықтандыру мәселесі шешілді, екіншіден, жоғарыдағы түндік бір мезгілде түтінді жою және желдету



қызметін атқарғандықтан тамақ дайындау мүмкіндігі пайда болды, үшіншіден, күрке ішінің көлемі сатылы құрылысының арқасында анағұрлым үлкен және функционалдығы жағынан ыңғайлы болды. Л.Г. Нечаеваның пікірі бойынша, осы секілді үйлердің қабырғалары нығыз частокол түрінде жасалады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, С.И. Вайнштейн «жоғарыда көрсетілген суреттің иіні (яғни, Анфистерия қорымынан – Б.Г.) соншалық көлемді құрылымды арбаларда тасымалдау қиын болар еді... қарастырылып отырған күркенің киізбен жабылған, көлденең ағаштардан үш шаршылап байланған қабырғадан тұратын, төрт конус тәрізді орналасқан бақандардан жасалған керегесі болған деп топшылауға болады... деген пікірге қарсы болады.

Еуразияның, сонымен қатар Қазақстанның жылдың көп күндерінде қолайсыз салқын шаңды желдер соғатын далалық жағдайындағы және Орталық Қазақстан жағдайындағы қоршаған құрылымдарға желдің әсері айтарлықтай болатын желді ауыртпалықтың әсерінде осындай құрылымдардың қалай тұратынын көзге елестету қиын емес. Осы жағынан алғанда бұл жөндеу сын көтермейді, сондықтан


Л.Г. Нечаеваның ұсынысы назар аударуға тұрарлық, өйткені ағаштарды жиі көму арқылы жасалған қабырға желге төтеп береді және жылу ұстап тұратын материал ретінде киізбен сенімді қорғалады, сонымен қатар киіз үйдің тор керегелер құрылысының нақты «жиі қада» идеясын құруы да маңызды, яғни скифтік баспаналардың қабырғалары жиі қадалар түрінде, киіз үй керегесінің прототипі ретінде қызмет еткен.

Гиппократ скиф-көшпенділер жайлы былай жазады: «Олар – төрт дөңгелекті, ал басқалары алты дөңгелекті арбаларда орнатылған киіз үйлерде өмір




Еуропалық көшпенділердің тұрғын үйлері:
1 – Скиф-сармат арбасының балшық үлгісі; 2 – Анфистерия қорымынан алынған суреттің фрагменті

суретіндіктен көшпенділер деп аталады; олар киізбен екі, үш қабаттап айналдыра жабылады және үйге ұқсатып жасалады, оларға су да (жаңбыр), жел де өтпейді. Осы арбаларды екі не үш мүйізі жоқ өгіздерге жегеді, ал ер кісілер атқа мінеді; олар отар-отар қойларына, табын-табын сиырлары мен жылқыларын қарайды». Осыдан қарастырып отырған баспана түрлерінің айтарлықтай үлкен екендігін, «жиіқада-қабырға» идеясының пайдасының барын тағы да айта кеткен жөн.



Киіз үйдің генезисі жайлы мәселеде Б.Х. Кармышев «қарлұқ киіз үйі» деп атаған скиф кезеңінің Қызылған мәдениеті қорғанының бірінен С.И. Вайнштейн анықтаған Тувадағы жартылай сфералық киіз үй суретінің маңызы зор. Күрке құрылысы жағынан «құрылымның тірегі бола алатын және ошақ үстіндегі қазанды ілуге қызмет атқаратын» «баспананың ортасында конус тәрізді бекітілген уықтарды айқастыра төбеге орнатқан доға түрінде иілген уықтардан» тұрады. Бұл жерде қызметтік және құрылымдық жағынан анағұрлым үнемді болғандай, алғашқы шаршы, тіктөртбұрыштан дөңгелек жартылай сфералық пішінге өтуінің жүзеге асуы төтенше маңызды болды, құрылымдық элементтердің түрлі көлемдерінің саны ең азға, яғни екіге теңеледі. Осы жартылай сфералық күркенің көлемдік-кеңістіктік кескіндемесі түркілік, соның ішінде қазақ киіз үйінің қалыптасуында маңызды кезең болып табылады. Б.д.д. I мыңжылдықтың аяғында далалық жағдайларға, әсіресе, арбамен тасуға анағұрлым икемді иілгіш тал шыбығынан тоқылған цилиндрлі керегесі бар, жиналмайтын дулыға тәрізді тағы бір күрке жасалды. С.И. Вайнштейн ол баспананы хундық түрдегі күрке деп атады және II ғ. хундардың арасында өмір сүрген, өз өлеңінде «күмбезтекті



(дұрысы дулыға тәрізді – Б.Г.) күркеде (цюнлу) өмір сүрді» деп жазған қытайлық ақынды – Цай-Вэнь-Цзуды куә етті. Көшпенділердің осы сияқты баспанасының құрылысы үшін Минусийлік шұңқырдағы кіші Боярский суреттемедегі петроглифтердің арасында сақталған бірегей суреттің ерекше мәні бар. Онда сол кезеңдегі кесілген ағаш деп аталатын тұрақты баспананың жалпы көрінісін көруге болатын отырықшы елдің қосалқы құрылыстары бар бүкіл қыстағы суреттелген. Қыстақ бейнесі тегіс жеңіл және түтін шығу мен жарық беруге арналған төмен, бірақ енді саңылауы бар күмбезбен жабылған сәл еңіс конус тәрізді керегелі киіз үй бейнелі баспанмен аяқталады.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАН СӘУЛЕТШІЛІГІ (X–XVIII ғғ.)



АРХИТЕКТУРА ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ

X ғасырдың ортасынан бастап феодалдық қарым-қатынастың күшеюімен, өнеркәсіптік күштер дамуындағы өрлеуімен, мемлекеттік құрылыстардың пайда болуымен, этникалық бірігу процестердің күшеюімен, шаруашылықтың отырықшы-егіншілік тәсілдерінің өсуімен, Орта Азия, Алдыңғы шығыс пен шығыс Еуропа халықтарымен шаруашылық және мәдени қарым-қатынастардың кеңеюімен байланысты Қазақстанның мәдени-тарихи дамуында жаңа кезең белгіленді. Оның басын халықтар мәдениетінің өрлеуі мен Жетісу және Шығыс Түркістан (Қашқар) аймағында оның алдындағы мемлекеттік қалыптасуларының көптеген әлеуметтік институттарын өз бойына сіңірген дамыған феодалдық құрылымы бар Қарахандықтар мемлекеті айқындайды¹.

Қарахандықтар кезіндегі Қазақстан халқының басты әрекеті көшпенді және жартылай көшпенді

¹ Қарахан мемлекеті X ғасырдың ортасында қалыптасқан, ал XII ғасырдың басында өз билігінен айырылған. «Қарахандықтар династиясының дүниеге келуі мен билікке келгені туралы тарихшылар арасында әртүрлі пікір бар, бірақ көбісі оларды ұйғырлар қатарынан шыққан дейді. Шығыс жақта Шығыс Түркістан, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан жерлері Амударияға дейін кіретін осы үлкен аймақтағы мемлекет халқының этникалық құрамы әртүрлі, бірақ ұйғырлар, қарлұқтар, яғмалар, шығылылар негізгі болып табылады» / Қазақтың көне тарихы, Алматы, 1993, 143-б.

мал шаруашылығы болды. Сонымен қатар Қазақстанның оңтүстігінде, Сырдария, Арыс, Бадам өзендерінің алқаптарында, ал Жетісу, Іле алқаптарында аздаған көлемде егін шаруашылығы дами бастады. Орталық Қазақстанда егіншілікпен өзен алқаптарында ғана емес, тау етегінде де айналысқан емес. IX–XII ғасырларда суармалы егістіктің ірі орталығы Отырар жерұйығы болды.

Өнер саласында X–XII ғасырларда ыдыс пішімі, ою-өрнектің элементтері, бейнелеудің түрлі түсті гаммасында Мауераннахр мен Хорезмнің қышыдыстарымен үлкен ұқсастығы бар құймалы көзейшілік пайда болып, одан әрі қарай кең таралған. Осы жағдай Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың Орта Азия қалаларымен сауда және мәдени байланыстар жайлы дәлел болады. Сонымен қатар ою, құймалық әдісте де өз ерекшеліктері бар.

Көшпенді және отырықшы халықтың идеологиясында ежелгі түркілердің діни көзқарастары айтарлықтай орын алды. Ислам діні² одан әрі қарай дами бастады. Мұсылман дінінің көшпенді аристократиялық ортасына тереңдей енуінің арқасында

² Династияның негізін салушысы Сатық Бограханның қайтыс болуынан кейін билік 960 жылы исламды мемлекет діні ретінде қабылдаған оның ұлы Мұсаға өтті / Қазақтың көне тарихы, 144-б.

ежелгі түркілік руналық жазбаларды шеттетіп, араб графикасы негізінде жаңа түркілік жазба түрінің қалыптасуына алып келді.

1010 ж. Қиданда (қаракытайлар) Жетісуға шабуыл жасады. XII ғ. бірінші жартысында Қарахан мемлекеті тарихи сахнадан мүлдем жойылды. XII ғ. аяғы – XIII ғ. басына таман қидандардың билігі тек Хорезмде ғана емес, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлерінде де өз күшінен айырылды. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандармен салыстырғанда, Орталық, Батыс, Шығыс және Солтүстік аймақтармен қатар, бәрінен бұрын қыпшақтық бірлестіктің тайпаларымен байланысты өзіндік мәдениет қалыптасты. Осы конфедерация халқы көшпенді және жартылай көшпенді малшаруашылығымен айналысуды жалғастырып жатқан шығыста Ертістен батыс жақта Еділге дейінгі кең аймақта кезінде болған мемлекеттік және этносаяси бірлестіктердің табиғи мұрагері болды.

Қыпшақ көштері ғасырлар бойы қалыптасқан белгілі бағыттар бойынша орналасқан: «қыс, жаз, күз, көктем кезінде кей жерде өз малын бағуы тиіс». Зерттеушілердің айтуы бойынша, көшу радиусы соншалық байтақ болған. Сондай-ақ, Батыс Қазақстанда тұратын қыпшақтар жайлауын Оралдың оңтүстік тау етегіне ауыстырып, қыстаққа Арал теңізі, Сырдария жағалауы аймақтары айналған. «1219–1224 жылдары моңғол шапқыншылығының нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шығыс хан империясының құрамына кіреді. Орасан зор аймақ экономикасы құлдырай бастады».

Күйік ханға аттанған IV Иннокентий папаның елшісі Плато Карпини 1245–1247 жылдары Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан жерлерінен өткен кезде ол және оның серіктері Сырдария аймағында көп қираған қалалар, жойылған қамалдар мен бос қалған ауылдарды тапқаны туралы баяндаған.

Іле Алатауы етегінде орналасқан қазіргі Алматының орнында Іле өз. бассейніндегі айтарлықтай қала болып Алматы (Алматы) қ. орналасқан. В.В. Бартольдтың болжамы бойынша, Алматы жайлы өзге атаулармен Бабырға дейін жазған жаһангерлер мен тарихшылар айтып кеткен. Мұхаммед Хайдар Алматыды «ең танымалы орындар» қатарына қосқан. Ол бұрынғы Алматы қаласының орнында Бабыр айтқан қираған елді мекендер жайлы айтқан еді. Шараф ад-дин Әли Йазди Алматыны қала деп атамайды. Осы автор басқа да тимуридтік тарихшылар секілді, XIV ғасырдың аяғында Жетісуда болған жағдайлар туралы айта отырып, Шағатайлықтардың бұрынғы астаналық орталығы – Алмалық туралы да ешбір мәлімет қалдырмаған. XIV ғасырдың ортасына таман Алмалық өз мәнін жоғалтқан еді.

Уақыт өте келе моңғол шапқыншылығының зардабы бірте-бірте жойыла бастады. XIV ғасырда Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қала мәдениеті, егін шаруашылығы, қолөнер өнеркәсібі қайтадан қуат ала бастады. Қазақстан орталығы және Жетісу далалық аймақтары мен Қазақстанның оңтүстігі және Орта Азия жерұйықтары арасындағы сауда байланыстары қайтадан қалпына келе бастады. XIV ғасырда солтүстік-шығыс, орталық және оңтүстік Қазақстан аймақтарында Алтын Орда құрамынан алаңсыз Ақ Орда Шығып, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғыз аймақтарында Моғолстан пайда болды. Бұл жағдай Қазақстан тарихында өте маңызды жағдайға айналды. Бірте-бірте Қазақстан аймағында шаруашылық қайта өрлеу процесі ақырын басталды. Шығыстық Дешт-и-Қыпшақ, Жетісу және басқа аудандарда халықтар шаруашылықтың басты саласы болған малшаруашылығында көзге көрінетін өзгерістері пайда болды.

XII ғасырдың екінші жартысы – XIV ғасырдың басында Орта Азиядан Жетісу арқылы Алтай мен

Моңғол еліне баратын көптеген ұлыстардың орталықтарына қызмет көрсеткен сауда жолы маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар Еуропа және Византия елдерінен Қырым арқылы, одан әрі Танаға (Донның төменгі жағалауы), Еділдегі Сарайға, Сарайшыққа, Амудариядағы Үргенішке, ежелгі Жібек жолына бағыт алған жерде Қызылқұм арқылы Отырар мен Сайрамға қарай сауда жолы да бастапқы далалық мәнге ие болды. Сонымен қатар сауда керуендері Қаратау-Созақтың солтүстік баурайында орналасқан қалалар арқылы өтетін жол бойы Құмкент, Саудакент, әрі қарай Талас жағалаулары бойынша Кіншатаға дейін, содан соң Іленің арғы жағындағы Алатау сілемдері бойынша Іле алқабына қарай жүрген.

Батыс Қазақстанның тарихы мен мәдениеті үшін Ноғай Ордасының қалыптасуы үлкен маңызға ие болды. Зерттеушілердің бір ауыздан шыққан пікірлері бойынша, қазақ халқының қалыптасуы осы зерттеліп отырған кезеңде болғандығын айта кету керек. Осы жағдайда қола, ертедегі темір дәуірлері, бұдан кейінгі кезеңдегі тайпалары кең аймақта бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғаны барлығымызға аян. Қазақ халқының құрамына кірген басым этникалық топтар қатарында қоңыраттар, үйсіндер, қыпшақтар, наймандар, арғындар, керейттер, қаңлылар және т.б. болған. Көптеген этносаяси және шаруашылық факторлардың әсеріне байланысты Қазақстан аймағында үш негізгі этноаймақтық бірлестіктер – Ұлы, Орта және Кіші жүздер дүниеге келген. XV ғасырдың 20-жылдарының аяғында Шығыс Дешті Қыпшақта «біршама құлдыраған феодалдық шаруашылықтарды біріктірген көшпенді өзбектер мемлекеті пайда болған. Оны басқарған жошылық Шайбанның ұрпағы, Дәулет Шейх-Оғланның ұлы – Әбілхайыр. Бірақ жошылықтардың көбісі, олардың ішінде Орыс-Ханның шөбересі Жәнібек пен Керей Әбілқайырға бағынғысы келмеді». Олар Әбілқайырдың

1456–1457 жылдары ойраттардан жеңілгеннен кейін өз ұлысымен Моғолстанға көшіп кеткен. Мұхаммед Хайдардың айтуынша, олар хызырдың 870 жылы (1465–1466 жж.) Жәнібек басқарған алғашқы қазақ хандығын құрған. Осы жағдайдың қазақ хандығын күшейтуге өте үлкен маңызы бар.

Қазақстан территориясында болған бұрынғы мемлекеттік қалыптасулардан қазақ хандығының айырмашылығы, әсіресе, XIV ғасырдың басынан бастап кең және мықты этникалық базасы болды. Оның құрамына бірте-бірте қазақ халқын құрайтын барлық этникалық топтар мен олар тұрған барлық аймақтар енді. XV–XVII ғасырларда хандық күшейіп, орыс мемлекетімен, оның ішінде Мәскеудің Ұлы князі III Василиймен, Ресей мен Қазақстанның шекараларының жақындауына байланысты іскерлік қарым-қатынастар дами бастаған.

Осы кездері қазақтар арасында ұсталық, темір аспаптық, зергерлік, тері, тігін және басқа өнеркәсіптер жоғары деңгейге жеткен. Ағаш ою, оюы бар мыс құмыралар мен тегіс металл ыдыстар, әдемі сүйектен қобдиша, шақша жасайтын, арқар, бұғы, тауешкі мүйіздерінен әшекейлеп әдемі бұйымдар жасайтын шеберлердің өнері үлкен құрметке ие болды. Салмағы жеңіл ер-тоқымдарға қызығушылық арта түсті. Қолөнер шеберлері сонымен қатар сауыт-саймандар, садақ, қорамса, қалқан және өзге де қаруларды жасаған. Қазақтардың арасында кілем тоқу да кең тараған. Кілемдер бірнеше түрге бөлінген. Түкті және қоңыр түсті кілемдер жоғары сапасымен және көркемділігімен ерекшеленген. Сонымен қатар ақ пен қызыл түсті және тақыр кілемдерді де тоқыған. Киіз үйлердің уық-керегелері орманды және орманды-далалық жерлерде жасалып, шөлейтті және далалық жерлерде сатылған, малға айырбасталған. Өзара саудада ауылшаруашылық құралдары, ер-тоқымдар, қару-жарақтар мен сауыт-

саймандар сияқты қолөнер бұйымдары болды. Киіздерді, шапандарды, қымбат замшы халаттарды, кілемдерді көбіне Бұқараға, Хиуаға, Үргенішке, кейде Ресейге сатуға алып барған.

Сондай-ақ, XV–XVII ғасырларда қазақ халқының бірігуімен және елдің этникалық аймағының анықталуымен қатар оның өзіндік мәдениетінің қалыптасу процесі күшейді.





ТҮРҒЫН ҮЙ АРХИТЕКТУРАСЫ


Көшпенділердің баспаналары

Ежелгі түркілердің киіз үйінің архитектурасы ғасырлар бойы қазіргі заманымызға дейін салыстырмалы түрдегі болмашы өзгерістерге ұшырап, жалпы көшпенділер өміріне ыңғайлы екенін көрсетті. X ғасырдан бері киіз үй архитектурасының дамуы оның сыйымдылығын, яғни көлемі мен биіктігін үлкейтуіне байланысты. Ал ол үшін даланың қатты желіне төзімділігін білдіретін үй құрылымын күшейту, жарық пен түтін шығу мәселелерін, сонымен қатар, оның архитектуралық-көркемдік бейнесі, ал кейін моңғол көшпенділері мен оларға бағынышты халықтар арасында одан әрі дамыған. Парсы миниатюрасындағы (1315 ж.) төбесі үшкір күмбез түріндегі ежелгі түркілік киіз бейнесі XI–XIII ғасырлардың басында тек Қазақстанның түркілік тайпаларының арасында ғана емес, моңғолдық хандардың да арасында негізгі көшпенділер үйлері болғандығын көрсетеді. Бұл көрсетілген түр – биік киіз үйге жатады (2 қатарлы керегесі болуы мүмкін); керегенің бір бөлігі әшекей матамен немесе шимен жабылған, ал төбесі әсем безендірілген киізбен қапталған. Сонымен қатар, сол кезде пайда болған төбесі үшкір шағын

көлемді (50–60 см) шаңырақ одан сайын ханның киіз үйін биіктете көрсеткен.

Деректер бойынша XIII ғасырда көшпенділер арасында керегелі киіз үйлермен қатар хан сарайлары, арбаларға орнатылған жығылмайтын үйлер, чум және күркелер болған.

Қытайлық суреттер мен парсы миниатюраларындағы киіз үйлер бейнесі – оның архитектуралық-кеңістік түрінің өзгерістері мен XIII ғасырдың екінші жартысынан берідегі жоғары лауазымды моңғолдар мен түркілердің үйлерінің архитектурасы туралы көзқарасымызды білдіреді. Мысалы, Мин заманындағы (XIV–XVII ғғ.) қолжазбада белгісіз суретші өз кезіндегі көшпенділердің тұрмысын дәл салған. Оның ішінде үшкір төбелі шаңырағы бар киіз үймен қатар төбесінде домалақ күмбезі – шаңырағы – торлы цилиндрлі кереге қабырғасынан тұратын үш қабатты киіз үй бейнеленген. Бұл түр «кейінгі моңғол түрі» деп аталып кеткен. Үйдің төбесіндегі жарық түсіріп, түтін шығаруға арналған шеңберінің диаметрін үлкейтудің арқасында қысқа уықтарға қарамастан, киіз үйдің көлемін кеңейту мүмкіндігі пайда болды, ал шаңырақтың жартылай-сфералық түрі үйді одан әрі биіктетіп, оған керемет бейне алып



Моңғол ақсүйектерінің киіз үйлері


келді. Киіз үйдің бұл түрінің хан шатырына ұқсауына шаңырақтағы «терезе» себеп болды. Сол «терезеден» жарық түсіп, түтін шығатын. Бұл киіз үйдің хан шатырлық түрі тек қана көшпенділер арасындағы басқарушылардың киіз үйлері негізінде пайда болғаны барлығымызға мәлім. Оның ішінде ежелгі түркілердің киіз үйлерінің негізгі құрылымдары бар: шаңырақты жасау, уықтарды ию, шидің түрі мен әшекейлері, жалпы түрінің марапаттылығы т.б. XIV–XVI ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияның түркілері арасында киіз үйдің хан шатырлық түрінің кең қолданылғаны туралы тақта отырған ұлы Темірді 1467 ж. бейнелеген парсы суреті куә болады. Бұл сурет жоғарыда аталып кеткендей, киіз үйді бейнелеген қытайлық суретті толық қайталаған. XVI ғасырда киіз үйдің бұл түрі Орталық Азиядағы қатты желдің әсеріне бұрынғыдан гөрі төзімді киіз үйлер

жасау қажетті болғанына байланысты кейбір өзгерістерге ұшырады.

XVI–XVII ғасырларда 2 шаңырақты киіз үйлердің орнына ғылымдар арасында «түркілік» және «моңғолдық» түрі деген атау алған көшпенділердің үйлері пайда болды. Олардың ерекшелігі – қысымға тиімділеу және көшуге ыңғайлы жалпақтау шаңырақ, сонымен қатар қатты жел кезінде киіз үйдің пішіміне аэродинамикалық сапа беруінде.

Түркілік киіз үйдің пайда болуы ең алдымен алғашқы дәуірдегі халықтардың шаруашылығы пен көркем мәдениетінің мұрагері болған қазақ халқының ортасына жатады.


Сонымен қатар көшпенділер арасында жиі кездесетін арба үстіндегі үй түрінің дамуындағы сабақтастығын айта кету керек. Олар туралы ең дұрыс мәліметтер мен толық сипаттаманы Рубруктан табуға



Көне түркі үлгісіндегі киіз үйлер

болады. Ол: «Олар тұратын үйлерін бұтақтардан жасалған доңғалаққа орналастырады, бөрене ретінде жоғарыға қаратылып шағын шеңбер түрінде жиналатын бұтақтар қызмет етеді, сол төбеден пеш мұржасына ұқсас мойындық жоғарыға қарап тұрады; оны ақ киізбен жабады, жарқырап тұру үшін киізді әктейді, ақ балшықпен және сүйектің ұнтағымен жағады, кейбір кезде қара киізбен жабады. Осы киізді олар әсем және әртүрлі суретпен безендіреді. Кіреберісіне олар түрлі түсті маталармен әшекейленген киізді іледі. Түрлі түсті киіздерден олар жүзім бұтақтарын, ағаш, құс және аңдар бейнесін салады» деген. Рубруктің мәлімдемесінен үстінде негізі 30 фут (яғни 9 м) үйі бар арбаның көлемін білуге болады. Ол үйді көшіру үшін арбаға 33 жұп өгіздерді жеккен. Әртүрлі шаруашы-

лық заттарды көшіруге арналған, қара киізбен жабылып арбаларға орнатылған төртбұрышты үйлер, яғни зерттеушілердің алғашқы айтқан түрі туралы Рубруктің өзге де мәлімдемелері үлкен қызығушылық тудырады. Дешті-Қыпшақта арбаға орнатылған үйлер туралы XIV ғ. бірінші жартысында осы өлкеде болған араб саяхатшысы ибн-Баттут былай деп хабарлайды: «Дешті-Қыпшақтардың арбаларында үлкен төрт дөңгелегі бар;.. арбалардың үстіне жұқа теріден қиылған баулар арқылы өзара байланысқан әртүрлі ағаштардан жасалған үйлер орнатылған. Үйлердің үстіне киіз немесе өзге мата жабылады. Арбалардың терезелері бар... Осы арбаларда жақсылап жайғасуға болады: отыруға, ұйықтауға, тамақтануға, ішіп-жеуге, оқуға және жазуға болады – қозғалыс еш нәрсеге



Арбаларға тұрғызған тұрғын жайлар мен ғибадат құрылыстар

кедергі жасамайды». Ибн-Рузбехан қазақтардың XVI ғасырда арба үстіндегі үйлерінің құрылымын дәлірек сипаттап айтқан: «Олардың (қазақтардың) ағаштан жасалған үйлері сарайлар секілді жоғарыға ұмтылған. Және өз кендігі жағынан бүкіл әлеммен бірдей. Ақ теректен жасалған қабырғалары өте мықты, олардың құрылымы өте сапалы. Үйдің үстін әртүрлі және ерекше әшекейленген киізбен немесе қойдың терісімен қаптайды. Ол үйлерде сұлтандар мен атақты қазақтар тұрады. Бұл үйлер өте әсем, әрқайсысына 20-дан астам адам оп-оңай жайғаса алады. Үйлер арбалардың үстіне орналасқан және ол арбалар көп түйелерге жегіледі. Мен олардың құрылымына қатты таңғалдым, өйткені арбаға орналасқан олар үлкен және сыйымды, сонымен қатар жан-жағында киізбен жабылған терезелері бар. Бұл үйлердің іші әмірлер мен сұлтандардың үйлері секілді өте әсем

безендірілген». Сонымен XVI–XVII ғасырларда жазғы кезде көшпенділер және жартылай көшпенділер малшаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көбісінде 2 түрлі тұрғын үй болған: киіз үй және арба үстіне орналасқан үй – күйме. Киіз үй өз жоспарында шеңбер болып келеді, оның негізі ретінде кереге қызмет етеді. Оның үстіңгі жағында шаңыраққа тірелген уықтардан жасалған күмбез орналасқан. Уықтардың төменгі жақтары керегеге бекітілген. Уықтар негізінде салмақты, төртбұрышты қыры бар және үш жағы домаланған болады. Уықтардың саны көп болған сайын күмбездің пішімі әдемі болып көрінеді. Көбіне олардың саны 120–200 болып келеді.

Керегені – бір-бірімен қиылысып торға айналатын ағаштардан жасайды. Киіз үйдің үлкендігі керегелердің (қанаттардың) санына байланысты. Орта көлемді киіз үйдің 6–7, кедейлер үйінің 4–5, ал байлар



Қазақ киіз үйінің құрама бөліктері

үйлерінің 9–12 қанаты болған. Керегені түрлі түсті жіптермен әшекейленген шилермен қаптайды.

Үйдің үстіне туырлық жабылады, жанын үзікпен қаптайды, төбесін түрдікпен жабады. Түрдік арқылы жарық түсіреді, түтін шығарады. Киіздерді арқандармен және баулармен байлайды. Үйдің есігін оңтүстік-шығыс жаққа қаратады. Оның биіктігі 1,5–2 м және ені 0,8 м болады. Есікті ойылған ағаштан жасайды, сыртынан киізбен қаптайды. Үйдің ортасында ошақ орналасқан, қабырғаларына жақын жерде керуерт, сандық, ағаштөсек және басқа да тұрмыстық заттар тұрады. Бай адамдардың үйлері көрнекі безендіру мен қымбат заттар арқылы ерекшеленген, уықтары сүйекпен әшекейленген, үйдің ішінде кілемдер мен алашалар жайылған.

Б.Д. Греков пен А.Я. Якубовскийдің айтуынша жиі соғыспайтын көшпенділер арасында ол кезде өз үйін безендіру өнері өте жоғары деңгейде болған. Дәл осындай көшпенділер қатарында Сырдарияның солтүстік жағындағы, батыс сібір аймақтарындағы және т.б. тұратын елдер болған.

Орта Азия халықтарының мәдениетін зерттеушілерінің бірі В.А. Чупелов киіз үй интерьерін былайша сипаттайды: «Үйдің ішіне кірген адам оның ішкі көрінісінің әдемілігіне қатты таңғалады. Безендірілмеген сұр түсті киізбен жабылған ағаштарды жіңішке бау бір-бірімен байланыстырып тұр. Барлық жерде оюлар бар. Әр ою тұрмыспен, халық өміріндегі әрбір оқиғамен тығыз байланысады. Осы оюлар әлемінде немесе ана, немесе мына жерде өмірдегі бейнелерге, нақты заттарға тұспал білінеді. Көшпенділердің айналасындағы әлемнің өзіндік поэзиясы бар».

Отырықшы халықтың баспаналары

Қазақстандағы тұрақты баспаналар құрылымының даму процесі бұрынғыдай екі жолмен жүріп

келеді: 1) ауылшаруашылық жерлер жағдайындағы жатақтар, малдың басы аз болғандықтан көшуге мүмкіндігі болмай, қыстақта отырып қалғандар, 2) ортағасырлық қала жағдайында, негізінде отырықшы өмір жасап жүргендер. Жатақ үйін қайта қалпына келтіру үшін Д.Б. Пюрвеевтің «тұрғын үйдің отырықшы түріне өту процесі екі бағытта: бұрынғы материалды (киізді) одан да мықты және арзан материалмен ауыстыру, сонымен қатар көшпенділердің үйлерінің – гердің – дәстүрлі пішімін сақтау және өзге қажеттілік пен жергілікті құрылыс материалдарына байланысты жаңа пішімдерді іздестірудің арқасында жүрді» деген мәлімдемесі үлкен қызығушылық тудырады. Бұл қорытындының дұрыстығын Қазақстандағы отырықшыл баспананың ең ежелгі түрлерінің бірі – шшаланың болғандығы дәлелдейді. Өз сыртқы келбетімен шошала киіз үйге ұқсайды: оның қабырғалары тастан, балшықтан, екі қабатты өрімнен, төбесі сазбен немесе құрғақ көңмен және қамыспен жабылған цилиндрге ұқсас келеді. Осындай құрылымның дәл ортасына қабырғадан да жоғары төрт бақанды орналастырады. Бақандардың жоғарғы жақтары бір-бірімен 4 ағашпен байланысады, содан соң төменгі ұштарымен қабырғаларға тіреліп, жоғарғы ұштары төрт ағашқа бекітіліп, уық секілді ағаштар орналасады. Соның нәтижесінде жоғары жағында тесігі бар конус тәрізді төбе пайда болады. Уықтардың үстіне қамысты, содан соң пішен немесе ұсақ бұталарды жаяды, ал оның үстіне шым орналастырады. Шошаланың жоғарғы тесігі түтін шығаруға арналған, сол саңылау арқылы ішке күннің жарығы түседі. Кешкі уақыт келгенде ол саңылауды түрдікпен немесе ыңғайы келген киізбен жабады. Шошаланың ішкі тұрмысы киіз үйдікіне ұқсас болады.

Бұл құрылым жерге 50–60 см тереңдікке қазылып орналасқан. Жобалық кесте бойынша шошала 2–3 камералық үй болып келеді. Таулы жерлерде


оны жер бетіне тастан орналастырған, бірақ олардың көлемі төртқанатты киіз үйден аспаған. Мұнда шошала архитектурасы мен құрылымының қола дәуірі мен б.д.д. I мыңжылдығының Бөгелі I, Сулыбұлақ және көптеген отырықшы тұрғын үй келбетімен сондай-ақ кейінгі кезеңдердің көшпенді үйлердің түрлері мен бейнесі – анфистерия Кирші қорымдағы біздің кезімізге дейін сақталып қалған ертедегі пирамидалық күркеден бастап көшпенді үйлердің түрлерімен байланысы бар екендігін айта кету керек. Бұл біріншіден, ең ежелгі баспананың біз жасаған қайта құрылымының дұрыстығы мен оның шығыс Еуропамен қатар Қазақстан аумағында кең қолданылғанын дәлелдейді, екіншіден, Қазақстанда дәстүрлі болып және ұрпақтан-ұрпаққа қалып жүрген архитектуралық-құрылымдық композицияны анықтайды.

Қыстау және қыстақтармен қатар жертөлелер мен жер бетіндегі үйлер салынған. Ежелгі түрлердің бірі жер үй, яғни қабырғасы жер бетіне 1/3 немесе 1/2 биіктігіне шығып тұратын жерден қазылып, төбесі жабылған тұрғын үй болып табылады. Орманы жоқ аймақтарда қабырғаларды көтеру үшін шым немесе арзан және оңай табылатын тасты пайдаланған. Бұл дәстүр қазақтар арасындағы кейінгі уақыттағы құрылыста біраз кезге дейін сақталып қалған.

Алғашқы уақытта жер үйлердің терезелері болған жоқ, олардың төбесінде жарық түсіріп, түтін шығаратын тесіктері болды. Жер үйдің төбесі жазық болып келді. Еден ретінде тегістелген жер қызмет еткен. Жер үйде әдетте бір бөлме болған. Көбіне жер үйлерді кедей, күрделі үйлерді салу үшін қаражаты жоқ қазақтар салған. Уақыт өте келе жер үйлердің түрі өзгерді, яғни XX ғ. басында да Шығыс Қазақстанның оңтүстік бөлігінде сақталған жеркепелер мен жертөлелер пайда болған. Сондай-ақ мысалы, шымды қыстауларда еденді дәстүр бойынша жер бетінің деңгейінен кемі 0,5 м төмен жасаған.

Археологиялық деректер бойынша жер бетіндегі үйлер түрі Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі. «Олар 2–4 бөлмелі болған. Пайдаланылған құрылыс материалдарының түрі қоршаған ортаның жағдайына байланысты болған, сонымен қатар сабан қыш, тас, шым, қамысты және өзге материалдарды қолданған. Бөлмелердің іші екі бөліктен тұрады: бір бөлігінде тамақтанып демалған, ал екінші бөлігінде ошақ орналасқан. Бөлмелердің ішінде әдетте әр бұрышында бидай, азық-түлік сақтайтын және өзге әртүрлі шаруашылық заттар салатын үңгірлер орналасқан. Барлық елді мекендердегі тұрғын үйлердің жанында құлындар мен жылқыларға арналған шаруашылық құрылымдар орналасқан. Қыстақтарда тұрғын үйлер мен сарайлардың жалпы қабырғалары мен төбелері болған».

Тұрғын үйлердің қабырғалары, мысалы X–XII ғасырларда Отырарда сабан қышынан салынған. Үй-



Үйлердің жоспары және кесінділері (К.Байпаков бойынша)

лердің едендері мен негіздері күйдірілген қыштан қаланған. Әдетте үйлердің ішінде қарапайым кәріз құрылымдар – ташнаулар орналасқан. Олар жоғары жағында түбі жоқ үлкен ыдыстан немесе арнайы жасалған сазды түбек орналасқан құдықтан тұрады. Құдықтың ағыс жолы күйген қышпен бекітілген, олардың ең ортасында су ағызатын тесігі болған.

XIII ғасырда моңғол шапқыншылығынан кейін мал шаруашылығының барлық түрі айтарлықтай жоғарылады, жартылай көшпенділікпен салыстырғанда көшпенділер шаруашылығының есебі өсті. Бұл процесс отырықшы баспананың дамуына өз зиянын алып келді. Тек XIV ғасырдан бастап қана егіндік ошақтарының қайта қалпына келуі және осыған байланысты құрылыс жұмысының қалыптасуы байқалады. Бұл жағында ежелден бері дамыған Қазақстанның оңтүстігіндегі шаруашылық дәстүрлер айтарлықтай рөл атқарады. Соңғы жылдардағы археология деректері бекітілген қоныстың ортағасырлық қаланың жағдайындағы тұрғын үй түрін анықтауға мүмкіндік береді. XIV–XV ғасырлардағы типтік баспана құрылысының қалдықтары Отырардың солтүстік-шығыс жағындағы қорғаныс қабырғасының маңынан табылған. Адам тұратын бөлменің көлемі 13 м² болды, оның көп бөлігін балшықпен сыланған шығыстық суфа (40 см) алып жатты.

Суфа ішінде есікке жақын тандыр-пеш орналасқан. Тандыр алдында ташнауы бар (шалшық су ағызатын арық) терендетілген алаң орнатылған. Құрылыс барысында әдеттегідей емес, тікбұрышты сабан қыш қолданылып қаңқа-қабырға құрылымдары пайдаланған. Суфаның едені мен ернеулері күйген қыштан салынған, сондай қыштан қабырғалардың негізін қалаған. Төбені жабатын қамыс жапқышы бар жалпақ бөренелер ағаш бағандарға тіреліп жатқан.

Бұл дерек X–XII ғасырларда тұрғын үй архитектурасындағы дәстүрлерді қайта өмірге алып келу

жайлы дәлел болады. Кейінгі XVI–XVII ғасырларда, ол дәстүрлі түрде дамыды. Осы кезеңде айван мен кіреберісі бар бөлмеден тұратын тұрғын үй бөлігінің негізінде баспаналар жоспарлы және кеңістік құрылымының қалыптасуы дәстүрлі болып келеді. Көп бөлмелі үйлерде осындай бөліктер бірнеше рет қайталанатын, яғни көлемі мен бөлмелер саны көбейген сайын тұрғын үйді салу принципі өзгерген жоқ, архитектуралық-жобалық шешімі барлық жағдайда бір дәстүрлі түр бойынша жасалған.

Ереже бойынша тұрғын үйдегі, ең үлкен пеші мен тандыры бар басты бөлме ұйықтау, тамақ дайындау және ас бөлме болғандықтан, ал қалған бөлмелері шаруашылыққа арналып, бір-бірін жалғастыратын бөлмелер салынған. Сондықтан тұрғын кешендер жоспардың екі сызықты (анфиладтық) және шағын (крест түрдегі) жүйелері негізінде қалыптасқан.

Бекініс жүйесі бар (айналасы ор қазылған қабырғалар және т.б.) қала жағдайына байланысты құрылыстың өте тығыз болуы дәліздер мен өзге байланыс элементтерін жоққа шығаруын талап еткен, ол үшін тек қана есіктер қызмет еткен. Жоғарыда айтылып кеткен жоспарлық жүйелер осы талаптарға сай болған. Сызықтық (анфиладтық) жүйе немесе құрылым принципі кезінде баспананың барлық элементтері, айваны бар шағыдан немесе шаруашылық бөлменің кіреберісінен бастап тұрғын бөлмемен аяқтап, бір белдікке тізіліп тұрғанға ұқсас болатын. Көбіне бөлмелер саны 2-ден 5-ке дейін болатын. Көп бөлмелі үйдің элементтері, әдеттегідей айваны немесе ауласы бар басты тұрғын бөлменің айналасында орналасады. Орталық бөлменің интерьері әртүрлі көлеміне (10–45 м²) қарамастан, әрқеде бір шешімде болатын. Интерьер кеңістігінің басты компоненттері ретінде біріншіден, кіреберістің оң жағы мен сол жағынан тандыр пеш орнатылған бөлменің негізгі бөлігін құрайтын 40–50 см биіктіктегі суфа қызмет етеді.

Тандыр пеште нан, тамақ пісіруге болады және ол бөлмені жылытып тұрады. Ернеуі күйген немесе сабан қыштан жасалған суфаны әртүрлі шаруашылық қызметтерге атқарған: оның бұрыштарында бидай сақтаған, ал астында жерқоймалар орнатылған. Оның үстінде қамыс пен шиден жасалған пашындар жабылып, олардың үстіне киіз төселген.

Екіншіден, барлық кезде бөлменің ортасында орналасқан және трапеция түріндегі пішімі бар белағаш астындағы ағаштың көмегімен белағашты тіреп тұратын орталық бақан болады. Үшіншіден, суфадан басқа бөлменің көлемін алатын (1/8) көбіне кіретін есіктің артында орналасқан ташнауы бар тікбұрышты алаң болды. Ол әдетте күйген қыштан төселген және ташнауға қарай еңіс орналасқан. Ташнау құрылымы дәстүрлі болып келеді, X–XII ғғ. бұл еденмен бір деңгейде жерге көміліп үстінде саңылауы бар қышпен түбі жоқ аузы бар кең ыдыс болып келеді. Кейбір кезде оның қабырғасын қыштан қалаған.

Ташнау – тұрғын үйлер мен шаруашылық бөлмелердің міндетті түрдегі қажеттілігі. Төртіншіден, көркем шығармашылықтың нысаны болып және соған сай безендірілген тұрмыстық заттар қоятын қабырғадағы қуыстар. Жарықтың түсуі мен ауаны тазартуға жалпақ төбенің ортасына орналасқан түндік қызмет еткен. Тұрғын бөлмемен қатар көптеген үйлерде күйген қыштың бөлшектері төселген шағын аула болған. Аулаларда ашық түрлі ошақтар орналастырылған, олар жазғы күндері тамақ пісіру үшін қызмет еткен. Тұрғын үйдің міндетті түрдегі элементі – ұрасы, қоймалары бар шаруашылық бөлмелер, онда екі сапты су таситын құмыралар тұрған. Қоймалар мен ыдыстарға ұн-бидай, жеміс-жидек және сұйық тағамдар мен сусындарды сақтаған.

Үйлердің қабырғалары сабан кесектен жер бетіне өрілген, фундамент орнына топырақтың сорынан

қорғау үшін қамыстан жасалған өрімдерді немесе тезекті салған. Қабырғаларды өргенде жатқызып қаланған кесектерді қырына қойылған кесектермен кезектестірген. Жоғарыда айтылғандай үй төбелері жалпақ болған, ортада орналасқан бақанға тірелген белағаштан жасалған. Ол үшін қарағаш пен теректі қолданған. Үй төбесіне қамыс төселіп, оның үстіне сазбалшық жағылған.

Қоршалған қала жағдайындағы кейінгі ортағасырлық Қазақстан халықтарының тұрақты үйлерінің архитектуралық-жобалық шешімімен танысу арқылы тұрақты үйдің қалыптасуына көшпенді үй тұрмысын ұйымдастыру дәстүрлері айтарлықтай әсерін тигізді деген тұжырым жасауға болады. Мұны ең біріншіден басты тұрғын үй тұрмысын ұйымдастыру құрылымы мен принципінен анық байқауға болады. Бірегей және көпмақсатты тұрғын үйдің барлық қызметін біріктірген жатын бөлме, асүй және қонақ бөлмесі ретінде қызмет еткен киіз үйдегідей отырықшы баспанасының орталық бөлмесі тұрғын үйдің барлық қызметтерін сабақтастырады. Сонымен қатар, екі үй түрінде жарық түсіру мен ауаны тазарту принциптері бірдей – түндік арқылы. Көшпенді тұрғын үйден қабылданған жоғарыдан жарық түсіру принципі арқасында бекітілген қала немесе елді мекеннің маңызды аймағын неғұрлым кеңейту мен тиімді пайдалануға мүмкіндік бергенін айта кету керек.

Көшпенділер тұрмысының отырықшы өмірге тигізетін әсері туралы малшаруашылықтың, тұрмыстық заттарының, соның ішінде негіздің, шидің және жерге төселетін өзге заттардың кең қолданылғаны айқындайды.

Сонымен, бұл жағдайда көшпенділер тұрғын үй дәстүрлерінің жалғастығын көрсету керек, отырықшылдық баспанасының қалыптасуында оның даму мағынасы байқалады. Және зерттеушілер оты-

рықшылықтың каралған тұрғын үй түрі Оңтүстік Қазақстанда кең қолданылған деген дерекке назар аударады. Осыған ұқсас тұрғын үйлер Түркістан қаласында, Жалғызтам елді мекенде, Күлтөбе қалашығында, Қаратаудың солтүстік бөктерінде де табылған.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан тұрғын үйлерінің құрылымдық негізін құрайтын айваны немесе кіреберіс бөлмесі бар тұрғын бөлме Орта Азияның барлық халықтары үшін дәстүрлі болып келетінін айта кету керек. Мысалы, суфасы бар отырарлық тұрғын үйлердің интерьері есік жанындағы шағын жерден басқа жақтағы едені 1 м дейін көтерілген Қаратенен мен Вахш аумағындағы таулы тәжіктердің тұрғын үйіне ұқсас болып келеді. Тандыр пештердің құрылымы мен олардың қызметі өте ұқсас болғаны үлкен қызығушылық тудырады. Таулық тәжіктер

тандыры: бұл – нан пісіретін, үй жылытатын және қазанда тамақ пісіретін пеш.

Сонымен қатар, ең алдымен үй жылыту әдісіне байланысты аймақтың кейбір жергілікті ерекшеліктері айқындалады: егер ортаазиялық үйді қарапайым әдіспен жылытса, оңтүстік қазақстандық үйді қанның көмегімен, яғни суфа немесе қабырға ішінде түтін шығатын қуысы бар ошақ арқылы жылытады. Зерттеушілердің айтуы бойынша, Оңтүстік Қазақстанның көптеген жерінде қалыптасқан бұл жылыту жүйесі тұрақты болған және оның жергілікті ежелгі дәстүрі бар.

Сонымен осы кезеңдегі отырықшылықтың тұрғын үйдің архитектуралық-жобалық құрылымының дамуында жалғастық терең дамыған жергілікті ұлттық дәстүрлер және олардың ортаазиялық және т.б. халықтар мәдениетімен байланысы байқалады.



МОНУМЕНТАЛДЫ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Орталық Азия даласында бұрынғы көшпенділер дәстүрінде марқұмдардың мазарының үстіне қорған тұрғызу дәстүрі біртіндеп, X–XI ғғ. Қазақстанда «мұнаралы кесенелер» деп аталған монументалды ғимараттардың пайда болуы келіп жетті.

Қорғанды құрылыстардың өсу процесі б.з.д I мыңжылдықта Сырдарияның төменгі сағасында басталған (б.з.д. IX–VIII ғғ. Тегіскеннің 5-ші кесенесі). Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың соңындағы Деңгек, Домбауыл, Қозы Көрпеш – Баян сұлу секілді мәдени мұралардың ізімен кейіннен Сырдарияның бойында Ақсақ қыз, Бегім-Ана, Сараман-Қоса қатарлы Қызылорда облысында мұнаралы, бағана бейнелі монументалды құрылыстар пайда болды. Сөзсіз бұл процесс халық сәулетшілерінің көшпенділердің дүниетанымын жоғарғы деңгейде кәдеге асырып, оны толассыз өзгеріс үстіндегі қас-қағымдық жарық дүниеде мәңгілікке қалдырып отырғандығына куә бола алады.

Ислам дінінің көшпенділер арасында кеңінен таралу себебінен мола құрылыстарын тек қана дінмен байланыстыруға болмаса да бұл процестің дамуы күшейе түскендігін көруге болады. Г.А. Пугаченкованың: «Исламның алғашқы өмір сүру кезеңінде

марқұмның моласының үстіне мазар немесе күмбез секілді құрылыс түрін орнатуға мүлдем тыйым салынған. Бұл үрдіс ислам діні қарсы күрескен аскетизмге, яғни, мазардың дүниелік салтанатқа бөленуіне қарсы исламдық қағидадан туындағаны анық. Бірақ, уақыт өте келе бас халифаттың мәртебесі үшін бұл тыйым жойылып, 862 жылы қайтыс болған әл-Мұнтасардың, сосын Құбба ас-Сұлабиялардың моласының үстіне кесене тұрғызылады. Осыдан кейін қазақ даласында мазар немесе күмбезді құрылыстардың салынуы жаңаша, яғни көркемдік-сәулеттік даму кезеңін бастайды.

Бәрімізге белгілі өмірден өткен бабаларды мәңгі есте қалдыру үшін (көшпенділер үшін ұрпақтың бабалар алдындағы ұлы парызы) көкке мінажат етудің құлшылық символы (Тәңірге, Аллаға) өмір сүргені мәлім. Осындай позициялық тұрғыда Қазақстандағы мұнаралы кесенелер үлкен қызығушылық тудырады. Біріншіден, олар қарапайым әрі монументалды, ақпараттық анық, екіншіден, олар Еуразия территориясында кейіннен пайда болған басқа да әйгілі мұнаралы кесенелердің прототипі болып табылады. Мысалы, Бегім-Ана кесенесі – сегізқырлы пирамида, жалпы көлемі 1/4 биіктікті құрайды, ені

биіктіктің 2/3-ін құрайды. Бегім-Ананың кесенесімен салыстырғанда Сараман-Қосаның айырмашылығы анағұрлым сындарлы, цилиндрлік бейнеде салынған. А.И. Кастанье оның ұзындығын 15 аршынға теңейді. Оны Жаба және Айдос есімді батырлар аршылмаған кірпіштен жасаған. Мұндай құрылым Бегім-Ананың кесенесінде де қолданылған.

Бәлкім бұл жерде М.М. Меңдіқұловтың мынадай пікірімен келісуге болатын сияқты: «Құрылыстың үлкен биіктігі мен күмбездің астындағы арнайы алаңнан қалған орын оны күзету мақсатында жасалғандығын көрсетеді, бірақ оның кесенеге айналуды айтарлықтай кешірек болуы да мүмкін сияқ-



Бегім-Ана мұнарасы


ты». Егер ертедегі мола құрылыстары күзету функциясын да атқарғанын еске алсақ, Бегім-Ана, Сараман-Қосалардың әрі кесене әрі күзетуші мұнаралар да болғандығын көрсетеді. Олар Оғыз мемлекетінің (IX–XI) астанасының маңында, Жанкеттің үстіртінде орнатылған. Екі ескерткіш те үш қабатты, екі бүркемелі, функционалды және құрылымдық түрде салынған. Бегім-Ананың кесенесі ерекше беріктігімен ерекшеленеді, сондықтан да оның төменгі бөлігі күні бүгінге дейін өзін сақтап қалған. Бұл ретте қарапайымдылығы мен монументалдығы, күзету қабаттарының қалдығында шатырлы бүркенділердің кездеспеуі қазақстандық кесенелердің композициясының басқа мұнаралы кесенелерден өзгешелігін көрсететінін айта кету керек.

Кесенелердің мұндай түрі Иранда XI ғ. (Гомбеде Кабус – 1006 ж., Эберку – 1056 ж., Верминдегі Аладдин, т.б), Әзербайжанда XII ғ. (Юсып және ұлы Құсейін 1161 ж., Момын Қатын 1186 ж., Құтлы Мұса Оғлы – 1314 ж. т.б.), Түркияда XIII ғ. (Қойсерде Денер – 1276 ж., Тержанда Мама Қатын – XIII ғ. т.б.) кеңінен таралған. Сондықтан зерттеушілердің арасында кесенелердің пайда болуы мен таралуы туралы әртүрлі пікірлер кездеседі. Олардың көбісінің мысалы, О.Шуази, М.К. Ильина, А.В. Саламзаде, И.А. Орбелилердің кесенелердің арғы түбі Армениядан шығады деген пікірлері бір жерде түйіседі. Бірақ, Г.А. Пугаченконың мұнаралардың шығу тегін солтүстік ортаазиялық мазар-ғимараттарымен байланыстыратын пікірімен келіспеуге болмайды. Сондықтан жоғарыда айтылғандай, мұнаралы кесенелер б.з. I ғ. Оғыз-қыпшақ ортасында қалыптасқан. Қараханидтердің түрік мемлекетінің Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Түркістанның аумақты жерлерінде орнауы Қазақстанның сәулет өнерінде қала мәдениетінің гүлденуін көрсетеді. Олардың қатарында монша, мешіт, мемориалды сәулеттің ес-


керткіштері бола алатын басқа да ғимараттар осы кездерде туады. Солардың бірі ретінде көне Тараздағы, Отырардағы моншаларды атауға болады. Ал, Құйрықтөбе мешіті Қазақстанның одан бұрынғы кезеңіне жатады. К.М. Байпақовтың дерегі бойынша, XI–XII ғғ. Отырар моншалары тікбұрышты жобада, көлемі 11,5×16,5 м болып келеді. Орталық крест тәріздес бөлмежайға киім шешетін орын, жуынатын және демалатын бөлмелер кіреді. Шығыс жағындағы көшеде оттық, құдық, суға арналған дүниелер орналасқан. Моншаға су ағызып келетін арнайы құбырлар қарастырылған. Жылыту жүйесі Орта Азия және Оң-


түстік Қазақстанда дәстүрге айналғандай қабырғаға орнатылған ыстық өткізетін каналдар арқылы жүргізілген. Қабырғалар күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, бөлмелер негізінен күмбезді бүркендімен қапталған болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі функционалды жүйеде жасалмаған моншалармен салыстырғанда, моншаның мұндай түрі кейінгі монша түрлеріне тән болып келеді.

1938 ж. А.Н. Бернштам көне Таразда қазба жұмысын жүргізу кезінде күйдірілген кірпіштерден салынған құрылыстардың қалдығына зерттеу жүргізгенде, олар XI ғ. салынған моншалардың қалдығы екендігі



Сарааман-Қоса мұнарасы





Тараздағы моншаның жобасы

анықталады. Ғимарат тік бұрышты, 12,4×3,6 м көлемдегі, 8 төртбұрышты жоспарда, күмбезбен қапталған түрде болған. Әр 2 моншаның өзінің кіретін бөлек есігі болған. Т.Н. Сенигованың дерегі бойынша бөліктер киім шешетін және оттықтың үстіне орнатылған бұлау мен булау залына бөлінген.

А.Н. Бернштамның дәлелі бойынша бұл ғимарат толығымен көпкүмбезді бүркемеден тұрған. Моншаның жылу өткізетін жүйесі еденнің астынан тартылған көлденең құбырлар арқылы жүргізілген. «Монша Арменияның ортағасырлық моншалары секілді жылынғаны белгілі. Моншаға жарық күмбездердегі есікшелерге орнатылған әртүсті әйнектер арқылы түскен. Моншаның ең қызықты бөлмесі ретінде дәліз бен шомылатын бөлмелерді атауға болады. Т.А.Сенигованың дерегі бойынша, әшекейлеу мотивіндегі ерекшелік бір жағындағы ою-нақыштар бірбіріне параллельді түрде безендірілген. Бұл «Орталық Қазақстандағы б.з.д. XIV–XII ғғ. Қола дәуірін-

дегі қола тұмарлардағы нақыш секілді (Былкылдақ I, II Атасу), ал, екінші жағындағы нақыштар сарай ғимаратының өрнектері секілді. Тұтастай алғанда бұл мотивтің тамыры Бетпақдаладағы I мыңжылдақтағы Қола дәуірінде жатыр (Дәндібай, Беғазы және Бұғылы). Г.А. Пугаченкова айтқандай, бұдан Жетісудағы XI–XII ғғ. сәулет өнеріндегі, V–VIII ғ. Тараздағы алаша, текемет секілді «далалық» сән бұйымдарының нақыш өрнегінен алынған жергілікті стильді көруге болады.

Бұл жерде монша сәулетінің ғажайыптығы Орта Азия және Қазақстан мәдениетінде шешуші орын алатындығын байқау қиын емес.

Сондай-ақ, Мұхаммед ибн Зәкәрия ар-Рази (864–925) айтқандай, ертедегі дәрігерлер моншаның адамды жайландырушы әсерінің мол екендігін біліп, моншаның адамның өмірлік күш-қуатын арттыратын эстетикалық жағына да ерекше назар аударған. Ибн Синаның (930–1037 жж.) айтуы бойынша: «жақсы моншада бірқалыпты температура, жарық, кең ауыз бөлме, бау-бақшаның суреті салынған сурет жұмыстары ілініп тұруы керек».

Қазақстанда X ғ. сәулет өнері отырықшы аймақтарда пайда болған жаңа қоғамдық ғимараттар-мешіттермен толықты. Әуелде ол үшін қарапайым үй ғимараттары салынса, кейіннен барлық тұрғылықты жерлердегі мұсылмандардың талабы бойынша арнайы мешіттер салына бастады. Бірақ IX–X ғғ. мынадай жазбаларға қарағанда, бұл процестің алдында да бір кезең болған. Яғни «Тараз бен Меркеде мешіттермен бірге христиан шіркеулерін бейімдеу жүргізілді. Шіркеу-мешіттердің Кедерде салынған құрылыстары туралы әл-Макдиси «негізі мешіттер мұсылмандардың санының көбеюіне байланысты салынғаны анық», – деп жазды. Құйрық төбедегі қазба жұмыстарында Кедер тапқан құрылыс қалдықтары дәл осы мешіттердің қалдығы секілді».

К.М. Байпақовтың бұл мешіт туралы сипаттамасы мынадай: «тікбұрышты, қабырғаларының сыртқы көлемі 36,5×20×5; ғимарат көп бағаналы, айнала-сында 50-дей бағана бар, олардың негізі күйдірілген кірпіштен (көлемі 75×100 см) қаланған, қабырғаның қалыңдығы 1,5 см. Олар квадратты күйдірілген кірпіштер мен құрғақ кірпіштердің қалауынан құрастырылған (көлемі 22×22×4,5 см¹)».

Қараханидтер кезеңінде ислам діні мемлекеттік дін ретінде қабылданған кезде кесене құрылыстары айрықша маңызға ие болды. Әйгілі мемлекеттік және діни қайраткер тұлғалардың мазарларының үстіне кесене тұрғызу көпке мойындалған дәстүрге айналды. Бұл тіпті тек өмірден өткеніне ғана қатысты емес (қазірге дейін бар), тірі кезінде де әулиелерге арнап кесене соғу үрдіске айналып кетті.

Бұл ұғымды нақтылайтын мұсылман ғұламаларының мынадай сөздері де бар. Мәселен, Гүр Әмір кесенесінің қабырғасында жазулы тұрған: «Дүние адамнан бұрын бас тартқанша, кім егер бұл дүниеден ерте бас тартса – сол бақытты, кім молаға кіргенше, өзіне ерте мола дайындаса – сол бақытты, қожайынмен о дүниеде кездескенге дейін, кім бұл дүниеде ерте тілін тапса – сол бақытты».

Қазақстанда б.з. II мыңжылдықта, X ғасырдан бастап пайда болған бір бөлмелі, іші төртбұрышты жобада салынған, күмбезбен қапталған кесенелер дәстүрге айналып, өзінің даму шегіне жетті.

Үндіеуропа халықтарының арасында сақталған қабірлердің өртелу салты² зерттеушінің пайымында

¹ Кейбір зерттеушілер ғимарат кірпіштерінің көлемі бойынша жасалған уақытын да анықтауға болады деп есептейді. Мысалы, Б.Засыпкин XII–XIII ғғ. шамасында, қалыңдығы 26–27 см, (4,5×3,5 см), моңғол дәуірінен кейінгі ескерткіштерде пайдаланылған квадратты кірпіштер (кейіннен кең таралуға ұласқан) өңделе бастаған деп топшылаған.

² Бұл өртеуді әлемді қайта жаңғыртып, жаңартатын әлемдік өртке ұқсататын. Бұл туралы Рамайна Махабхарата, Авеста, Энеида, Эддалар және пехлевтік жазбаларда әңгімеленеді. Үндіеуропалық зиратханалардың жобасының детальды мағынасы туралы Шапатхи Брахаманның жазбасында айтылады.

«табыт қойылған орынның ғарыштық символымен байланысты» болған.

Сәл кейініректегі тарихи дәуірлерде – күмбезді мазарлардың сәулетінде сол идеяны басқаша ұғымда жүзеге асырған. Тарихи дамудың жаңа кезеңінде образдық семантика, жаңаша ойлау тәсілі мыңдаған жылдардың тәжірибесінен өткен ескі негізді бәрібір сақтап қалған.

Әйгілі Санжар кесенесін (XII ғ.) салу кезінде «оны болашақтың үйі» деп жазады, бұл сөз Ригведаның табытындағы жазудағы ұғыммен өзектеседі. Төртбұрыштың символдық аспектісі «Йимнің³ мәдени әрекетімен», яғни жұмақты мекендеушілерге арнап төртбұрышты қоршауды орнату – төртбұрышты Вардың (Йим патшалығы – Г.Б)⁴ өлімнің күшіне қарсы қасиетті қоршау болуы үшін салынғандығын білдіреді және кеңістікті жеңуші ретінде сол ережені бекітуші рөлде салынғандығын білдіреді».

Қараханид дәуірінің сәулетшілері үшін белгілі тұлғалардың басына кесене орнату себебі де дәл сол «жұмаққа бару» тұрғысындағы ұғымды, яғни «болашақ үйдегі» марқұмның о дүниедегі өмірі тірі кезіндегі өмірінен жақсы деген мағынаны ұстанудан туған. Сөйтіп, Қараханидтер дәуіріндегі мемориалды сәулетшілік өнер кесенелердің жаңа түрлерімен молығады. Бұрыннан мәлім белгілі мұнаралы кесенелердің қатарына жаңа түрдегі – сферикалық немесе шатырлық-бүркенділі кесенелер пайда болды.

Жаңа ислам дәуіріндегі Қазақстандағы сәулет өнерінің тарихында айтарлықтай мұра болып Бабаджа-Қатынның (X ғасырдың соңы, XI ғасырдың

³ Дозаратуштридік Фарвардин Яште Йима-мәдениет кейіпкері, тәртіпке келтіруші және кейін оны от пен жарықтың пайда болуы. Бірақ, Заратуштра кейін оны сиырды жеп қоюына байланысты кінәлауынан, адам баласы құнаһар атанып, өлімнің пайда болуына себеп болады.

⁴ Токарлық, кеттік, балтықтық және аветтік ұғымда «vag» сөзінің түбірімен жалпы үндіеуропалық «иег» «қоршау, жаулау, қору» секілді ұғымды білдіреді.



Бабаджа Қатынның кесенесі

басы) Тараздан 28 км қашықтықта орналасқан кесенесі есептеледі. Кесене тұрған Головачевка ауылы аймақтың феодалдық сәулет өнері басталатын орын. Кесене өзінің композициясымен жаңа түрдегі шатырлы-бүркенділі орталықтанған түрдің негізін ала келеді. Ол туралы Г.А. Пугаченкова былай дейді: «Оның идеясы мен түрі Саманидтер кесенелерімен (IX ғ. – Г.Б.) соншалықты сәйкесетіндігі сондай – әрі қарайғы сәулеттік ізденісте оның негізгі принциптерін жоққа шығаруға ғана жететіндей. Бұл таңғажайып ескерткіште көне соғды сәулеті өзінің соңғы сөзін айтқан».

Расында да, Бабаджа Қатынның¹ кесенесі Саманидтердің кесенесінен кейін пайда болған, басқа жерде

¹ Кесенені 1938–1939 жж. А.Н. Бернштам тексеріп шықса, 1953 ж. Т.К. Басенов детальды түрде өлшеп шыққан.

салынған, композициялық тұрғыда өзінің алдындағылардан өзгеше мән-мазмұн мен жаңалықтарға толы. Бұл кесенемен бірге тек Қазақстандағы сәулет өнерінің дамуы ғана емес, барлық Орта Азиядағы сәулет өнерінің дамуында жаңа кезең пайда болады. Құрылыс төртбұрышты жобада, ішкі жай 4,45×4,45 м мөлшерінде, ал сыртқы қоршауы 6,78×6,78, қос күмбезбен бүркенген: ішкісі жартылай сферикалы, қырлы; сыртқысы – пирамидалы-шатырлы, қатпарлы.

Барлық сәулеттік детальдары II-көрінісіндегі шекпен көмкерілген. Көмкерудің үстінде және жоғары бойлай көпқырлы дағыралы шатыр қос қатар қойылған кірпіштермен қатпарланып, нақышталған белдеушемен өтеді. Күйдірілген тақтастардан жасалған жақтауда жазудың бөлігі сақталған. А.М. Беленицкий, М.Е. Массондар оқып, қағазға түсірген бұл жазудың мағынасы мынадай: «Бұл таңғажайып мазар Абаджды-Қатынның (немесе Бабаджа-Қатын) мазары, (оны салған ... Ильханшах... сәулетшінің аты – Мұхаммед».

Т.К. Басеновтың пайымынша: «Текшелерде шамасы әртүрлі тақталар қиыстырылып-құрастырылған». Кесененің батыс беті тегіс қалпы қалдырылған.

Өзіндік ішкі көрінісі тұтасқан, қабырғаның бұрыштарында қақпа желкендері орнатылған, олардың бесеуінің ұзындығы еденнен 1,37 м биіктікте орналасқан. Қақпалы желкеннен 3,8 м биікте түзу сегіз қырлы өрнек нақышталған, ол жерден 16 қырлы ішкі күмбездің дөңгелек қалауы басталады. Мұндай күмбез астындағы конструкциялық шешім Орта Азия сәулетінде өте сирек кездеседі. Бабаджа-Қатынның кесенесі қатаң да қарапайым түрімен, құрылыс жұмысының биік деңгейлі сапалылығымен, әшекей-нақыштардың шектеулілігімен және осы ерекшеліктерінің ғасырлар бойы сақталып қалуымен айрықша.

Сондай-ақ, асыра дәріптеусіз де, бұл кесененің көптеген жаңа конструкциялы деп аталған әлемдік сәулет өнерінің шедеврлеріне қайталанбайтын сәулет-көркемдік кескін бергенін айта кету керек. Олар Фахраддин Разидің (12 ғ.), Текекша (13 ғ.), Төребек ханым (14 ғ.), Самарқандтағы гүр Әмірдің (1404) Бибі-ханымның (15 ғ.) және басқа да сырты биік көтерілген күмбез мешіт композициясының¹ үнемі дерлік акценті болып табылатын.

Өкінішке орай, біз бұл таңғажайып жаңалықтың авторы Мұхаммедтің есімін білгенімізбен, оның қайда туып-өскенін, қайда тәлім алғанын білмейміз. Бұл сұраққа тым болмаса да, аздап та болса жауап табу үшін, бізге алдымен Бабаджа-Қатынның кесенесінің формасының генезисін талқылап алуға тура келеді. А.Н. Бернштамның зерттеуі бойынша ол – сондай бүркемесі бар сәулеттің Отаны – Кавказ жағалауы елдері делінеді. Қолшатыр секілді бүркенген күмбез түрі қазіргі ортаазиялық сәулетте өзінің тікелей баламасы мүлде жоқ деуге болады: «ол кездегі ортаазиялық сәулетке күмбездің ондай түрі мүлде тән емес болатын...». Әрі қарай зерттеуші «біздің пікірімізше, бұл ғимараттың сәулеттік түрінің құрылымдық көркемделуін армян сәулетшілерімен байланыстыруға тура келеді» – деп қорытады. Бірақ, армяндардың X ғасырда Жетісу аймағында өмір сүру фактісі сенімсіз. Егер, Жетісудағы армяндарды несториандықпен байланыстырсақ, Н.Пантусовтың қазбасы дәлелдегендей, Жетісудағы несториан зираттары XIII–XIV ғғ. жатады. Сондықтан, армян сәулетінің дәстүрлері X–XI ғасырларда Қазақстанға әлі келуге негіз жоқ деген тұжырым жасауға болады.

¹ Қайта өрлеу дәуіріндегі сәулеттің алғашқы ұлы шебері Ф.Брунеллеско (1420–1436 жж. Санта Мария дель Фьоре шіркеуін күмбезбен жабу кезінде «...онсыз не Микеленджело күмбезін де, не оның соңғы үш жүзжылдықта бүкіл Еуропаны аралап кеткен сансыз қайталауларын да елестету мүмкін емес» деп баға берген маңызды шығармашылық мақсатты орындай білді.

Сонымен, қарахандық кезеңдегі сәулет өнерінің ерекшелігі ретінде күмбездің босағамен салыстырғанда өте көрнектілігін бөліп атауға болады. Сондықтан Бабаджа-Қатынның кесенесін салушы күмбез жапсырмасының бай нақышқа толы болуына және оның ескерткіштің композициясындағы басым бекітуші рөлде көрсетуге жүгінгені анық. Сәулетші сондай-ақ, кесенені шатырмен бүркеудің композициялық-көркемдік рөлі арқылы кесенеге сол кездегі өлкеге енді еніп келе жатқан жас дінге сәйкес адамның аспанға тәжім ету символын көрсеткісі келгенін түсінуге болады.

Егер А.Н. Бернштам сілтеме жасайтын Армения мен Грузияның сәулет мұраларының құрылымын сараптасақ, сәулет ескерткіштерінің мүлде басқа композициялық картинасы пайда болады. Ол төртбұрыш жобадан көпқырлы дағыралы түрге өту арқылы жүзеге асатын түр екені анық (1–2 және 3 қатарлы).

Жалпы, қазақстандық және армяндық ескерткіштердің нақыштық түрі кесенелер сәулетінде мүлде екі басқа рөл ойнайды. Демек, біз Бабаджа-Қатынның кесенесінің қатпарланған шатырлы түрінің армяннан келуі мүмкін еместігін дәлелдедік.

Негізі, шатырлы кесенелердің туу тарихы туралы әртүрлі пікірлер жеткілікті. Шетелдік ғалым Диц бұл форма түрік халықтарының мата шатырларынан келген деп есептейді, ал Саладен – зороастриялық дахмадан келген деп есептейді. Отандық ғалымдардан Г.А. Пугаченкова «шатыр түріндегі кесенелердің пайда болу негіздерін ортаазиялық көшпенді халықтардың монументалды сәулет мұраларынан және сондағы табыт рәсімдерінен іздеу керек» – деп болжайды. Әрі қарай ол өз ойын былай деп қорытады: «Солтүстік ортаазиялық Қырғыз, Қазақстан, Ресейдің оңтүстігі, Приволжьедегі, Сібірдегі көптеген көне молалардың құрылысындағы материалдармен таныса келе, ортаазиялық көшпенділердің ортасын-

да, оның ішінде Сырдария түріктерінің де арасында да «селжуктер» деп аталатын тайпалар барлық Таяу Шығысты бағындырғанға дейін моланың үстіне орнататын монументалды құрылыстардың шатырлы немесе пирамидалы бүркемелі түрінің бірнеше нұсқалары жасалған.

X–XI ғғ. бастап, (селжуктермен бірге) шатырлы кесенелер оңтүстік-батыс Азия және Еуропаның оңтүстік-шығыс түкпірлерінде мұсылман құрылыстарына сіңіп кетті /159/.

Дағырамен қатпарланған шатырлы түр Хорезмдік сәулеттік тәсілге тән логикалық шешім болған. Ондай көркемдік тәсілдер Қырғызстан мен Қазақстанда да кездеседі. Сондықтан XII–XIV жүзжылдықтарда қырланған немесе қатпарланған дағыралы босағалы кесенелер Орта Азияның солтүстік аймақтарына өзіндік даму жолдары арқылы ұзақ жол жүріп жеткен...».

М.Е. Массон мен Г.А. Пугаченковалар «моңғол басқыншылығына дейінгі алдыңғы кезеңде Жетісуда өзіндік солтүстік түркістандық сәулет мектебі әлдеқашан қалыптасқандығын» сенімді түрде дәлелдейді. Ал Т.К. Басенов Бабаджы-Қатын – Кавказ жағалаулары елінің сәулетінің қайталауы дегенге келіспейді; қайта, бұл ескерткіш конусобразды күмбездің бұрындары тас арқылы орындалған түрінің енді кірпіш арқылы көрініс тапқан басқаша бір түрінің дамуы болуы да мүмкін» – дейді.


Сонымен жоғарыда айтылғандарға үңіле отырып, қатпарлы жұлдызшаланған жобадағы шатырлы кесенелердің Отаны Жетісу болып табылатындығын көруге болады. Өйткені, ол тәжірибе жалпы Қазақстанның аймақтарында кеңінен таралған. Бабаджы-Қатынның кесенесі тұтастай алып қарағанда, ескерткіштің ауқымдық-айнала кескінінен келіннің биік баскиімін, яғни қазақша сәукеленің жеңіл жібек жамылған түрін елестетеді. Ол кезде тұрмыста конус

пішінді баскиім пайдаланылғандығына Ф.Х. Арслановтың Алтын Орда дәуірі кезіндегі Павлодардан тапқан зерттеуі куә болады. Жұқа жапырақтан жасалған баскиімнің биіктігі (0,2 мм), күмісі – 43,5 см, ал ені 20×28 см¹.

Сондай-ақ, Бабаджы-Қатынның кесенесі – Қазақстандағы сейсмикалық аймақта ең бір ұзақ жасағандардың бірі. Н.М. Бачинскийдің айтуынша: «Орта Азияның ежелгі сәулетшілерінің тұжырымынша, адамның қолында күшті жер сілкінісіне төтеп бере алатын қару жоқ болғандықтан, тек орама құрылыс материалы мен конструкция ғана сәулетшінің қолындағы антисейсмикалық фактор бола алады» деген ойға жеткізген. Және бұл ой құрылыс материалының ерітіндісі ретінде балшық пен сазды пайдалануға шақырып, саз төсеніштерден жасалған түптағандардың айрықша түрін тудырып, ақырында, қабырғаның жертөле бөлігінде өзіндік бейнесі бар белдеу тудырады».

Қараханид дәуірінің көне мұраларының тағы бір ерекше мысалдарының бірі – Тараздағы Қарахан кесенесі. Өкінішке орай, XX ғасырдың басында жауапсыз жасалған жөндеу жұмыстарынан соң нақыш бұйымдары ғана емес, оның жобасы да өшіп кеткеннен кейін кесене бірнеше қайта өзгертілген. Алайда, 1939 жылы Б.П. Денике жариялаған 1850 жж. фотография бойынша бұл мұра туралы және ежелгі Қараханид дәуіріндегі өнер туралы да жеткілікті ақпарат алуға болады. М.М. Мендіқұлов пен Т.К. Басенов көрсеткендей, кесене Қарахан әулетінің негізін құрушының моласының басына орнатылған. Бірақ, оның уақыты туралы ешкім ештеңе айтпайды. Егер кесене шынымен династияны құрушынікі болса, онда оның

¹ Биік баскиімдер сонау ежелгі ғасырлардан белгілі болған. Ол туралы сахарадан табылған, алтын айылбас бейнелі баскиімдер куә болады. Оған ұқсас баскиімдер VIII–XII ғғ. Сібір мен Қазақстанды жайлаған тайпалардың арасында таралған болатын. Бұл көрініс әйелдерді бейнелеген тасмүсіндерден табылған.



Қарахан кесенесі

есімін де, оның өмір сүрген уақытын да анықтауға болады¹.

В.В. Бартольдтың хабарламасы бойынша: «840 жылы қарлұқтардың көсемі, Исфиджабтың әміршісі Білге құл Қадырхан Қағанның тәжін қабылдап, өзінің мемлекеттік жоғары билеу құқын жариялайды. Оның өлімінен кейін қағанаттағы билік үшін оның екі ұлы күресіп, Базыр Арсыланхан Баласағұнның әміршісі, Оғылшақ Қадырхан Тараздың әміршісі

¹ И.А. Кастаньенің хабарламасында әулие хазірет-Әулие халық арасында Қарахан атанған, оның нағыз есімі Ша-Махмұд болған. Өмірінің 95-жылының 40 жылын ол ұйғыр халқымен бірге, 15 жылын Құдаймен өткізген. Әулиеаталық Қазия Абдулланың айтуы бойынша, Ша-Махмұд (Қарахан) б.з. 866 жылы немесе 1031 жыл бұрын IX ғ. қайтыс болған.

болады. Бірақ, 893 жылы Таразды Саманид Исмаил ибн Ахмед жаулап алған соң, Оғылшақ Қашғарға қайтып келіп, 904 жылы саманидтерге қарсы соғыс жариялайды».

Оғылшақтың жиен інісі – Сатық Бұғра хан (915–955) Қараханидтер династиясының негізін қалаушы болып есептеледі. Ислам дінін қабылдаған Сатық Бұғра хан саманидтердің қолдауымен Оғылшаққа қарсы соғыс ашып, оны талқандаған соң өзіне Тараз бен Қашғарды бағындырады. 942 жылы Баласағұн әмірлігін ауыстырып, өзін жоғарғы билік иесі етіп жариялайды. Осы кезден бастап, қараханидтер мемлекетінің тарихы басталады. Демек, Қарахан кесе-

несі, дәлірек айтқанда, Сатық Бұғра ханның кесенесі М.Массон анықтағандай XI ғасырда емес, X ғасырдың 50-жылдары салынған.

Кесененің алғашқы көрінісі 1961 жылы табылған фототүсірілімге қарағанда, ол өзінің биік көркемдік деңгейімен еріксіз көз тартады. Қабырға бетінің жазықтығы өте сынды жасалған кіретін есікпен сәйкестікте бүркелген, айтарлықтай келісті, небір түрлі жапсырмалар мен $\frac{3}{4}$ бағаналарға сұғынып тұрған үшкіл қалаулар қосарлана қойылған кірпіштермен сәнді жарасып тұр. И.А. Кастанье бұл кесене туралы мынадай қызықты пікір білдіреді: «Полковник В.В. Панков, онда жақсы сақталған гүлді әшекеймен нақышталған, ескерткіштің бет жағында бұрышта тұрған екі бағана ғана, бұл көне көрініс қазірдің өзінде де айбынды түрге ие. Уақыт өз дегенін алса да, айтарлықтай көркем, ескерткіштің биіктігі бағана төбесіне дейін 60 аршын шамасында», – деп хабарлайды.

Орта Азияда XII ғасырдың соңында XIII ғасырдың басында қараханид дәуіріндегі құрылыстардың сыртқы көрінісіндегі біркелкілік Магоки Аттар мешітіндегі немесе Санжар кесенесінің күмбездіндегі кірпіш немесе Калян мұнара секілді, Фахр-аддин Рази және Текеша кесенелеріндегі шатырлы бүркемелердегі секілді бүркелген көгілдік әшекейлерді қосумен бай көрінетіндігі белгілі. Қарахан кесенесінің XX ғасырға дейін жеткен 1-құрылысы сәулеттік-көркемдік тартымдылығын арттыру үшін қолданылған қоңыр қызыл және әшекейленген тақталарды (30-ға жуық түрі табылған) бөліп айту қажет. Кесене сөзсіз сәулеттік-көркемдік биік деңгейге ие болған және Қазақстанда Айша-Бибі кесенесі секілді сәулет үлгісін тудыруға айтарлықтай негіз қалағаны анық.

Қазіргі Головчевка ауылында ортағасырлық Жавкет қаласының орнында Бабаджы-Қатынның



Айша-Бибі кесенесі

кесенесімен қатар Айша-Бибі кесенесі тұр. Оны В.В. Бартольд «Айшабу» деген атаған. Кесененің зерттеуімен айналысқандар – А.Н. Бернштам, Г.А. Пугаченкова, Т.К. Басенов, Т.Н. Сенигова, Л.Б. Резина және т.б. Кесенеге қатысты бірнеше аңыздар бар¹. Оның бірі А.И. Кастаньенің айтуынша, Самарқанд хандарының бірі Қытай княздігінен шыққан христиан қызына үйленген. Есімін Ханым-Бибі деп атаған (бұл есіммен аттас ескерткіш Самар-

¹ Ол туралы қазақтардың арасында кесене әйгілі сопы акын Хакім Ата-ның (XII ғ.) қызына арналып салынған деген тарихи аңыз сақталған. Осы аңыз бойынша, «Айша-Бибі Талас аңғарында тұратын Қараханға атастырылған. Үйлену уақыты белгіленеді. Бірақ, Қарахан жаулармен айкасып жүріп, Шашқа келе алмайды. Сол кезде, күйеужігіттің халіне алаңдап, анасы Ануар Ананың рұқсатымен Айша-Бибі түнде Қараханға аттанады...»

қандта) сол апасына Самарқандқа Айша-Бибі ханым қыдырып барады. Қайтып келе жатқан сапарында Айша-Бибі Асы өзенінің маңында, қазіргі кесене тұрған жерде қайтыс болады» делінген аңызда.

Десе де, Б.Т. Тұякбаевтың дерегі шындыққа жақындау болуы мүмкін: «1034 жылы Талас әміршісі Боғра ханның¹ қызының Ғазынаға өзінің болашақ жары Масуданың мұрагері Маудаға бара жатқанда қайтыс болуы туралы хабарлама қызықтырады. Бұл тарихпен жергілікті халықтың Айша-Бибінің өзінің қызметшісімен бірге болашақ жарына бара жатқан ұзақ жолда қайтыс болғандығы туралы аңыз да сәйкеседі». Зерттеуші осыған қатысты былай деп тұжырымдайды: «Кесененің құрылысын... XI ғасырдың 30-жылдарына жатқызуға болады». Ал, 1953 жылы Т.К. Басеновтің жетекшілігімен жүргізілген өлшем бойынша – Айша-Бибінің кесенесі – төртбұрыш жобада жасалған құрылыстың көлемінің сыртқы жобасының жан-жақты қосындысы 7,23×7,23 м (бағаналарды қоспағанда), Бабаджы-Қатынның жанында жатқан кесенелермен салыстырғанда анағұрлым ірірек. Сақталған бөліктерге қарап, ескерткіштің кейін толығымен бүлінгенін, күмбезден бүркелгенін түсінуге болады. Бұл қабырғаның қалыңдығы – 43 м; белгі сызғанға дейін – 160 см, жоғарыда – 60 см, сондай-ақ, бұрыштағы қақпалардың қалдығы – 286 см. Сақталып қалған батыс беті 2 қорғаныс беттен тұрады, $\frac{3}{4}$ дөңгелек, диаметрмен төменгі жағында 86 см бағаналар жоғарыға қарата 4,01 м-ге дейін отырғызылған, сосын құбыр түрінде (оңтүстік мұнара қазірде 6,93 м, солтүстігі 6,18 м) кеңейе түседі. Қабырғаны белдеулеті жатқан терең текше шошақ қақпамен бүркелген. Бес қақпаның деңгейі қабырға

¹ Берілген дерекке кішігірім анықтама бере кетелік: «Боғра – қараханидтер әміршілерінің мәртебелі атауы. Бұл жерде В.В. Бартольд бәлкім, Алп Арслан Боғраханды нұсқаған болуы керек. Бұл Боғрахан – IX ғ. басында Тараз бен Баласағұнның әміршісі саналған қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Садық Боғра ханның немересі.

беттің жалпақтығымен 2 бөлікке бөлінеді; төменгісі – аралас қарапайым, жоғарғысы – қақпамен көркемделген. Кесене шамасы, бізге дейін 3 қабырға бетпен бүркеусіз жеткенге ұқсайды².

Алайда, әдебиетте айтылатындай шатыры, әлдеқашан құлағанға ұқсайтын деректер әзірге табылған жоқ. Әуелде «ескерткішті босағалы-күмбезді түрге енгізу дұрыс деп табылды. Бірақ, 1943 жылы СССР Сәулет Академиясының қызметкерлері – Ю.С. Яралов, Г.Я. Мовчандардың жан-жақты зерттеуінен кейін ол күмбезді-орталықтанған түрде енетіндігі және барлық 4 қасбеті біркелкі сәулеттік-көркемдік өңдеуге ие екендігі анықталды», т.с. Кесененің босағасы жоқ, негізгі кіреберісі шығысқа қаратылған, құрылымдық шешімі түпнұсқалығымен ерекшеленеді.

1953 жылғы жаңа ашылым бойынша «кесененің жертөле қабаты және тақтастардан құрылған көпіршесі бар екендігін» анықталды, қабырғалары 170 см көлеміндегі 3 текше қалыңдықта. Негізгі құрылымдық текшесіне келсек, ішкі жағы – 25×25×4–5 см көлемдегі 2 кірпіштен, ал сыртқы жағы – қалыңдығы 4–5 см, төртбұрыш бетті, күйдірілген қаптауыш тақталармен салынған. Барлық негізгі сәулеттік-көркемдік және құрылымдық элементтер «өзара ағаш және (арша) арқаулармен байланыстырылған. Олардың әрқайсысы 60–80 см биіктікте бір-бірінен соң қаланып отырған. М.С. Булатов өндеген көрініске қарағанда кесененің сәулеті, сәулеттік композицияның барлық тәсілдерін мінсіз меңгерген керемет шебердің қолымен жасалғандығы байқалады.

Кесененің сәулеттік-көркемдік айқындығы оның барлық элементтерінің үйлесімділікте және тектоникалық мәнімен терең қабысуға негізделуінде. Кесененің оның барлық элементтері мен тектоника-

² 1949 ж. Кесенедің қоңыр қызыл кірпіштен қапталған тақталарды бекіту жұмыстары жүрілген.

лық мазмұнының үйлесімді сәйкестілігіне негізделген сәулеттік-көркемдік айшықтылығы ғимараттың жалпақтығымен қапталған жұқа өрнектелген қоңыр қызыл тақталармен¹ күшейтілген.

Т.К. Басенов бар қабырғаны сараптай келе, күйдірілген тақталардың, әртүрлі суреттері бар 20-ға жуық түрін жандандырды. Жанама сілтемелерге қарағанда, оюлы күйік тақталар техникасының жалғасу эволюциясы болып VIII–X ғғ. әшекейленбеген бай нақышты ыдыстардың немесе «дастарқанның» сол дәуірдегі кеңінен таралуы болып табылады.

Айша-Бибі сәулетінің өзіндік ерекшелігі қараханидтік сәулетшілердің соған ұқсас туындыларымен салыстырғанда әлдеқайда артық байқалады. Бәрінен бұрын айта кетерлігі, Орта Азиядағы «сәулет өнерінде қабырғаларды сылау мен қаптаудың кездеспеуі XI ғасырда дерлік мұқият қалауға жеткізді». Көркемдік айшықтықтың негізгі құралы болып, кірпіштің бет жағын бедерлейтін немесе қисық сызықтар жүргізетін түрдегі «нақышты қалау болып есептелді. Ондай тәсілдерді Аламбердің кесенесінен (Түркіменстандағы Керкі қаласына жақын, XI ғ. басы), Үзген кесенелерінің орта топтағыларынан (XI ғ. басы), Көне Термездегі Сұлтан Садат (XI ғ.), Талқатын-Баба мешіт-намазханасынан (Ескі Мервіге жақын, 1905 ж.) кездестіруге болады. Өңдегіш тастардың нақышты мотиві сондай-ақ, Айша-Бибі кесенесі сәулетінің жергілікті шығу тегін көрсете алады. Ғимараттың төменгі бөлігі қақпа жасалғанға дейін, «бұрыннан жақсы мәлім қошқар мүйізді өрнектері бар қоңырқызыл тақталармен қапталған.

Ал, жоғарғы бөлігі нешетүрлі көріністерге бай. Жалпы, сәулеттік ғимаратты көркемдеуші нақышты мотивтердің тамыры Жетісудағы түрік-қарлық дәуірі-

¹ Б.П. Деникениң дерегі бойынша, кесілген қызылқоңыр тақтамен сәнделген нақышты пайдалану тек қана Орта Азия мен Қазақстанның шет аймақтарында кеңінен таралған.

не кетеді»². Сонымен бірге, Т.К. Басеновтің: «қазақы нақыш-өрнектерде біржоспарлылық, т.с.с. нақыштар мен фонның қолмен жасалуы (қосымша өрнексіз) Айша-Бибінің де зерінде сақталып қалған» деген тұжырымдамасы да назар аудартады. Жалпы, қараханидтік кезеңде қазақ халқының ұлттық өнерінің өзіндік қолтаңбасы қалыптасып үлгерді.

Ортазиялық шеберлер монументалды ғимараттарды тұрғызу кезінде, алдын-ала оның жобасын ойластырып алатындығы туралы дәйекке Н.Б. Баклановтың өзбек шеберінің сәулеттік сызбаларынан тапқан, сәулетшінің өзімен бірге алып жүрген әртүрлі ғимараттардың жобасы салынған төртбұрышты кестесі дәлел болады. Айша-Бибі кесенесінің сәулеттік сараптамасы оның бір модульды кестеде салынғаны мүмкін еместігін, сөзсіз құрылыстың жасалуы мұқият дайындалған жоба арқылы болғандығын көрсетеді.

Сәулетшілердің алдын ала дайындық мәселесі хәм биік кәсіби деңгейдегі кадрларға сұраныс «шеберлердің үлкен қалаларда колонер цехтарына арнайы мамандануын тудырады. Құрылысшылардың цехтік түрде ұйымдастылуы жас шеберлердің де дайындық мектебі бола білді. Ол ғимарат салу ісінде анағұрлым көркемдік, сәулеттік құрылысшылық тәсілдер мен теориялардың, тәжірибе мен дәстүрлер-

² А.И. Кастанье: «Епископ Неофит ескерткіштерде крестілердің қыштактамен бейнеленген суреті бар екендігіне назар аударатын, «бұл ежелгі христиан ескерткіші емес пе екен? – деген болжам айтыпты», – деген пікірін жазады. Н.П. Остроумов Айша-Бибі мазарында христиандардың белгісі бар екендігіне келісуге негіз жоқтығын байқаған. Себебі, крест бейнесі христиандық халықтарға дейін де болған. Тікелей қиылысатын сызықтар сәндік нақыштарда жиі кездескен. А.Савельеваның айтуынша, крест бейнесінің ертеде 3 түрі болған: а) +, б) ×, в) ✚. Ондай бейнелер ежелгі финдік бақырларда, египеттік ескерткіштерде, Египет ескерткіштерінде, Кіші Азия жазбаларында, Цейлон аралының көне ғибадатханаларында, ежелгі Ресейді мекендеушілерде кездескен. Мұндай белгі барлық халықтардың арасында ғасырлар бойы таралғандықтан, ол туралы нақты бір шешімге келу мүмкін емес. Е.Т. Смирнов: «Крест қырғыздардың тамғасында (қазақ – Б.Г.) да кездескен. Ол «Керей» деп аталатын рудың рулық таңбасы ретінде қолданылған» дейді.

дің тууына және ұрпаққа жалғасуына мүмкіндік берді». Қараханидтер дәуірінің дәл осы биік мәдениеті Қазақстандағы Айша-Бибі секілді сәулеттік біртума туындының пайда болуының түптағаны болғаны анық.

Қараханидтердің Қазақстан территориясындағы азаматтық ғимараттар бізге жеткен жоқ, әйтсе де, археологтардың тапқан олжалары да жоқ емес. Талас аңғарының, қала сыртынан (А.Н. Бернштам, 1936 ж.), Қорған сарай кешені (У.Х. Шалекенов, 1976–78 жж.), шеберхана (М.Елеуов, 1979 ж.), Ақтөбе қаласының қалдығы, Қараханидтер мемлекетінің астанасы деп У.Х. Шалекенов көрсететін Баласағұн қаласы. Ал, Чұл-Төбе деп аталатын Тараздан солтүстікке қарай 35 км жерден қазылған қорғанның «құрылыстық түрі тұтастай алғанда, анық соғдылардың тегінен. Бүліну жағдайы қорғанды апаттан күйрегендей сездіреді. Бұл ауыртпашылық XIII ғасырдың басында болған».

Ақтөбедегі сарай кешені (X–XII ғғ.) қаланың қамалында орналасқан үй-жайдың дамыған құрамын көрсетеді: «салтанатты зал, қонақ бөлмелері, ас үйі, ғибадат үйі және басқа да әртүрлі 13 бөлмеден тұрады». Қабырға бетінен екі мұнаралы айван шығарылған. Сарайдың қабырғалары ірі көлемді «көлемі 42–45×20–21×11–18 см» күйдірілген кірпіштерден жасалған. Сарайдың ішкі көрінісіндегі өрнек-нақыштар назар аудартады. Нақыштың негізгі бөлігі «дымқыл саз сылақпен кесілген, қалыңдығы 1,5–3 см боларлықтай. Ғимарат геометриялық түрлермен сәйкесіп отыратын үдемелі безендірулерге ие». Сол Ақтөбе қаласының қалдығында мынадай қызықты құрылыс табылды: 4 жай мен дәлізден тұратын шарап ашытушы шеберхана. Орталық жайдың екі жағынан 5,1×4,1 м көлемде кішірек жайлар орналастырылған. Қабырғалар 0,9 м жалпақтықта тұрғызылған. Шарап жасау технологиясы мейлінше нақты ойластырылған:

«3,2×1,5 м көлемдегі солтүстік жайда алдымен жүзім толтырылған сосын шайқап, сыққан, бөлініп шыққан шырынды құмыра құбырларға құйып, астауша арқылы үйдің ортасындағы еденге көмілген хумға сорғызылған. Хумның айналасындағы шаршы 1,9×0,9 м көлемде күйдірілген кірпіштер қойылған».

Қараханидтер дәуіріндегі мемориалды құрылыстардың сәулетінде өзінше бір орын алатын босаға нышандары XII ғ. соңынан XIII ғ. басында Қазақстандағы, ал XIII ғ. екінші жартысында бүкіл Орта Азия мен оның шет аймақтарында да күмбездердің босағалы-күмбезді түрінің дамуына жеткізеді. Бұл тұрғыда, бірінші кезекте Орталық Қазақстанның ескерткіштері ерекшеленеді. Г.Г. Герасимов көрсеткен: «Орталық Қазақстандағы өзен аңғарындағы Қара-Кеңгір, Сары-Су, Үлкен-Жезді – орындары» әртүрлі кезеңдердегі анағұрлым назар аудартатын сәулеттік ескерткіштер болады. Онда ғажайып жайылымдар мен көшпенділердің небір әйгілі рулары, кейіннен жекелеген хандар мен сұлтандардың қыстаулары мен жайлаулары бар. Бұл жерлерде материалдық мәдениеттің мұралары болуы толығымен шындық.

Бұдан басқа бұл жерлерге Қазақстанның солтүстік облыстарынан және Оңтүстік, Орталық Азиядан (Мауераннахр, Хорезм) керуен жолдары өткен».

X ғ. II жартысында мұнда қимақ-қыпшақ тайпалары мекендеген. А.Х. Марғұланның пікірінше, бұл аймақ, әсіресе, «Сары-Су және Кеңгір аймақтары Дешті-Қыпшақ көшпенді мемлекетінің мәдени-экономикалық аймақтары болған және бұл аймақтың (кейіннен) Жошы ханның жаулап алған жері болуы кездейсоқ емес. Бұл Ұлытау жазығы – Берке хан мен Өзбек ханның «Сарай» атанған жазғы резиденциясы болған еді.

Сондай-ақ, XVIII ғ. капитан П.Рычков 1940 жж. А.Х. Марғұлан зерттеген сәулеттік құрылыстардың

тұтас бірқатарын тіркейді. Бұлар: Болған-Ананың кесенесі (Жаңаарқа аймағы, Сары-Судың оң жағалауында), Ботағай (Қорғалжыннан шығысқа қарай 2 км, Ақмола облысы), Аяқ-Хамыр (Жезді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 9 км, Жезқазған облысы) және т.б. Орталық Қазақстандағы ежелгі монументалды құрылыстардың (XII ғасырдың соңы, XIII ғасырдың басы) бірі Аяқ-Хамыр кесенесі т.б. Кесененің жобасы тікбұрышты, көлемі 10,16×8,10 м, төртбұрыштық жобада 5,72×5,73 м, алға қарай 2 м-дей ілгерілете қойылған босаға бөлігі, төртбұрышты табыт бөлмесі сферикалық күмбезбен бүркелген. Негізгі құрылыс материалы болып өңірде IX ғ. пайда болған қызыл кірпіш, ал түптағанына «арнайы қалыңдығы 15–18 см марганцовтық тақталар пайдаланылған. Сылақтары қабырғаға түгелдей белдеу түрінде жүргізілген. Бұл белдеу сыртқы жағынан кірпіш сылағымен қапталған. Дәл сондай белдеу екі қатарланып негізгі қабырға бетте 3,25 м биіктікте орналасқан. Мұнда ол шамасы, құрылымдық түрден гөрі айтарлықтай сәндік рөл ойнайды. Қабырғаның күңгірт-қызыл фонында тастың түсі айқын көрініп тұр. Кесененің ауқымдық-кеңістік шешімі Қазақстан сәулет тарихында түпнұсқалығымен ерекшеленеді. Аяқ-Хамырдың қабырға беті болып тұрған босаға – Қазақстандағы бұрыннан келе жатқан, бірақ қайтадан қалыптасқан босағалы-күмбезді кесененің жаңа түрі.¹

Сонымен, XII ғ. соңы XIII ғ. басында пайда болған моңғол дәуіріндегі² сәулетке үлкен ықпал еткен

¹ Г.А. Пугаченкова кесенелердің босағалы-күмбезді түрінің пайда болуы туралы тұжырымында Араб-Ата кесенесі Тим қыстағында «Саманидтер ғасырында Мауераннахрда босағалы-күмбезді сәулеттің пайда болуын біржолата тұжырымдайды деп қорытады / Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.И. Өзбекстан өнерінің тарихы. М., 1965. 177 б. / Бұл саманид дәуіріндегі босағалы-күмбезді ғимараттың бірден-бір түрі / Пугаченкова Г.А. Араб-Ата кесенесі (9–10 ғғ. Мауераннахр сәулетінің тарихы 1963, 2-шығ. 101 б.).

² Аяқ-Хамырдың моңғол дәуіріне дейінгі шығу тегі туралы Г.Г. Герасимов аталған ескерткіштің Бабаджы-Қатын кесенесі-

Аяқ-Хамыр кесенесі секілді қыпшақтардың керемет ескерткіші Қараханидтер дәуірінің мәдениеті мен өнерінің «алтын ғасыры» Орталық Қазақстанға ықпал еткен деп тұжырымдауға болады.

Сондай-ақ, қазақ жеріне ентелей енген моңғол басқыншылығы жалпы аймақта сәулет өнерінің дамуын тежеген еді. Орталық Қазақстанның Кеңгір аңғарында Дешті Қыпшақтың жаңа әмірі Жошы ханның ордасы орнығып алды. Мұнда 1228–1230 жж. өзеннің сол жағалауындағы сұлу табиғатқа толы үстірт бетінде, қазіргі Жезқазғаннан 45 км қашықтықта, жаңа дәуірге жататын Жошы ханның «Моңғол кесенесі» деп аталатын бірінші кесене тұрғызылды. Кесененің сәулет-жобалық, ауқымдық-кеңістік шешімі алдыңғы кезеңдердегі дәстүрлерге негізделген, сонымен бірге, оның сәулетінде жаңа элементтер де бар. Кесененің жобасы тікбұрышты, екі бөлмеден тұрады, негізгі бөлмесі 5,10×5,20 м көлемде, табыт бөлмесі – көрхана сферикалық түрде бүркелген; алдындағы, сірі, зиратхананың көлемі 2,96×2,26 м шошақ түрдегі жиынтықтармен қабысқан. Ғимарат көлемі 26×26×5 см, күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Қақпалар мен күмбездің, шатырдың сылағы әдеттегіден тыс жолмен жасалған. Кесененің едені кірпіштен қаланған, сырты – конустық пішінде, он жеті қырлы жұлдызша дағыралы жобада айтарлықтай биік емес. «Кесененің ішкі көрінісі мейлінше қарапайым және қатал. Қабырғалар тегіс, ешқандай сәулеттік-сәндік нақыштар жоқ. Бөлмені жарықтандыру үшін күмбездің түбінде 3,28 м, белдеуге көлденең, екі кішігірім жарық кіргізетін, 35×55 см қуыс шығарылған». Негізгі қабырға бетінде тереңдете мен ауқымдық-композициялық тәсілінің жақындығына меңзей отырып, кірпішінің сапасы мен көлеміне қарай, ондай кесененің тек экономикалық-әлеуетті билік етуші тап өкілдерінің ғана, бейбіт уақытта жасауы мүмкіндігін айтады. Ондай межелеу М.М. Меңдіқұловтың да тарапынан қолдау табады. Сондықтан, Т.К. Басеновтің Аяқ-Хамырды моңғол дәуірінің ескерткішіне жатқызу туралы пікірімен келісу қиын.



Жошы-хан кесенесі

шошақталған, 4,5 м ойықша П-бейнелі жиекпен қапталған. П.Раугилинаның дерегі бойынша, «күмбез қола күйіктаспен қапталған. Күйіктастың қалдығы кесененің маңынан табылған».

Бұл жерде бірінші кезекте, назар аударуға тиісті жағдай, Г.Г. Герасимовтың пікіріне негізделген «мұндағы қақпа (бас қасбеттегі қақпаның қуысы еске түседі – Г.Б.) өзінің сәйкестігімен және түрімен Аяқ-Хамыр кесенесіндегідей салынбаған, онда жеңілдік және көкке талпыну сияқты көрініс жоқ. Керісінше, ол анағұрлым ауырлау секілді сезіледі».

Ақ Орда кезеңіндегі Дешті Қыпшақ сәулет ескерткіштерінің ішінде өзіндік және таңғажайып монументалды мұралардың бірі – Алаша Ханның кесе-

сенесі. Кесене Қаракеңгір өзенінің орта ағысында (Малтыбай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 км, Ұлытау аймағы)¹ орналасқан. Бұл аймақтағы өзеннің аңғары ең көлемді және қиылыстарға толы.

Алаша Ханның кесенесі Орталық Қазақстандағы ең ірі мемориалды құрылыс, оның көлемі – сыртқы пішіні бойынша 9,73×11,91 м, күмбездің диаметрі 5,81 м, жалпы биіктігі 10 м. Алаша Хан кесенесінің құрылымдық құрылысы оны салушылардың биік шеберлік деңгейін көрсетеді. Ғимарат саздың құймасынан жасалған кірпіш түптағанның үстіне

¹ Т.К. Басеновтің айтуы бойынша: «Аңызда бұл ескерткіш халық арасында «Алаша» деп аталып кеткен Шыңғысханның мазарының үстіне салынған. Бірақ, кейбір деректер бойынша Шыңғыс ханның мазары оның Отанында» /187/.

орнатылған. Қабырға, қақпа, төбешіктері мен күмбезі күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Оның сапасының жоғарылығы сондай – әртүрлі ауа райының жағдайына, көпғасырлық мезгілге қарамастан өте жақсы сақталып жеткен.

Кірпіш құрылыс орнынан Қара Кеңгірдің жағасына қарай алыс емес жерде дайындалған. Оның көлемі – 28×28×5 см-ден 32×32×6,5 см-ді құрайды. Қаулауды еріту үшін Қара Кеңгірден әкелінген құмның қоспасы пайдаланылған. Кесененің күмбезі міне, 7 ғасырдай уақыт өзінің мұқият ойластырылған құрылымдық шешімнің арқасында мүлтіксіз сақталып тұр. Бұл біріншіден, күмбез құрылымын құрастырудағы нәзік түсінік және қандай жағдайда да сенім-

ді сақталып қалатын жағдай тудыру мүмкіндігі. Ол үшін сәулетші бүгінге дейін белгісіз өзіндік шешімінің маңыздылығына жүгінгені көрініп тұр. Күмбездің диаметрі төртбұрышты құрылыстың үстіне тұрғызылып, жалпақтығы төртбұрышпен біркелкі болып келгені бәрімізге анық, бірақ, бұл жерде сәулетші зиратхананың төртбұрышының енімен 7,51 м алып, күмбездің диаметрін 5,81 м етіп, оның әр жағынан 0,85 см-ге қысқартқан. Дағыраның ені 0,90 м диаметрі сыртқы долбары бойынша 5,91 см тең. Бұл күмбездің сыртқы диаметрі тұтастай дерлік бөлмежайдың төртбұрышына бағындырылған. Сондықтан Алаша Ханның кесенесінің қабырғасы 1 м қалыңдықта. Сөйтіп, дағыраның сегіздігі тура түптағанның



Алаша Хан кесенесі

өзінен басталып, 8 сындарлы, 0,75 м ойықшаны белдеулете келе шошақталып аяқталады, ал сегіздіктің түрленуі күмбездің айналасында, өзіндік қалау тәсілімен жүргізіледі. Кесененің ауқымдық-кеңістігі бәрімізге белгілі мемориалды ғимараттардың босағалы-күмбезді түріне жататыны анық, ал эстетикалық аспектілері жаңа тәсілдерді енгізу арқылы жасалған. Босағаның жоғарғы бөлігі бүлініп қалған, М.М. Меңдіқұловтың пікірінше: «оны осы Алаша Хан кесенесінің тура көшірмесі болатын Жүзден кесенесіне (XIX ғ. I жартысындағы ескерткіш) ұқсатып бағамдау қиын емес». Алаша Хан кесенесінің кіретін қуыс есігі Аяқ-Хамырдың босағасы секілді үш П-көріністі жазықтықтың бойымен нақышталған тақталар арқылы жасалған да, жоғарғы жағы көркем суретті сегізбұрышты жұлдызшалармен аяқталған. Ол көгілдір жасыл түстес әшекейден және екі қатарынан қаланып тұрған сынды кірпіштен және қарапайым қаланған төрт қатар кірпіштен болатын қарапайым бұғаттан тұрады. Алаша Хан кесенесінің босаға түрі – Орта Азия және Қазақстандағы бізге белгілі басқа кесенелерден айрықша болған. Ол Мауераннахр ескерткіштеріндегідей (самарқандтық, бұхарлық медреселер) керемет те емес, бірақ қырғыз немесе хорезмдіктердікі секілді көзге түскіш те емес. Ол көлемі жағынан ауқымды және өзінің қарапайым түрімен-ақ көрнекті және монументалды құрылыстың бейнесімен сәтті үндескен». Оның Қазақстанның шет жақтарында кейбір баламасы ретінде ескі Сайрамдағы бүлінген кесенелерден табылған тас бағаналардың базасын және XIV ғасырдағы Түркістан кесенелерінен табылған кесілген ағаш бағаналарды атауға болады. Бағаналар базасы Орта Азияда кеңінен көрініс тапқан. Олардың Қазақстандағы Алаша Ханға дейін және кейін салынған мемориалды құрылыстардан айырмашылығы: кесененің ішкі көрінісі тек қана тектоникалық біліммен ғана емес, түстің сәйкестілігіне де қатысты жасалған.

Таңертең кесененің жоғарғы дөңгелек ойықшасы арқылы ішке күн шуағы енгенде, күмбез астындағы дағыраның ойығынан сызықтана көрінген жарықпен шағылысып, самаладай шашылған шуақтың арасында ғимарат әлдеқайда үлкейіп, жарық болып көрінеді. Демек, кесенеді таңертеңгі сағаттың да рөлі ойластырылған болып шығады.

Алаша Хан кесенесіндегі Қазақстандағы кесенелерден сирек кездесетін 3 элементтің міндеті күні бүгінге дейін жұмбақ қалпында қалып отыр. Бұл туралы анағұрлым нақтылы түсініктемені А.Х. Марғұланның дәйегінен оқуға болады: «Күмбезді қадалармен бойлата және кесе-көлденеңінен бекіткен. Бұл – кесененің жалпы сәулеттік фонын бұзатын анайы көрініс. Құрбанға сойылған аттардың терісін немесе құйыршығын қаданың түбіне іліп қою көне шаман идеологиясын көрсетеді». Оңтүстік Қазақстаннан (VII–VIII ғғ.) Баба-Ата қаласының орнынан соған ұқсайтын құрылыс табылды. Бұл сәулеттік элементтердің міндеті туралы зерттеушілер әртүрлі пікір¹ айтады. Олардың арасында М.Қожаевтың дәйегі шындыққа үйлеседі: «бұрылыс дәліздің екінші қабатқа жасалуы жерлеу рәсімдеріне, ас беруге лайықты монументалды, тұтас ғимараттың салыну қажеттілігін көрсетеді. Бұл сол уақыттағы ғибадатхананың қағидаттық элементтері ретінде орталық зал мен бұрылыс дәлізінің мазмұнын көрсетуге тиіс болатын». Себебі, сәулет өнерінің мазмұнында халықтың сол кездегі ойлау, қабылдау жүйесі, яғни дүниетанымдық көзқарасы терең ұштасып жататындығы анық. Барлық жоғарыда келтірілген фактілер Алаша Ханның кесенесінің көне сәулетшісінің Орталық Азиядағы көне сәулет өнері теориясы бойынша

¹ Көрмені Л.И. Ремпель, В.А. Ворониндер ислам дәуіріне дейінгі ғибадатхананың қалдығы деп есептесе, В.А. Нильсон, М.С. Булатовтар бекініс қорғандарды әскери көрме, (Раманидтер кесенесі, 1976), сабийлердің астрономиялық бақылау мен уақытты өлшеген көрмесінің жұрнағы деп есептеген... т.б.

кең мағлұматқа ие болған, сол уақыттың кәсіби маманы болғандығын көрсетеді. Нәтижесінде ол өзіндік терең мазмұны бар монументалды үні басым¹, рационалды жобалық және құрылымдық шешімі бар туынды тудырды әрі болашаққа өлмес-өшпес құнды мұра қалдырды. Кесененің салыну уақыты тұрғысында зерттеушілердің пікірі бойынша ол XIII ғасырдың II жартысында, «жайлы уақыт» туған кезде салынған. Сол кезеңге қарай феодалдық жоғарғы тап өкілдері ислам дінін қабылдап, саяси тұрақтылық орнай бастаған еді.

Орталық Қазақстандағы XIII ғасырда анағұрлым ірі ғимараттардың қатарында Жансейіт кесенесін (оның қалдығы Бозтұмсық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 км жерде, Ұлытау аймағы) және Сырлытамды атау қажет (Атбасардан алыс емес). Олардың сәулеттік-көркемдік биік деңгейі туралы, мәселен Сырлытам кесенесінің айналасынан табылған «шенжере» деп аталатын, келісті нақышталған күйіктас-тар таңғажайып суреттер мен оюлармен өрнектелген². Бұл кірпіштер мен тақталар үлкен пештерде күйдіріліп өңделген. Оған арналған кішігірім қазаншұңқырдың диаметрі 20 м, ол әлі күнге дейін күйдірілген кірпіштердің қалдықтарына толы».

XIII ғ. 20-жылдары Оңтүстік Қазақстан өңірлеріне Шағатай билігі орнайды. XIII ғасырдың II жартысында мемлекеттің саяси және экономикалық орнығуы бірінші кезекте қараханидтердің мәдени дәстүрлерінің қайта өрлеу кезеңін тудырды. Осы кезеңнің сәулеті екі төтенше қызықты ескерткіштермен

¹ А.Х. Марғұлан, П.Рагулиндердің тұжырымдауына, кесененің қирауына дейін оның мұнараға апаратын жолы мен бұрыштары және 4 бағанашасы болған. Қабырғаның қалыңдығында жоғарғы көрменің пайда болуы осы мұнараға шығу қажеттігімен байланысты.

² П.Рагулиннің хабарлауына, сәтсіздікке орай кесене Атбасарға басқалармен салыстырғанда жақын орналасқан. Ал сол уақытта Атбасар губернаторы хан қазынасы мен әдемі күйіктастарды тонап үлгергендіктен, бұл жайт Сырлытамның тағдырына үлкен әсер еткен.

сипатталады, олар: Дәуітбектің кесенесі (1262 ж.), және Іңкәрдариядағы Сырлытам (1279 ж.) кесенесі. Оның біріншісі В.В. Бартольдтың ұсынысымен Ұлық Білге Ықпалхан Дәуітбек атты 1262 ж., 31 наурызда қайтыс болған, Таразда жерленген түрік әскери қолбасшысының зиратының үстіне орнағылады. Кесене өзінің түпнұсқалығымен және ауқымдық-кеңістіктік шешімімен айрықшаланады. Дәуітбек кесенесі қараханид дәуіріндегі босағасыз мемориалды ғимараттарды дамытуға үлес қосқан, орталықтас-күмбезді кесене түріне жатады. Іңкәрдариядағы Сырлытам кесенесі XIII ғ. соңында³.

Г.А. Пугаченкованың айтуы бойынша, «Мауераннахр кесенелерінің арасында, бір жағында Жетісу, бір жағында Ферғана жатқан аралықты иемденген». Ол төртбұрышты жобада, сыртқы пішіні 10×10 м, біркелкі өлшемдегі ғимарат (7,6×7,6 м), күмбезбен қапталған, жалпы биіктігі 11,5 м (Каллаурдың зерттеуі бойынша). Күйдірілген кірпіштен (кірпіштердің көлемі 27×27×4,5 см және 23,5×12,5×4,5 см) тұрғызылған ғимарат өзінің ірі көлемімен көзге түседі. Кесененің қабырға бетінің Жәнібеков жасаған схемалық сызбасы, оның босағалы кесене болғандығын көрсетеді. Босағаның жоғарғы жағы бүлінген, оның бөлшектері ернеулерінің нақыштармен және қарапайым кірпіштермен кезек-кезек көркемделгендігін көрсетеді, бәлкім кейіннен қаптамаларын жоғалтқан болар». Сондықтан, ол босағалы-күмбезді кесене түріне жатады, бірақ, М.М. Меңдіқұлов айтқандай, «босаға дамытылмаған түрде, өзіндік көлемі бөлініп көрсетілмегендіктен, қабырға-экранды елестетеді, дәстүрлі көркемдегіш құралдарынан алыс жатыр. Бұл ескерткіште қараханидтер кезеңіндегі бұрын-

³ Сырлытамның уақытын анықтауға М.Е. Массон зерттеу жүргізген. Бұл туралы Төленберген Жәкібаевтің 1900 ж. жасаған схемалық суретінде хабарланады. Хабарлама түркістан әуесқойлар үйірмесінің хаттамасында тіркелген. Яғни, ескерткіштің уақыты хижраның 678 жылы, (қазіргіше 1279 ж.).



Сырлытам кесенесі

ғы құрылыс тәсілдерінің бекем жалғасын көруге болады».

Сонымен егер, Орта Азиядағы XIII ғ. монументалды сәулет өнерінің ескерткіштері әлі күнге дейін табылмаса онда оның болмағандығы да – бірақ, ол кезеңдегі Қазақстанда ондай құрылыстардың тұрғызылуы ғана емес, Орталық және Оңтүстік аймақтарда табылған айтарлықтай мемориалды құрылыстар жаңа стильдегі ғимараттардың дамуы мен қалыптасуына да үлес қосқаны сөзсіз.

Л.Б. Ерзаковичтің дерегі бойынша, «Қазіргі күнде орта ғасырдан кейінгі кезеңдерде Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау баурайындағы қала орындарынан жиналған, суармалы күйіктастардың XIII–XIV ғғ. өзіндік көріністі бір тобы көзге түседі. Оның қызыл немесе қоңыр түсті түрлерінің көп пайдалануы назар аудартады. Ол ақ бояулармен (кейде аласа бедерлермен), ал, ішкі биіктігі және жартылай ішкі бүркемесі жарқыраған жасыл немесе сары «сумен»

қапталған. Оңтүстік-қазақстандық суармалы күйіктастардың көп таралуы негізінде Оңтүстік Қазақстаннан Сырдарияның солтүстік-батысына қарай, моңғолдар күштеп қоныс аударған қыпшақтардың отырықшы тұрғындары осы өңірдегі алтынордалық қалалық мәдениеттің жасаушылардың бірі болған деп айтуға болады».

XIV ғ. монументалды сәулеттің анағұрлым ірі ескерткіштерінің қатарына Жаңа Дариядағы Сырлытам, Тек-Тұрмас, оңтүстіктегі Көк-Кесене, орталықтағы Болған-Ана, жерастындағы Шақпақ-Ата, Батыс Қазақстандағы Касмал, сондай-ақ, Қожа Ахмед Иасауидің кесенесі мен Түркістандағы басқа да көптеген кесенелерді жатқызуға болады. Жаңа Дариядағы Сырлытам бізге дейін бүлінген күйінде жетсе де, сол сақталып қалған бөлігінің өзі бізді тамсандыра алады. Қазақстандағы бір бөлмелі кесенелердің ішіндегі ең ірісі, көлемі сыртқы пішіні бойынша 10×15 м. И.А. Кастаньенің дерегі бойынша, «Сырлытамның биіктігі 5,1/2 аршын, қабырғаның биіктігі 12 аршынға дейін. Сыртқы есіктің үстінде, қабырғаны бойлай араб жазуы тұр. Жазу шамасы, XX ғасырдың 70-жылдары жазылған, қазір әжептеуір бүлінген».

Қазақстандағы сәулет тарихында төтенше маңызды кезеңді иеленетін кесенелердің бірі – Космол кесенесі. Кесене Батыс Қазақстанда Үстірт шыңының батыс аумағында жарқабақтың үстінде орнатылған. Космол кесенесінен бастап, оңтүстік қазақстандық, орталық қазақстандық, Қазақстан орталықтарының сәулет мектебі, сондай-ақ, батыс қазақстандық сәулет мектебінің қалыптасуы басталады. Оның дамуы XVIII ғ. соңында, XX ғ. басында айтарлықтай белгілі болды. Ғимараттың құрылымдық түрі Батыс Қазақстанда дәстүрге айналып кеткен жаңа тәсілдерді қолдануымен ерекшеленеді. «Кесененің құрылымдық ерекшеліктеріне қарай отырып, сонау Солтүстік

Қара теңіз сақтарынан, ежелгі римдіктерден, ортағасырлық Армениядан, XII Владимир-Суздальдық сәулеттен белгілі қабырғаны тығыз қалау тәсілінің Батыс Қазақстан сәулет өнерінде де өзіндік нұсқасы бар шешімін тапқанын көреміз».

Батыс Қазақстанда, нақты айтқанда, Маңғышлақта ислам дінін тарату мақсатында оны таратушылар ыстық ауа райының себебінен, жердің астына мешіттер салуға мәжбүр болды. Жерасты мешіті – Қазақстанның сәулет мәдениетін, тарихи ерекшелігін әлемге танытуға айрықша үлес қосқан мәдени мұралардың үздігі. Жер астына салынатын мешіттердің жасалуы да ерекше. Олар таудың құздарын немесе жартастарды ойып, қашау арқылы жасалады. Қазіргі күнде олардан он шақты мешіт белгілі. Оның көбісі XII ғ. соңғы кезеңіне жатады. Маңғышлақ пен Үстірттің тұрғындары жер астындағы сәулетшілікті XIX ғасырға дейін сақтап қалды. Бұл туралы Алексеев-2 корпусының 1853 жылы Үстірттің солтүстік бөлігінің топографиялық сипатымен айналысқан прапоршигі дерек бере алады: «Ембінің таулы жағалауындағы жартасты Бекет Байтеленің бөлімінен, Адай руынан шыққан қырғыз 50 жылдай уақыт бойы бүгінге дейін қазған. Ол үстірттен Ембіге жыл сайын жайлауға келіп тұратын. Ол мұнда бос уақытында ұл балаларды татарша оқытумен айналысып, қалған уақытында жартаста ғибадат ету үшін жалғыз қалатын. Мұнда бос уақытында ұл балаларды татарша оқытумен айналысып, қалған уақытында жартаста ғибадат ету үшін жалғыз қалатын. Басқа екі жартасты Бекеттің шәкірті қырғыз Құлжан салған. Ол да балаларды құдай заңымен сауаттылыққа үйреткен» дейді.

Шопан-Атаның жер астындағы мешіті Маңғышлақтың жер асты сәулет өнерінің көне ескерткіштерінің бірі болып есептеледі. Жартастардан ойылып жасалған ол көлемділігімен ерекшеленеді: «орталық

тұсы тікбұрышты зал, (7,1×5,1 м), қонақханаға негізделген», оған қарай тәу етіп келушілерге арналған 2 бөлмежай, шығыс жағында тұрғаны – мешіт. Кешенге сондай-ақ тағы да 2 зиратхана жайы қосылған. Орталық залға «көлемі 1,2 м дөңгелек жарықшақпен жарық түсіріледі», әрі ол желдеткіштік рөл атқарады». Жарық түсіретін және желдететін мұндай тәсіл Маңғышлақтың барлық кесенелеріне тән. «Кешеннің бояусыз тақуалық ұстанымға сай көрінісі Шопан-Ата жер асты мешітінің табиғатына, идеясына сай жасалуы мүмкін» /206/. Тұтастай алғанда, жер асты кешені – бәрінен бұрын қазақ халқын үнемі рухани тазаруға жетелейтін айтулы тарихи-мәдени сипатқа тән ескерткіш.

Батыс Қазақстанның жерасты сәулет өнері XIV ғасырда өзінің даму кезеңінің шарықтау шегіне жетті. Соның бір жарқын дәлелі – Шақпақ-Ата жер асты мешіті¹. Мешіт жартасты мүйісінен ойылып жасалған және шығыстан батысқа қарай бағытталған, латынша крест формасында қызықты көрінеді. Шақпақ-Ата мешітінің михрабы қақпалы есігі бар түрде, шариғаттың принциптеріне қайшы келмейтін және оралмалы мешіттерде кездесіп тұратын, марқұмдардың жанында отырып, намаз оқуға қолайлы түрде жасалған. Сондықтан бұл мешіттің қабырғалары неліктен Құран сүрелерімен, сопы-шайырлардың жырларымен және адамның бес саусағымен жайылып тұрған алақанының көріністерімен анық сәнделгенін түсінуге болады. Картина өзінің құпиялығымен және тақуалығымен жаныңды сергітіп, бойыңды тарта түседі. 3 төртбұрышты жерге ендете орналастырылған бағаналар (биіктігі 2 м астам) әртүрлі көріністе дамып отырады /208/, орталық залдағы қақпалардың «қабырға» – жартастан тесіліп шы-

¹ Мешіттің уақытын анықтауда, оны IX–X ғғ. жатқызған А.Г. Медовтың пікірімен салыстырғанда, М.М. Меңдіқұловтың дәлелі нанымды.

ғарылған ойықша есіктері VI–VII ғғ. бағшамалылық ошақтарды еске түсіретіндей.

«Мешіт монолитте ойылып жасалғандықтан, оның бағаналарына күш түспейді. Бірақ, олар таза сәндік элементтер болып табылатындықтан, бәрінен бұрын архитектуралық маңызға ие» (А.Г. Медов). М.М. Меңдіқұловтың айтуынша, бұл жер асты ғимаратының құрылысы сопылар қоғамының ғана күшімен жасалды деу қиын, ондай құрылыстың мемлекеттің көмегінсіз жасалуы мүмкін емес. Сондықтан, Шақпақ-Ата мешітін жалпы діни ұстанымдарға ортақ әлеуметтік-мәдени орын ретінде жасалған деп тұжырымдауға болады.

XIII–XIV ғғ. Отырар қаласындағы қалалық монша қоғамдық діни емес құрылыстардың бірі ретінде қызықтырады. «Күйдірілген кірпіштен салынған

бұл көп күмбезді құрылыстар, крест пішінді жобада жасалған 10 бөлмеден тұрады. Олардың қатарында үлкен зал уқалауға арналған, әрі булануға, жуынуға арналған бөлме әртүрлі температурада, демалуға арналған бөлме және намаз оқитын бөлме бар. Кейбір бөлмелерде еден нақышталған тақталармен қапталған. Монша еденнің астына орнатылған жылытушы құбырлармен жылынған».

«XIV ғ. Түркістан Ақсақ Темірдің билігі кезінде оның ұлан-ғайыр мемлекетінің солтүстік бекініс пункті болады. Қала сауда үшін орталық болуға лайықты орын болды, әсіресе, сахарадан жылқылардың нөпірі әкелініп, мәдени орталықтардан бай керуендер келетін, жеміс-жидектің түр-түрі самсаған базар күндері сауда жанданып сала беретін. Сондықтан алысты болжай



Шақпақ-Ата жер асты мешіті

білетін, әрі оны өз мүддесіне пайдалануды көздеген қитұрқы саясаткер ретінде Әмір Темір дәл осы қалада – сол дәуірдегі самарқандық үздік ғимараттармен бәсекелесе алатын, мыңдаған адамдардың толассыз ағыны келіп тұруға арнап атақты сопы Қожа Ахмет Иасауидің зиратының үстіне мазар-қонақхана орнатқызады». Қазақстанда және Орта Азияда туған сәулет шедеврлерінің салыну жағдайын толық түсіну үшін, ондағы сандаған құрылыстардың бірнеше деталына үңілуге тура келеді. Бұл тұрғыда, 1928 ж. М.Е. Массон мен Т.Мірғиязов тапқан мешіттердегі жеке-жеке 5 бағана, (оның екеуінде жазу болды) үлкен қызығушылық тудырады. Бір бағанада «бір жазбада хижра жылының 753 ж. 10-сафра (7 сәуір, 1352 ж.) деп, екіншісінде – 876 ж. (1470–1471 жж.), «мешіттер Мұхаммед-бани – Бұқа әмірінің, Бани-Әмір-Датқаның әмірімен салынған, шебер-оюшы Иса» деп жазылған /211/.

Бұл мұнараларды детальды түрде зерттеп шыққан Г.А. Пугаченкованың жазуынша: «Бұл екеуінің стильдік ортақ белгісі олардың бір ғимаратқа жататындығын болжауға мүмкіндік береді. Бұл мұнараларға тән ерекшеліктер» ортаазиялық әйгілі үлгілерден күні бүгінге дейін радикалды айырмашылығы» болғандығында, олардың дінгегі біріншісіндегідей төмен қарай білінер-білінбес жағдайда емес, анық көрінеді.¹

Сонымен, Түркістан қ. кесілген ағаш бағаналардың таңғажайып түрлі-түрлі үлгілері де өз кезегінде, XIV ғ. екінші жартысында Түркістанда сәулет өнерінің жоғары деңгейде дамығанын, небір түрлі өзіндік стильді сәулеттік туындылар туғандығына дәлел бола алады.

¹ Уақыттық анықтамаларының айырмашылығы түсінікті. Өйткені, Орталық Азияда көне мешіттер әртүрлі әміршілердің кезінде үнемі жөндеуге, қайта өңдеуге, қосымша жаппаларды қайта тұрғызуға кездесіп отырғандықтан, өзгерістерге көп ұшыраған.

Отырарда XIV ғасырдың соңында XV ғасырдың басында Аксақ Темірдің бұйрығымен тұрғызылған Арыстан баб мешітінің мұнараларының сипатынан Түркістандық мұнаралармен ұқсастықты көруге болады. Осы сақталып қалған екі мұнараны детальды түрде зерттеп, өлшеген В.Л. Воронинаның хабарлауынша: «бірінші мұнараның биіктігі 3,49 м, екіншісі 1,5 см-ге қысқа, мұнараның өрнегі өте шыдамды, геометриялық мотивтермен шектелген. Төртбұрыштық үстінгі бөлігі мейлінше өзіндік үлгіде. Орта ғасырдағы сәулетте осындай мұнаралар көп емес: Қожа Ахмет Иасауидің шайханасында сақталған кесілген бағана, Үрмитаннан әкелінген бағаналар (XI–XII ғғ.), Парзадан табылған (XV ғ.), таулы Тәжікстаннан табылған (XIX–XX ғғ.). Отырардан табылған мұнаралар айтарлықтай өзінше мәнерлі әрі мұнаралардың айрықша категориясына жатады. Олар Орта Азия мен Қазақстанның тарихында ағаш өнеріне жаңа сипат алып келген».

XIV–XV ғасырларда Қазақстандағы ең бір қызықтыратын құрылыс ретінде Қожа-Ахмед Иасауидің Түркістан қ. қонақханасын² атау керек.

«Даль Куша (Самарқандта) бауынан кейін Әмір Темір жеңімпаз қолын Ташкент жаққа бұрады. Сейхун (Сырдария) өзені арқылы бұрылған мәртебелі қарауыл Ахангорандағы (Ангрен) жайылған шатырлардың үстінен түседі. Әмір Ташкенттен 50 шақырымда, Шыназ ауылының алқабында жатқан осы жерде қыстауға шешім қабылдап, мұнда қамыстан құрастырылған қыстаулар салынады. Сол жерден Ясы қыстағына, Мұхаммед Ханифаның ұрпағы шейх Ахмед Иасауидің зиратына зиярат етуге ат-

² Кесененің бұл атауы Г.А. Пугаченкова атағандай қонақ-кесене атанған. Біздің пікіріміз, оны кесене-мешіт атаған зерттеушілердің (Б.Т. Тұяқбаев, М.М. Меңдіқұлов, Н.Нұрмұхамедов, Б.Н. Засыпин) пікірімен салыстырғанда оның типологиялық көрсеткішіне көбірек қатысты.



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі

танған Әмір Темір қасиетті мазардың үстіне ғимарат орнатуға бұйрық береді. Темірдің бұйрығы бойынша, 4 негізтағанмен қоршалған, ішкі жағы 130 гяз, диаметрі 41 гяз, ал биіктігі ... күмбез орнатуға бұйырады. Сосын, қабырғаны бояп, ғимараттың күмбезін қышпен қаптауға, есіктерін хафт-жумның қоспасынан (7 металлдың қоспасы) жасап, ал, ортасына хауыз қоюға, жаяжолын Тавриздан әкелінген мәрмәрдан қалауға әмір етеді. Жұмыстың атқарылуы Мәулен Убайдолла сардарға тапсырылады. Ғимараттың жасалуы 799 ж. аяқталады. Мешіттің құрылысын 1387 ж. Темірге қызмет етуге алынған, Шираздық Қожа Хұсейін атқарған».

Түркістандық кешен «30-дан астам әртүрлі міндет атқаратын және әртүрлі көлемдегі бөлмелерден тұрады» және сәулеттік-жобалық және композиция-

лық-аумақтық жоспардағы идеялық-көркемдік терең ойлылығымен айрықша таңғалдырады.

Нақты айтқанда, бөлмелердің қызметтік міндеттері мазардың және шейх Ахмед Иасауидің бата қонып, бақ дарыған әулиелік қасиетіне мән беріп, оның маңыздылығын айрықша көрсетуге лайықталған. Кесене мұнда тәу етіп келушілердің барлық талабына жуап беретіндей барлық кешеннің композициялық-орталықтанған өзегі болғаны анық. Кесенені салған таңғажайып сәулетші шебер Қожа Құсейін әл-Ширази ислам идеологиясын қалай материалдандыруды және сәулет өнері арқылы оның моральдық-этикалық нормаларын қалай жеткізуді, исламдағы сопылық ағымды насихаттаудағы әлеуметтік-психологиялық қажеттілікті қалай құруды аса шебер меңгергені анық. Соның барлығы бірігіп,

ханака¹ кесенесінің кешенінің маңыздылығына негіз береді. Сонымен, ең құрметті орын «төрде» композициялық бойлықта 3 негізгі элементтен тұратын: орталық төртбұрышты көрхана (жан-жағының көлемі 7,15 м); сондай дерлік көлемде зиратхана, жамағатхана мен кесененің кіреберінің үстінде 13 м ендікте босағасы бар кесене орнатылған. Ғимарат екі қабат күмбезбен қапталып, үлкен цилиндрше дағырамен аяқталады. Қатпарлы күмбездің жалпы биіктігі 21 м. Құрылыстың анағұрлым көлемді жайы-жамағатхана. Ол зиратхана арқылы көрханамен байланысып жатыр. Әсем сәнделген есіктің төбесінде «осы бір таңғажайып туындыны жасаған шебер исфақандық Таджиддиннің ұлы Изаддиннің есімі жазылған, хижра жылы бойынша 799, т.с. 1397». Бұл есімді Б.Т. Тұяқбаев: «...Тажад-дин ан-сақаба нақыштаушы» деп оқуды жөн деп есептейді.

Бір қызығы, 18,2 м диаметрлі шошақ түрдегі ішкі күмбез сыртқы күмбезбен салыстырғанда әлдеқайда кішірек диаметрлі. Жалпы биіктігі еденнің деңгейінен 36 м. Залдың ортасында аса үлкен көлемде қазан орналасқан. Қазанды Әмір Темірдің бұйрығымен Тавриздік шебер Саур-ед-диннің ұлы Әбдул-Әзис шебер 801 ж. 10 шәууалында (1399 ж. шілде) жасап біткен. О бастағы міндеті суды таза сақтауға арналған делінеді. Сол кезде әр жұма сайын жұма намазынан кейін ғибадатшыларды осы қазандағы зәмзәм суынан ауыз тигізу дәстүрі болған». Сондай-ақ, кесене-ханақтың құрылымдық шешімі де ерекше қызығушылық туғызады. Түптағаны тас тақталардан құйылған. Мысалы, босағаның астында 16 қатарланып 1,5 м тереңдікте тастақталар орнатылған. Қабырғалар күйдірілген кірпіштерден қаланған.

¹ Мұнымен байланысты Т.К. Басенов, М.М. Мендіқұлов, Н.Б. Нұрмұхамедовтардың «кешендегі қазандықтың айналасында әртүрлі бөлмежайлардың топталып орналастырылғаны туралы қорытындылары бірнеше қайшылыққа толы.

Аса үлкен ғимараттың ғасырлар бойы келе жатқан мәңгіліктігі мен мызғымас баяндылығын көрсететін сол кездегі инженерлік-техникалық тәсілдердің ғылыми негізділігі мен тереңдігіне қайран қалуға болады. 1975 жылы профессор, тас құрылыстардың білгір маманы А.А. Шишкиннің бұл кешеннің құрылымы туралы тұжырымдамасында құрылысшылардың әрбір детальды сейсмикалық жағдайларға шыдас бере алатындай ойластырған таңғаларлық көрегенділігі туралы айтады. Кесене-ханақтың сәулетіндегі көркемдік көрнектілігін күшейту үшін шебер ішкі көріністе халықтық өнермен тығыз байланысты тас пен әртүрлі металдарды көркем өңдеу, сәндеу, нақыштау, мотив, ою, өрнектеу секілді тәсілдерді молынан пайдаланған».

Сәндік безендіруден біз «...Иран өнерінің элементтерін көрсететін, кейіннен Орта Азия өнерінде сақталып қалған және Қазақстандағы өнер қолданысынан шығып қалған элементтерді көреміз. Есіктердегі және басқа детальдардағы бұл сәндік композициямен бірдей біз тағы сондай қазақтың ұлттық нақыштарының да суреттерін табамыз».

Әмір Темірдің мақсаты бұл ғимаратты тұрғызу арқылы ислам дінін ұстанушы халықтардың рухани бірлігін айқындау, көшпенділердің ойлау құдіретінің таңғажайыптығына ықпал ету және солар арқылы империяның күш-қуатын көрсету еді. Міне, бұлар мемлекеттің шекарасына XIV жүзжылдықтың ортаазиялық сәулет ескерткіштерін тұрғызуға іс жүзіндегі мақсаты болатын. Сондықтан, Әмір Темір дәуірінің сәулеттік сипаты барлық мемлекеттердегі астаналық орталықтардағы секілді мәдени өмірдің негізгі орталығында шығармашылық идеямен бағытты бірлестіру жолымен ұлы державаның әртүрлі аймақтарындағы сәулетті өзара байыту болатын. Бұл жерде сәулетшілердің қол жеткізген басты жетістігі ауқымдардың қарапайымдылығымен әртүрлі

түстердің таңғажайып үндестігімен сәулеттік монументалды қалыптастыру.

Тұтастай алғанда, Ахмед Иассауидің кесене-ханақ деп аталатын кешені Орта Азия мен Қазақстандағы XV ғ. дейінгі сәулеттік жетістіктерді айтарлықтай көрсете алады. Осы тұрғыдан, Қазақстандағы XV ғ. сәулетте нақтыланған дәстүрлер мен тәжірибелердің жинақталуы мен оның қолданылуының арқасында жүзеге асқанын астын сызып айтуға болады. Қазақстан территориясында б.з.д. IV ғасырдан бастап белгілі күмбезді квадраттық жоспарда тұрғызу дәстүрі мұқият жүзеге асырылды. IX–X ғғ. тұзу сегіз қырлы, күмбезі сәл ғана көрінетіндей жартылай күмбезді түрі дамыды. VIII ғ. қалқаншалы желкендер мен қақпалардың түйісуі қабырғаларда есіктер мен ойықшалардың кеңінен орнатылуға мүмкіндік берді.

XV ғасырдан бастап, Қазақстандағы монументалды сәулеттің дамуындағы жаңа кезең басталады. Ол кезең бірінші кезекте Қазақ хандығының дамуы мен қалыптасуымен шартты болды: «Жаңа мемлекетке әртүрлі тайпалардың көп қосылуы сәулеттік құрылыстардың әртүрлі түрі мен сәулеттік формасын тудыруға жеткізеді.

Қалдырғаш би кесенесі Г.А. Пугаченкова айтқандай «Солтүстік Түркістанның сәулет мектебінің ерекшелігі ретінде аталды. Ол ескі Ташкентте, Шейхантауыр қорымында жоғарғы тап өкілдерін қоятын орында, Ташкент әміршісі Жүніс ханның мазарымен қатар жатыр.

Бұл кесененің квадратты пішінінен күмбезді бүркеуге «сегіз қырлы ойық желкеншелер арқылы өткендігі көрінеді /230/. Ауқымдық-аумақтық құрылыс жағынан кесене пирамидалы күмбезі бар, босағасыз шатырлы типке жатады. Шатырлы кесенелер XI–XII ғғ. түріктердің толқыны Сырдариядан Мауераннахрға, Қорасанға, Әзербайжанға ағылып келгенде кеңі-

нен таралып кетеді. Бұл тип монументалды құрылыста XV ғасырға дейін қазақтар мен қырғыздардың дәстүрінде жүзжылдықтың соңына дейін жалғасып қалды. Кесененің шатырлы-күмбез түрі тек қана Шейхантауыр кешенінде ғана емес, жалпы Ташкент бойынша бірден-бір үлгісі болып есептеледі. Аңыз бойынша, «мұнда қыпшақтың Қалдырғаш-Бибі есімді ханымы жерленген». Г.А. Пугаченкова «зиратхана Қалдырғаш би атты қыпшақ руының тұрғындарымен байланысты, жеке адам ретінде тарихи тұрғыда әлі анықталған емес, бәлкім мұнда Моғолстанның ханзадасы қойылған болар¹ деген болжам айтады.

Қазіргі күнде мұнда қазақтардың Ұлы жүзінен шыққан қоғам қайраткері, әйгілі шешен, би Төле би (XVIII ғ. II жартыжылдығы) Ұлы жүзді Әбілфайыз хан билеген кезде Ташкенттің әміршісі болған) жерленген деген нұсқа да бар. Егер халықтың басқа да бір аңызын ескерсек, яғни Қалдырғаш би әскери қолбасшы болса, онда мынадай болжам жасауға болады: «халықтың белгілі өкілін жерлеу үшін – Төле би Қалдырғаш бидің бұл күнде жартылай ұмыт болған кесенесінде екінші мәрте пайдаланылған». Кесененің салыну уақыты туралы XVғ. II жарты жылдығында тарихи фактілер ғана куә бола алады. 8 қырлы ойықшаны желкенше аралық қалқанша желкенге өту жүйесі Орта Азия құрылысына XIV ғ. соңында кіреді. XV ғ. II ж. оны біртіндеп анағұрлым күрделендіре түседі, бірақ, құрылыстық тұрғыда негізінен қақпалар мен желкендердің түйілісу жүйесінде» жасалады.

Орталық Қазақстанда Қара Кеңгір және Сарысу өзенінен 10 км жоғарыда XV ғасырдың басында салынған Болған-Ана кесенесі орналасқан. Ғимараттың жоспары дәстүрлі тікбұрыштық, көлемі: ¹ М.Е. Массонның дерегі бойынша, Қалдырғаш би Мауераннахр тұрғындарының «жете» атты Сырдария бойын мекендеуші тұрғындардың жанама атауынан шығады (Моғолстан).

9,3×10,85 м ішкі контуры бойынша 6,28×6,28 м² бөлме үш метрлік бір босағалы құрылыс әдеттегіден басқаша қызыл түсті, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған (32×32×6 см). Г.Г. Герасимовтың тұжырымдамасы бойынша: «Кесененің типі Аяқ-Хамыр кесенесімен ұқсас дерліктей тек сәл ғана оңайлатылған формада жасалған». Бірақ, сақталып қалған бөлігінің өзінен оның сындарлы сәулеттік айшықты формада екендігін байқауға болады.

Өзендердің сағасында атақты қорымдар орналасқан жерде Жан-Ана (Болған-Ана – Б.Г.) деп аталатын қорым орналасқан... Жұрттың айтуынша мұнда Шыңғыс хан ұрпақтарының астанасы болған». И.А. Кастаньенің дәйегі бойынша, Болған-Ананың сонау бір замандарда осы жердің иесі болғандығы туралы аңыз» бар. Аңыз бойынша, ол өте қажырлы адам болғандықтан, өзіне бағынышты тайпалардан өміріне төнуі мүмкін қауіптен сақтануға мәжбүр болған. Сондықтан оның бұйрығы бойынша бекініс-қорған тұрғызылған дейді.

Бескопа шатқалында, Ақтөбе облысының Ұлы-Қобда орта ағысында Қазақстанның XV ғ. көрнекті сәулет ғимараттарының бірі: «Абат-Байтақ кесенесінің сипаттауынша, өзеннің сол жағалауында мазар көрінеді және ол алыстан барлық жағы ашық көрініп тұрады». Ол–мазарда дамылдап жатқан Байтақтың рухы. Ескерткіш бізге дейін жартылай бүлініп жетсе де сол қалпымен-ақ асқақ, монументалды қабылданып қасиетке ие.

М.М. Меңдіқұловтың айтуынша: «Ескерткішке әр жылдары жүргізілген зерттеулер босағаның төрттік формасы турасындағы деректер және ескерткіштің уақыты туралы деректер бір-біріне қайшы келеді» – дейді. Өкінішке орай, ол кесененің босағасы турасында нақты дәйектен алыс, яғни ол «бұл жерде жүргізілген қазба жұмыстары босағаның қалпы туралы нақты тұжырым бере алмайды».



Абат-Байтақ кесенесі

С.М. Әжіғалиевтің сәулетке жүргізген болжам-зерттеуінің нәтижесінде, сылақтардың 2,98 м сызыққа қаланған қалдығы табылғаны нақтыланады /241/. Орталықтас – шатырлы мемориалды құрылыстың түріне жаңсақ есептеп, оны 13–ғасырдың бірінші ширегіне жаңсақ жатқызады. Г.А. Пугаченкова да сондай қате пікірді ұстанған.

Кесене композициясының орталықтас түрге жататындығы туралы барлық қате пікірлер 1947 ж. кесенені зерттеген Г.Г. Герасимовтың өлшемі мен 1650 ж. жергілікті өлкетанушылардың жұмысының нәтижесінен туындайды... Сондықтан Абат-Байтақтың кесенесі¹ орталықтас емес, босағалы-күмбезді кесене-

¹ И.А. Кастанье, Г.А. Пугаченкова, М.М. Меңдіқұловтар кесенені «Байтақ» деп атаса, С.М. Әжіғалиев «Абат-Байтақ» деп атаған. Ескерткіш туралы нақты жазба деректер болмаған жағдайда, зерттеушілер оларды жергілікті тұрғындардан жинайтыны белгілі. Мәселен, И.А. Кастанье әжептәуір қисынға келмейтін аңызға жүгінеді. «Батый өзінің інісі Байтақ батырды қалмақтардың сахарасына аттандырып, оған Арал теңізін өзенге дейін өтуге, ислам діні жолында кәпірлермен аямай соғысып, қолындағы қылышына жүгінуге бұйрық береді». Әрі қарай Байтақтың ажалының себебін қалмақтармен болған соғыспен байланыстырады. С.М. Әжіғалиев те сол аңызға сүйе-


ні, жаппай шатырлы түріне жатады. Кесененің түрі туралы айтқанда, бөле-жара айтуға тұрарлық ерекшелігі күмбездің қос биік дағыраға орнатылуы. Бұл 8 қырлы бұрыш арқылы оған орнатылған 16 қырлы белгі арқылы өткен. Бұл шешімді А.Ю. Якубовский «Түркістанға беймәлім» деп есептеген.

И.А. Кастаньенің жазуынша белгілі бір ғана ескерткіштің қақпа бейнесінде көрінетін босағасы бар. Ол өзінің таңғажайыптығымен асыра сипаттауға сай көрінеді (Сайд Мұхаммед Масрұптың кесенесі – Б.Г.). Ол Көк-Кесене кесенесі. Төмен Арықтан 5 км орналасқан /244/. 1901 ж. Каллауыр XIV–XV ғғ. Көк-Кесененің қалдығын зерттеп, суретке түсіріп алады. 1914 жылы ғимарат құлаған. А.Якубовский 1927 жылы зерттеген кезде, кесенеден тек босағаның сол-түстік қақпасы ғана қалған еді.

Сонымен, біздің алдымызда, ортағасырлық Қазақстанның ғаламат ескерткіші Көк-Кесененің қалдығы. Ол босағалы шатырлы-күмбезді кесене түріне жатады. Квадратты жоспарда салынған көлемі, 9,8×9,8 м. Кесененің Абат Байтақ секілді 8 қырлы арқылы сосын оған енгізілген 16 қырлы арқылы шатырлы күмбезі өрлей орналасқан. Демек, бұл құрылымдық композициялық шешім қазақ сәулет өнері үшін XV ғ. дәстүрге айналған. Күмбездің ішінде, маңдайшаның астында арабша жазу бар. Көк-Кесенеде бәлкім, хан Әбілхайыр¹ жатыр.

неді. Ал, Л.Я. Полферовтың жазып алған басқа аңызы мынадай. Ол – қазақтың әйгілі Асан Қайғы абызымен байланысты аңыз. Ноғайлардың билеушісі Асан жалғыз ұлы Абатты жақсы жайылым іздеуге аттандырады. Қайтып келе жатқанда желманың мұрындығы үзіліп кетіп, тізгінге ие бола алмай қалған Абат сол жерде мерт болады. Жарынан қапыда айырылған Абаттың әйелі де көз жұмады. Асан Қайғы сол жерде бір күннің ішінде Абат пен әйеліне арнап кесене тұрғыздырады. Екі аңыз да назар аудартады. Сондықтан, С.М. Әжіғалиевтің кесенені «Абат-Байтақ» деп атауы орынды.

¹ Ә. Диваев басқа нұсқа келтіреді. Яғни, Қалмақтарды қолбасшы Тайлақ батыр мен оның жиені Саңрық батыр екеуі қуып шығуы туралы аңызбен байланыстырады. Көк-Кесене Тайлақ батырдың кесенесі, сонымен қоса азаттықтың құрметіне қойылған ескерткіш делінеді.



Көк-Кесене кесенесі

Егер бұл болжам рас болса, онда ескерткіш XV ғасырдың II жартысында жатады деген тарихи фактімен келісуге болады. Орданың ханы Әбілхайыр 1468 жылы қайтыс болған. Оның Сығанақта жерленгені туралы Фазлалах ибн Рузбахан Исфахан растайды. Демек, бұл жерде А.Ю. Якубовскийдің ескерткіштің уақыты туралы XIV ғасырдың соңынан бұрынғы кезде емес шамасы, XV ғасырдың соңы деген болжамы расталмақ». «Көк Кесене құрылысының жабдығындағы қыш тақта керемет болған».

Ясы қаласында (Түркістан қ.) Кесене-ханақ құрылысының салынуына байланысты XV ғасырдан бастап, ол жер рухани-ағарту әкімшілік орталығына айналды: «250 жыл бойы бұл сарай және оның айналасы қазақ хандарының резиденциясы болып қызмет атқарған». Сонымен қатар, кесенеде қасиетті әулие Ахмед Иасауидің аяқ жағында әйгілі тарихи тұлғалар: Есім хан (1707 ж.), Жәңгір хан (1652 ж.), Сүйінші-Қошақан Абылай (1485 ж.), Рабиә-Сұлтан Бегім (Әмір Темірдің немересі, Әбілхайырдың әйелі),

Жолбарыс хан (1460 ж.), Ораз Мұхаммедтің әкесі Ондан Сұлтан т.б. қазақ тарихында ұлан-ғайыр орны бар, ел басқару мен қол бастауда, сондай-ақ, рухани-мәдени өмірімізде ерен мұра қалдырып кеткен талай айтулы тұлғалардың рухы дамыл тауып жатыр.

Кесене-ханақта салынған ежелгі құрылыстардың бірі ретінде, жерасты мешіті, хилуетті атауға болады. Оның салынуын 63 жасында жер астына түсіп, жалған дүниенің барлық уақытша қызығы мен қиындығынан бас тартып, жалғыз қалып, өзінің әйгілі «Хикметін» жазған, қалған ғұмырында Алламен бірге болуды таңдаған Ахмед Иасауидің есімімен байланыстырады. Жалпы, залдың ішкі көрінісі қызықты, ортасы түндікпен ашылып, жабылады (желдеткіш ойықша), ал, қабырғаны бойлап сопылар тізіліп отырып, зікір салған, діни шариғат уағыздарын айтумен таң атырып, күн батырған. Хилуеттің сәулеті XV ғ. халық сәулет өнеріндегі ескерткіштердің ашық жарқын үлгісі.

XV ғасырдың соңында Түркістандық кесененің ішінде айтарлықтай орны бар Рабиә-Сұлтан-Бегімнің кесенесі салынған. Рабиә-Сұлтан-Бегім Әбілхайыр ханның өлімінен кейін 16 жыл өмір сүрген. Демек, 1484 жылы қайтыс болған болып есептеледі. Егер солай болса, кесене 1484–1485 жылдары салынған болмақ. Рабиә-Сұлтан-Бегім кесенесінің Иассауидан айырмашылығы – қабырғасы жоқ. Кесене Иассауидің кешенімен қатар орналасқан.

Орталықтанған композицияның арқасында кесененің нұсқасы көрнекті көзге түседі. Сәулет өнерінің тарихында басқа туындыларға еліктеп, солардың ізімен жасалған туындылар немесе өзінен кейінгі кезеңге айтарлықтай ықпалы жоқ, сол кездің ғана көлемімен өлшеніп естелік болып қалатындар болса, Рабиә-Сұлтан-Бегімнің кесенесі ол қатарға жатпайды. Сондықтан Рабиә-Сұлтан-Бегімнің кесенесі Қазақстанда өзінен кейінгі кезеңде сәулет өнерінің

көркемдік ізденіс тұрғысында дамуына біраз ықпал етуімен ерекше деп атауға тұрарлық. Әрі Рабиә-Сұлтан-Бегімнің бұл көркем келісті жасалған кесенесі талай әдеби шығармаларға да арқау болды.

Келесі бір ғимарат И.А. Кастанье жазғандай, әлде бір кездерде қабырғалармен қоршалып, күйдірілген кірпіштен салынған «Болғасын мұнарасы» (бұл моңғолдың «бекініс» деген ұғымын білдіреді), деген атаумен белгілі болып қалған құрылыс. Аңыз бойынша ғимарат тақуа қыздың топырағының үстіне тұрғызылған¹. А.И. Матовтың хабарламасы бойынша «мұнара қызыл кірпіштің түптағанында тұрғызылған. Қорымның солтүстік жағында 13 адым, шығыс жағы 10 адым, мұнараның жалпы көлемі 20 адым. Сыртқы бөлігі әдемі көгілдір өрнекті кірпіштастан қаланған. Мұнара 10 аршын». А.И. Матовтың байқағанындай, «оның сылақтары әсіресе, күмбездің кергісі көшпенділердің күймелі арбасының жоғарғы жағын еске түсіреді». Құрылыс бәлкім, XV ғасырдың соңында, XVI ғасырдың басында салынған болуы мүмкін.

Бұл кезеңнің кесенелері ауқымдық – айнала композициясы бойынша үшке бөлінеді: *босағалы-күмбезді, орталықтас күмбезді және мұнаралы*.

XVI ғасырда анағұрлым ірі ескерткіштерінің бірі – Сауран мұнарасы. Сонымен қоса, Оқшы-Ата (21 разъезд, Шелек ауд), босағалы күмбезді кесенесі, Асан-Ата (20 разъезд, Шелек ауданы), Жүніс-Ата, Жалаңаш-Ата (Жаңақорған), Мұлқалан (Жаңа дария, Жалаңаш районы), Кесене (қазірде Челябинск, Варненск районында), Ақшора (Маңғышлақ), Үштам

¹ Аңыз бойынша мұнараның өзі жер астынан 3 күнде өсіп шыққан. Тағы бір аңыз бойынша, оны 5 мың татар 3 күнде тұрғызған. Бірінші күні әйелдерінің сүтін сауып, екінші күні оған саз қосып илеп, үшінші күні мұнара салып, сосын, өздері белгісіз жаққа ғайып болып кеткен. Сондай-ақ, бұл мұнараның түбіне барып түнеген әйелдердің бала көтеру мүмкіндігіне ие болатындығы туралы да аңыз бар. Тағы бір аңыз бойынша онда жорықта қайтыс болған әлдебір татар ханы жатқан болуы да мүмкін.

(55 км Форт Шевченко), сондай-ақ, Түркістандағы Шығыс моншасы және Сарайшықтағы Жәнібек хан мен Қасым хан кесенелері аталған ғасырдағы қазақ сәулет тарихына айрықша үлес қосқан, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп жатқан, өзіндік тарихы бар ескерткіштер. Біз бұған қарап, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тарихи ескерткіштерге өте бай болғанын көреміз.

Кастанье Сауран мұнарасының сипаты туралы айтқанда Флоренскийдің еңбегінде (Сауран мұнарасы туралы мәліметтер В.М. Флоринский) айтылған мәліметтерден келтіреді:

«Мұндай мұнаралар немесе бағаналар (Семейдегі Бұран мұнарасы) көне ғимараттардан қалған естелік секілді басқа орындардан да табылады. Біз олардан Түркістаннан 50 шақырымда орналасқан, Сырдариядағы Сауранның көне қалаларын көрсетеміз. Сауранның сақталып қалған мұнарасы жеті аршын биіктікте. Онымен қатар 16 фут қашықтықта 1878 ж. көктемде бұзылған екінші мұнара тұр. 1866 ж., фотограф Приоров суретке түсіріп алған бұл мұнаралардың көрінісі Пашиноның «1866–1878 жылдар аралығындағы Түркістан» атты шығармасының 63 бетіндегі безендіруде берілген. П.И. Пашиноның баяндауында мұнаралар күйдірілген кірпіштен салынған бағана іспеттес, аршыны 6 диаметр, ішкі жағынан жоғарыға дейін әдеміше сатылармен көтеріледі. П.И. Пашиноның айтуынша, мұнаралардың бірінің желке жағы көгілдір алтын түстес безерлермен безендірілген (59 бет).

Яғни, ғимаратқа кіру үшін оның бір жағынан кіру керек. Шағын ғана төртбұрышты саңылауша секілді есік бұрама сатыларға алып барады. Саты кішігірім, қабырғаларға жасалған төртбұрышты желдеткіштерге шағылысып тұрады. Кастаньенің айтуынша, Сауранның мұнараларын Лерх бұрынғы мұсылманша ғимараттардың қалдығы ретінде, XVI жүзжыл-

дықтың бірінші жартысында салынған деп қабылдайды. Г.Флоринский өз ойын бұл құрылыстың салынуы және салу туралы ұсыныс та Болгариядағы мұнараларды тұрғызушылармен арада ортақтық бар деп түйген.

Түркістан қорымында Ахмед Иассауи кесене-ханақта сол кезеңдегі екі кесенені бөліп көрсетуге болады. Олар «Сегіз қырлы» және «Аты жоқ» кесене деп аталады. Қазірде бұл екі құрылыс та қираған үйіндіге айналып кеткен. Н.Б. Немцовтың 1958 жылы сәулеттік зерттеу жұмысының нәтижесінде, олардың біріншісі тікбұрышты жоспарда, 8 қырлы зиратхана мен кішігірім босағасы бар болып жасалғандығы анықталған. Кесененің ішкі көрінісі 8 әдемі ойықша мен нақыштан қанықтырылған. Кесененің босағалы-күмбезді композициялы, бүркемелі болуы әбден мүмкін.

Келесі «Аты жоқ» құрылыс¹ кесене-қонақханадан оңтүстік батысқа қарай 45 км орналасқан. 8 қырлы кесенемен салыстырғанда, онда күмбезден жабылған жақсы сақталған табыты бар. Құрылысты жасаудағы мұқияттылық пен биік шеберлікке қарағанда ол Қасым ханның немересі Тахир ханның билігі кезінде қызықты ескерткіштердің қатарында болған болуы керек. XIV ғасырдың ортасында Хақназар хан билігінің үш жүз жылдығының кезеңінде оның ұлы Қасым ханның ғасырлар бойғы әртүрлі тарихи себептермен әр тарапқа шашылып кеткен немесе әлі шекарасы толық белгіленбеген қазақтың кең-байтақ даласын біріктіріп, басы қосылмай кеткен халқының басын қосып, барлығын бір орталықтан билейтін әкімшілік-саяси тұрғыда алғаш рет қол жеткізеді. Бұл қазақтың мемлекеттік саяси басқарудағы тарихында айрықша

¹ Бұл кесене 14 ғ. басындағы Ташкент Әмірінің әкесі Келді Мұхаммед Сұлтан кесенесі болуы әбден мүмкін. Ол сол жүзжылдықта 20 жыл ортасында Сырдарияны жартылай, Түркістанды толықтай жаулап алған. 1526 жылы қайтыс болып, мәйіті сонда қойылған.

орын алатын, әрі қазақтың мемлекеттік тәуелсіздігінің негізін қалау мен оның салмағы мен парызын ұрпаққа қалдыруда Қасым ханның тарихи ерен еңбегі болып есептеледі. Қасым ханның тарихтағы орнына зерттеушілер әртүрлі кезде әртүрлі баға берумен келеді. П.П. Иванов Хақназарды «Қазақ және Ноғай ханы» деп атаса, Хайдар ибн Әлиді «Қазақ және қырғыз ханы» деп атады.

Сондай-ақ, осы кезеңдегі айтарлықтай ескерткіш ретінде Кесене деген Ресейдің Челябинск аймағындағы Варненск ауданындағы кесенені атауға болады. Типтік ескерткіш түріне жататын ол «солтүстік түркістандық қазақ сәулет мектебіне тән». Кесененің жалпы биіктігі таңғалдырады. Кесене үнемі зерттеушілер назарын аударып келді. Бірінші рет оны зерттеген П.С. Паллас оның нақты сипаттамасын берді: «Құрылыстың түбі немесе төменгі жағында төртбұрышты түрде ені 13 аршын, ұзындығы 17,5. Төменгі бөлігі (түптаған – Б.Г.) бір жарым аршындық таспен көтерілген. Тұтастай айтқанда, А.П. Чуловников айтқандай, Кесене мазары басқалармен қатар «бұл жерде әлдебір кездегі құдіреті асқан қыпшақ Орданың жалғыз жатқан куәсі».

Кесене мазарында өлкенің ортағасырлық сәулетінің үздік жетістіктері бас қосқан. Оның динамикалық формасында халықтық патриоттық тәуелсіздік идеясы мен қазақ мемлекеттігінің салтанаты көрініс тапқан.

XIV ғасырда батыс қазақстандық аймақтық сәулетте негізінен босағалы-шатырлы-күмбезді түрдегі құрылыстар дами түседі (Ақшора, Үштам, Маңғышлақтағы Белтұран).

XIV ғ. азаматтық құрылысынан Түркістан қ. моншасын атау қажет. Шарифаттың талабына сай рухани тазару үшін мұсылманға өз тәнін күніне бес уақыт дәрет алып, жуыну қажет болған. Тек ғұсыл құйынған тән арқылы ғана ол 5 уақыт намаз етіп, құлшы-



Кесене кесенесі

лық етуген құқы бар. Ол үшін мешіттердің алдында арнайы сарапхана жасалған. Иасауи кесенесінде сарапхана болмауы себепті мешіттің жанында XIV ғ. арнайы монша құрылысы жүргізеді. Оны салдырған «Бұқар Әмірі Абдуллахан»¹. Қазіргі 9 моншаның жетеуі сол XVI ғасырға жатады.

XIV ғасырдың соңынан XVII ғасырға дейін Қазақстанның сәулеттік өнерінде кесененің мұнаралы-шатырлы және орталықтас-шатырлы түрі айрықша дамиды. Олардың ортасында Созақ кесенесі, Шық Нияз және Жосалы қыстағындағы Қармақшы Ата, Орталық Қазақстандағы Боқан, Қазанғап, Торғай облысындағы Шалқар даласында Ақшай кесенесі, Гурьев облысында Қара Шеңгел, сондай-ақ, қызыл Орда облысындағы Айқожа, Бетпақ даласындағы Тоғайбек, Торғайдағы Шилі ауылы т.б.

Қазақстандағы орталықтанған хандық нығаю кезеңіндегі түпнұсқа ескерткіш ретінде XVI–XVII ғ. ¹ Бәлкім, бұл Шайбани ханның ұрпағы Абдуллах 2 болуы мүмкін. Ол 1557 жылдан бастап, орталықтанған держава құрған. Бұхарды басқарған, 1583–1598 жж. жалпы өзбек ханы атанады. Бұл монша салыну уақыты сол 1580–1590 жж. жатқызуға негіз береді.

сырларда Г.Г. Герасимов зерттеп шыққан Созақ кесенесі болып табылады. Сол зерттеушінің сөзімен, «бұл кесене композициялық емес және сәулеттік көркемдеу тұрғысында бұрынғы бізге белгілі сәулет ескерткіштерінен көптеген айырмашылықтары бар». Шамасы, сол кездегі үнемі сазға жүгінетін құрылысшылар балшықты меңгерудің өнерін жоғары меңгергендіктен, ол біртіндеп, нығайып, оңай-оспақ бүлінбейтіндей айтарлықтай беріктене түскен. Рас, мұнда, ғимаратты сақтаудың климаттық жағдайы жағымды: қалдықтар аз» /263/. Ондай кірпіштерді дайындау технологиясының құпиясын Бұхар ұстасы А.Абдурахмановтың айтқанын Н.М. Бачинский былай келтіреді: «Аршылмаған жақсы кірпішті алу үшін алдымен, таза ормандық сарғыш топырақты қоспасыз сазды алу қажет, оны сығымдап, кептіріп, екі жылдай уақыт төбеде желдетіп, сосын сындырып, ұсақ саздың ұсақталған бөлшектерін алып, оны сумен араластырады, одан алынған сазды қайтадан төбеге қойып, сосын ғана аршылмаған кірпішті пайдалануға болады». Бұл технология шамасы, Созақтағы №1 кесенені салған сәулетші-құрылысшыларға белгілі болған.

Халық шеберлерінің шығармашылығына лайықты баға беруде бірінші кезекте, бірінші Созақ кесенесінің авторына лайық. Олар өз уақытының алдыңғы қатарлы адамдары болғаны сөзсіз. Олар қоғамның талабын мінсіз түсініп, Қазақстан тарихына мәңгілікке қажетті ескерткіш монументтерді сала білді. Созақ ескерткіші-монументінің сәулеті хандық аймақтардың басқа жақтарында да көрініс тапты. Бұл туралы Бетпақ дала кесенесі Боқан және Қазанғап кесенелері куә бола алады. Созақпен салыстырғанда, олар дөңгелек бөлме-жайлы, олардың ішкі жағы 8 қырлы формада болып келеді.

Ал, Созақтық бірінші кесенеден қазақтардың артып жүруге лайық киіз үйді жеткілікті байқауға бо-

лады. Бұл тұрғыда Боқан кесенесінің сәулеті айғақ бола алады.


Әрі қарай, ескерткіштердің монументтік мақсатын арттыру үшін сәулетшілер ауқымды қосымша сәнделден үнемі бас тартып отырады. Тұтастық, жеңілдік, композициялық динамизм, мемориалды құрылыстардың сәулетінде негізгі ерекшелік болып есептелді. Мысалы, Шымкент облысындағы нөмірі екінші кесенені алып қарауға болады. Оның жоспары Созақтың бірінші кесенесі секілді, 6,4×6,4 көлемде, кіретін жағы батыс жағынан ойластырылған. Кесененің бүркеуі биік көтерілген формадағы күмбезбен, ескерткіштердің жалпы формасында қабылданған күмбездік конустық формада қапталған. Сыртқы жағынан кесене ортағасырлық Деңгек, Қозы Көрпеш – Баян сұлу ескерткіштерінің дәстүрлерін де жалғастырады. Бірақ, шеберлер ескі форманы жаңғыртып, оған сындылық пен монументалды реңк береді, сондықтан, бұл кесене көлемі жағынан монументалды сәулет болып есептеледі.

Бетпақ даладағы Қазанғап кесенесі Боқан кесенесі секілді «сегіз қырлы биіктікте 2 м, қалыңдығы 1,8 м мықты қабырға. Бұл негізде биіктігі 6,6 м, жоғарғы қарай жарықша оғы бар күмбез соғылады. Кесене қатты бүлінген. Ішкі жағы 4,36 м диаметрде.

Кесенелердің алдыңғы толқынына анағұрлым жақындау Қызылордадағы Қармақшы ауылындағы Шық-Нияз кесенесін атауға болады. И.А. Кастаньенің айтуынша: «Бұл – сазаралық сәулет туындыларының ішіндегі ең бір табиғи түпнұсқа түрі. Ескерткіш 4 бұрыштан тұрады, үстінде үлкен көлемдегі конус (күмбез – Б.Г.) тұрғызылған. Ол сырт жағынан келетін кадалармен және бөренелермен бекітілген. Барлық ескерткіш кірпіштен жасалған» /265/.

Бұл типтегі мұнаралы – шатырлы кесенелердің түрі XVII ғғ. II жартысындағы, Сырдария мен Бетпақдаладағы шығыс пен батысқа кеңінен тара-

ла түседі. Мұны Ембі өзенінің бойындағы қыш мешіт шатқалындағы кесенелер дәлелдейді (көрсеткен М.М. Меңдіқұлов). Кесененің бұл түрі әулие Қармақшы-Атаның зиратханасындағы форманың негізгі көрінісін алған. Ол Шық-Нияз кесенесімен қатар салынған. Созақ кесенелері мен Шық-Нияз кесенелерін салыстырғандағы ерекшелігі – ол дөңгелек негізге орнатылған күмбезбен аяқталады. Мұндай түр мұнаралы кесенелерде сирек кездеседі. Оның шығуы туралы И.А. Кастанье былай дейді: «Мұсылман заңы бойынша өлік жердің астында ұйықтауды дұрыс деп есептейді. Ол төменнен жоғарыға қарай шашақтана таралатын, сол арқылы құлдың Құдайға мінажат ету түсінігін жеткізетініне символ болатын төбе құрылысымен аяқталатыны белгілі, ал соңында, оның жерге сіңетіні белгілі». Кесенелердің ішінде орталықта күмбезді түрі Батыс Қазақстан аймақтарында сол кезеңнен бастап, ерекше даму қарқынына ие болады. Бәлкім, оның формасындағы шығармашылық интерпретацияның жергілікті сәулетшілердің ұғымымен астасуы кездейсоқ емес. Бұл ұғымды та-



Шық-Нияз кесенесі

ратып айтсақ, Қазақ даласындағы Үш жүздің басын қосу, сол арқылы елдік тұтастықты күшейту үшін рухани жаңғырумен де байланысты. XVI ғасырдағы сәулет өнерінің шығармашылық контексіндегі астарлы символдық ұғымдарға жүгінсек, бәрінен бұрын, олардың ең әуелі мемлекеттік нығаяуға, ұлттық күшеюге, соны ұрпақ санасына сіңіруге, аманат есебінде қалдыруға шақыру болып есептеледі.

XVII ғасырда Қазақстандағы мемориалды сәулеттің сәулетінде бұл идея енді орталықтас күмбезді түрдегі теңдестірілген жайлы формаға түседі. Бұған мысал ретінде Айқожа, Атақожа қатарлы квадратты жоспарда салынған кесенелерді атауға болады. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстандағы Әулие Төбе кесенесі. Орталық Қазақстандағы, Бетпақдала шөліндегі Тағайбек кесенесі: квадраттық негізде, биіктігі 2,69 м. П.Рагулинаның сипаттауы бойынша: «барлық кесенелердің ішіндегі бірден-бір таңғажайып, төбесін жинақтауда құрылымын ойластыруда идеялық тұрғыда күшті төл туынды. Осындай құрылымның арқасында кесененің ішкі көрінісі қызғылықты болып шыққан».

Сондай-ақ, Орталық Қазақстандағы Исақ кесенесінің нұсқасын да төл туынды деп атауға болады. Құрылыстың сәулеттік-ауқымдық шешімі Қазақстан сәулет тарихында қайталанбаған түрге ие. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ҚазССР ҰҒА ұйымдастырған Бетпақ даланы зерттеу экспедиция жұмысына қатысқан П.Рагулин: «ғимарат... өзіндік жоспарлық тұрғыда айтарлықтай қызықты, әрі қарапайым..., композициясы анық көлемде. Ғимарат әлдебір таңдандыру сезімін оятады. Кесененің образдық тұрғыдағы орнықтылығы оның ірі, айбатты кескінін көрсетеді. Ішкі күмбез монументалды көрінеді. Орталық күмбезі де монументалды, үш кішкентай күмбез онымен шағылыса келе оның көлемін күшейтіп көрсетеді. Алдындағы екі өрнекті

есікше оған ерекше күш беріп тұрғандай әсер етеді. Мұндағы жасалу техникасында әлдебір айбат бар. Тіпті, ғарыштық деуге де болатындай. Дәл бір ол дәл қазір жерден көтеріліп ғарышқа ұшып кететін секілді¹».

Босағалы-күмбезді кесенелер Қазақстанның оңтүстік аймақтарында салыну жалғаса береді. Олардың ішінде ең сымбаттысы бізге дейін жетпеген сунақтық түрі. Олар Перовтың оңтүстік бөлігінде орналастырылған екен. Олардың ішіндегі ең бір белгілісі Алла Умей Хасамутдин Сахибинхай әулиенің ұрпақтарының табыты. Ол Сунақ-Ата деген атпен белгілі. Осы типтегі кесенелердің ішінде Ибрагим-Ата кесенесі назар аудартады. Ол XVII ғ. Ахмед Иасауидің мазарының үстіне қойылған болуы мүмкін. XVII ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында көрші қалмақтардың «Жоңғар» деп аталатын одағы «XVII ғасырдың соңында Жетісуда билік еткен және Оңтүстік Қазақстанға шабуылды жаңғырта түседі». Бұл қозғалыс Жетісу мен Шығыс Қазақстанда будда-ламалық элементтердің пайда болуына ықпал етеді. Абылайкөттік шатыр» деп аталған құрылыс пен XVII ғасырдың басында салынған ламалық ғимарат Ақ там кесенесіне жатады. Олардың алғашқысы Ертістің оң жағалауында салынды, Өскемен мен Семейдің арасындағы аймақтарда.

А.П. Чулошников және И.А. Кастанье 1832 ж. олардың біреуі өткен жүзжылдықтың басынан бері ламалық ғибадатхана ретінде қызмет атқарғанын айтады. Онда бурхандардың бейнесі мен көптеген жазбалар болған. Бұл жазбалар 1720 ж. Ұлы Петр императорға жеткізіледі, ал олар Париждегі жазбалар мен өнер академиясына жөнелтеді».

¹ Сол автор мынадай қызықты дерек келтіреді. «Ол кезде ешкімге белгісіз Байқоңырдан өтіп бара жатып, біз 1848 ж. Циолковскийдің туған күніне 9 жыл қалғанда, онда Никифоров Никитин атанатын Айға ұшу туралы қисық қыңыр пікірі үшін Мәскеуден қуылып, Байқоңырға жер аударылғандығы туралы оқиғаны білген жоқ едік.

Абылайкөттік шатырларды XVII ғасырдың жартысында, Абылай тайшы салдырған. 1719 жылы ол бүлінген қалпында табылды. Бұл ескерткіштің атауы оны салдырушының атауы екендігін көрсетеді. Бұл XVIII ғасырда өмір сүрген хан Абылай ханның (1735–1781) атымен қатысы жоқ. Ол бекініс хан өмірге келгенге дейін бүлінген құрылыс. Ертістің оң жағалауында «жеті шатыр» деп аталатын ғимараттардың тобы салынған. Миллер 1734 ж. сипаттамасы бойынша, бұл ғимараттар көп бағаналы болған. «Олардың қабырғалары шимайланып, бағаналары ағаш бағанада әртүрлі гүлдердің, жануарлардың суреті салынған. Ондай фигуралардың бірін мен императорға жолдадым. Біздің алдымызда ғимарат будда дінімен немесе бәлкім, басқа тұрғын үйлермен қатар өзін лама ғибадатханасы етіп көрсетіп көрген ғимаратпен байланысты болуы мүмкін».

Сондай-ақ, Н.Пантусовтың тіркеген 1900 ж. қалмақ-қытай стиліндегі Ақ Там құрылысы да қызығушылық тудырады. Ол Қарқұлдектен Жаркентке қарай 20 шақырымда салынған. Бірақ, құрылыс ескерткіш секілді (кесене – Б.Г.) соншалықты бүлінгені сондай, оған ешқандай түсінік беру мүмкін емес. Палымскийдің 1884 ж. сипаттауы бойынша, тікбұрышты жоспардағы екі құрылысты елестетуге болады. Ернеулері ағаш бағаналармен тірелген. Үлкен бағанада мысалы, 12 бағана қою қоңыр түске боялған. Бұл ғимараттардың сәулеті Қазақстан сәулет өнерінің жергілікті дәстүрлеріне бай, жоңғар басқыншыларын қуып шыққан соң, XVIII ғасырдағы қазақ жерін иемденіп қалған қазақтардың әрине, өзінше жалғасын таппағаны анық. XVIII ғ. Оңтүстік Қазақстандағы жоңғар басқыншылығы тудырған қиындықтарға қарамастан, Қазақстанда халық сәулет өнері дамып отырды. Соңы Маңғышлақтағы, Батыс Қазақстандағы өзіндік сәулет мектебінің қалыптасуымен аяқталды. Мысал ретінде, XVIII ғасыр-

дың I жартысындағы Павлодарщинадағы Колбасун мұнарасы, Ақтөбе облысындағы Қызыл там, Шығыс Қазақстандағы Сұлтан қылыш, Жетісудағы Тоқсанбай, Маңғышлақтағы Дола Ана ескерткіштерін атауға болады. Миллер айтқандай : «Ол кездегі Павлодарда Колбасун мұнарасы сияқты құрылыстардың салынуын күтуге болмайтын еді...»

Көтермелі композиция типіндегі құрылыстар Шығыс Қазақстанда көбірек тараған. И.А. Кастаньенің сипаттауы бойынша: «Түптаған кейде онымен бірге орналастырылған конуспен бірге сығымдалған кезде, ескерткіш биік малақай мен күймелі арбаның ортасында тұрған секілді түрге енеді. Бұл көріністі Өскемендегі Сұлтан Қылыш кесенесінен табуға болды. Бұл ескерткішке қарап, үлкен күмбезді көруге болатындай». Сондай мұнаралы-шатырлы ғимаратқа Жетісудағы Тоқсанбай кесенесі енеді. Ол ашық қызыл кірпіштен салынған. Торғайдағы Ақ Құдық атырабында салынған Әбілхайыр ханның кесенесі өскен ғасырдың әйгілі де ірі ескерткіштерінің бірі. Ол туралы 1771 жылғы жасалған деректер бұл бұзылған ғимаратты қалпына келтіруге көмектеседі: «Ханның мазары күйдірілмеген кірпіштен жасалған. Ақ қышпен қапталып, төрт бұрышты шатыр секілденіп жасалған. Батыс жақ бөлігінде, қақпаның қызметін атқарып тұрған саңылау тесіктер тұр. Ханның мазарына қарсы төрт бұрышты тас қоршау жасалған. Оның ұзындығы мен ені – 12 аршын. Яғни, ол жерде құрбандық шалатын орын болған, қоршауда құрбан малды алып келіп, соятын қақпаша бар».

XVIII ғасырдың II жартысында, Қазақстанның оңтүстік аумақтарында ірі мемориалды ғимараттардың құрылысы жаңғырады. Бәрінен бұрын бұл аймақтарға тән дәстүрлі босағалы-күмбезді кесенелер Сайрамдағы Қарашаш-Ана кесенесі, Оңтүстік Қазақстандағы Жүніс Ата кесенелері болып есептеледі.

Жүніс-Ата ескерткіші Қазақстандағы мемориалды құрылыстардың ішінде жаңа тип болып есептеледі. 2 бөлмежайдан тұрады, зиратхана мен табыт. Кесененің сондай композициясы XIV ғ. Орта Азияда пайда болған болатын (Үргеншідегі Төрбек ханымның кесенесі). Сондықтан, Жүніс-Ата кесенесі 2 күмбезді, бас қасбеті үдемелі босағамен ерекше көрінеді. Зиратхана мен табыт жайы көлемі бірдей, сферикалық күмбезден қапталған.

Ал, Қызылорда облысындағы Қорқыт Ата кесенесі туралы И.А. Кастаньенің жазбасына көз жүгіртсек, былай: «Қармақшыдан алыс емес жерде 6–8 саз бұрышты, басы тіп-тік болып бітетін күмбезді құрылыс бар».

Сол кезден бастап, бір-бірінен композициялық тұрғыда аздап өзгешелеу, екі ескерткіш бар. Ақ кесене – Тараздың батысында 10 км, Оңтүстік Қазақстанда солтүстігінде Уанас кесенесі. В.А. Каллаурдың хабарламасы бойынша, Ақ кесене төртбұрышты түрде, аршылмаған кірпіштен, айналасы 30 шаршы ұзындықта, биіктігі 5,5 аршын, қабырға қалыңдығы 3,75 аршы...».

Бұдан біздің Уанас кесенесімен мүлдем дерлік ұқсас кесенені көреміз. Ал, Уанас кесенесі Э.М. Байтеновтің баға беруінше: «Орта Азияда Оңтүстік Қазақстанның сәулетінің дамуына аса зор ықпал еткен оның баламалары мүлдем дерлік кездеспейді». Мұнараның монолиті ірі форматтағы құрғақ кірпіш (40×17×10 см) қоршауынан салынған». Сондықтан, Қазақстандағы XVIII ғасырдың соңында мемориалды құрылыстың төрт құлақты секілді мұнаралы кесенелердің жаңа типі туғанын бөліп айтуға тура келеді. Бұл Қазақстанның сәулет тарихында ең бір маңызға ие болға құбылыс болды. Сондықтан, Қазақстандағы XVIII ғасырдың соңында мемориалды құрылыстың төрт құлақты секілді мұнаралы кесенелердің жаңа типі туғанын бөліп айту-

ға тура келеді. Бұл Қазақстанның сәулет тарихында ең бір маңызға ие болға құбылыс болды. Әрі бұл аймақта осы күнге дейін өзгермеген қалпында қалған Қосмола кесенесі, (XIV ғ.) Үштам, Белтұран және Ақшора бар. Бұл сәт бізге М.М. Меңдіқұловтың Маңғышлақтағы Дола-апа кесенесін (XVIII ғасырдың I жартысы) «түркменстандық ескерткішке жатқызу туралы» пікірін қолдауға тура келеді.

XVIII ғасырдың соңындағы кезеңге Маңғышлақта Қамысбай қорымындағы кесенелер жатады. Қамысбаевтардың тегіне жазылған бұл кесенелер, аймақта таза діни өзіндік образ пайда болған кезден бастау алатыны хақ.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы мемориалды құрылыстардың типтері туралы нақты бір шешімге келуге болады. Ғылыми әдебиетте кесенелердің композициялық белгілері жағынан әртүрлі түрге бөліп жатады. Бұл сөзсіз адастыруларға апарып соқтыратыны белгілі. Сондықтан, оларды нақтылау керек әр біріккен қорытынды шығару қажет. Мысалы, М.Е. Массон мен Г.А. Пугченковалар шатыр типіндегі кесенелерге тән ерекшелік «конустық немесе пирамидалық күмбезді» деп тұжырымдайды. Бұл анықтамадағы жеткіліксіздіктердің бар екендігі анық. Сараман-Қоса, Бегім-Ана секілді кесенелерде тік жіктелуге негізделген кесенелерді шатырлы типке жатқызуға тура келеді. М.М. Меңдіқұлов та солай қарайды: Кесенелердің шатырлы типтегі түріне ол жоғарыда көрсетілген, орталықтас-күмбезді мұнаралы кесенелерді жатқызады (Бабаджы-Қатын, Айша-Бибі, Байтақ) және босағалы шатырлы типтегі Жошы хан, Көк Кесене, Кесене секілді ескерткіштерді жатқызады. Ал, Г.Г. Герасимов кесенелердің типін мүлде басқаша сараптайды: орталықтас типке ол тек XVIII-X ғасырлардағы қалыптасқан Домбауыл, Денгек, ал босағалы-күмбезді типке Аяқ-Хамыр, Алаша хан, Жошы хан кесенелерін жатқызады.

Б.А. Ибраев кесенелерді композициялық белгілеріне қарай мұнаралы, босағалы-күмбезді, және орталықтас деп ал, бүркелу түрі бойынша, сферикалық немесе дағыралы (дағырасыз) шатырлы деп бөлген. Қазақстандағы кесенелердің сәулеттік-ауқымдық және композициялық құрылысы туралы сараптама анағұрлым нақтылыққа жақын деп М.М. Меңдіқұловтың және Б.А. Ибраевтың зерттеулерін көрсетеді. Бірақ, Қазақстандағы кесенелердің мейлінше анықталған түрін айқындау үшін оларды композициялық белгісі тұрғысында төмендегідей негізгі алты түрге бөлуге болады:

1. Мұнаралы-шатырлы түрі. Оған: Домбауыл, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Денген т.с. ешқандай босағалық белгісі жоқ, қайта, тек кіретін есік пен кесененің жалпы биіктігінің жартысынан аз композициялық вертикализмге ие (И.А. Кастанье оларды конус образды кесенелер деп атады).

2. Мұнаралы конус образды кесенелерден ізін ала шыққан мұнаралы кесенелер. Оларға: X–I ғғ. Бегім-Ана, Сараман-Қоса, басқа да тік бөліктенуге маңыз беретін кесенелер жатады.

3. Мұнаралы кесенелерден кейін ізін ала тарихқа енген орталықтас-шатырлы тип. Оларға Бабаджы-Қатын, Айша-Бибі секілді XI–XII ғғ. кесенелер енеді. Кесенелердің ауқымы барлық төрт жазықтыққа ашылған, ал негізгі кіретін қасбеті сәл ғана көрсетілген де, шатырлы конустық, қабырғалы немесе пирамидалы күмбезді түрінде жасалған.

4. XIII ғасырдан бастап Қазақстан мемориалды сәулет өнерінде, нақтырақ айтқанда, Орталық Қазақстанда пайда болған босағалы-шатырлы типтегі кесенелер. Оған: Жошы ханның, Көк Кесене, Кесене т.б негізгі қасбеті анық көрсетіліп, үдемелі босаға ретінде шатыры биіктей түсетін пирамидалы немесе конустық формадағы күмбезді түрлері енеді.

5. XVI ғасырда босағалы күмбезді тип пайда болады. Олар: Оқшы-Ата, Жүніс-Ата секілді күмбез сферикалық көріністе.

XVII ғасырдан бастап кеңінен тараған орталық-тас-күмбезді типтегі кесенелер. Олар: Айқожа, Ер-

ғали т.б. негізгі қасбеті өрнекті элементтермен әдемілендіріп, кіретін есіктер немесе қабырға беттер байқаусыз түрде биіктетілетін, күмбездің биіктігі төртбұрышты, көпбұрышты, дөңгелек негізге негізделіп жасалған.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздіктің бесжылдығы. Алматы, 1996. 292 б.
2. Жанғожин Р. Жаңашылдық дәстүр ретінде. Алматы, 1982. 32 б.
3. Баллер Э.А. Мәдениетті дамуындағы сабақтас-тығы. М., 1969. 7 б.
4. Гинзбург М.Я. Стиль мен дәуір. М., 1925. 9 б.
5. Марғұлан Ә.Х. және т.б. Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті. – Алматы, 1968. 17 б.
6. ҚазССР тарихы. 5-томда, 1-т. Алматы, 1977.
7. Кішібеков Д. Көшпенді қоғам. Алматы, 1984. 43 б.
8. Ақышев К.А. Кушаев Г.А. Іле өз. алқабындағы сақтар мен үйсіндердің ежелгі мәдениеті. Алматы, 1963 // Жетісу археологиялық экспедициясының еңбектері. 14-т. М.–Л., 1950. 58 б.
9. Бернштам А.Н. Қарғалы өз. шаман зиратының алтын диадемасы. КСИИМК, 1940, 5-шығаруы, 23 б.
10. Руденко С.М. Алтай мен Алдыңғы Азия өнері. М., 1961. 62 б.
11. Кюннер Н.В. Оңтүстік Сібір, Орталық Азия және Қиыр Шығыс халықтар туралы қытай мәліметтері. М., 1961. 78 б.
12. Марғұлан Ә.Х. Орталық Қазақстан археологиялық экспедицияның еңбектері бойынша есеп.
13. Аль Йакуба. Китоб аль-Булдан. 295 б.
14. Аль-Идриси. Нузхат аль-Муштах. ГПВ қолжазба. Л., 69 б.
15. Бартольд В.В. Жетісу тарихы бойынша очерктер. – шығ., 11-т. 4.1, М., 1963, 31-33 б.
16. Максимова А.Г. Жетісудағы ортағасырлық қорымдар // Қазақстан археологиясындағы жаңалықтар. Алматы, 1968. 146 б.
17. Гумилев Л.Н. Ежелгі түркілер. М., 1967. 84-85 б.
18. Литвинский Б.А. Ортаазиялық халықтар және буддизмнің тарауы // Орта Азия тарихы, археологиясы және этнографиясы. М., 1968. 128-131 б.
19. Кызласов Л.Р. 1953–1954 жж. Ақ Бешім қалашықтағы археологиялық зерттеулер. ТКАЭЭ, 11-т., 1959. 196 б.
20. Марғұлан Ә.Х. және т.б. Ежелгі кезеңдегі архитектурасы // Қазақстан архитектурасы. – Алматы, 1959. 11 б. Синицын И.В. Батыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер // ИИАЭ Қаз СРО еңбектері, 1-т., Археология. Алматы, 1956. 87-88 б.
21. Марғұлан Ә.Х. және т.б. Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті ИИАЭ АН Қаз СРО. Алматы, 1966. 157 б.
22. Толстов С. П. Окс пен Яксарттың ежелгі сағаларында. М. 139 б.

23. Сорокин В.С. Тасты-Бұтақ елді мекеніндегі баспаналар. КСИА, 1962.
24. Черников С.С. Қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан. ШИМ, №88. 52 б.
25. Ақышев К.А. Үйсіндердің қыстақтары, елді мекендері мен баспаналары // ҚазСРО ҒА қоғ. ғылымдар, 1969, I-шығ.
26. Сенигова Т.Н. Ақтөбе елді мекені // Солтүстік Қаратауындағы археологиялық зерттеулер. ТИИАЭ Қаз СРО ҒА. 1964, 14-т.
27. Агеева Е.И., Пацевич Г.Н. Оңтүстік Қазақстанның отырықшы елді мекендер мен қалаларының тарихынан. ТИИАЭ Қаз СРО ҒА. 1958, 5-т, 210 б.
28. Сенигова Г.Н. Ортағасырлық Тараз. Алматы, 1972. 71 б.
29. Мұсанов С. Халық мұрасы. 99 б.
30. Кривцова-Гракова О.А. Алексеевское елді мекені мен қорымы. ТР ГИМ, 1948, 17-шығ, 81 б.
31. Попов А. А. Баспана // Сібірдің тарихи-этнографиялық атласы. М.–Л., 1961. 149 б.
32. Вайнштейн С.И. Еуроазия далалық көшпенділердің баспана тарихының мәселелері // Кеңестік этнография. М., 1976, №4, 43 б.
33. Вайнштейн С.И. Батыс Тувадағы скиф заманындағы ескерткіштері. Тува тіл, әдебиет ҒЗИ оқулық жазбалары. III-шығ. К. 1955. 82 б.
34. Кармышева Б.Х. Тәжікстан мен Өзбекстанның оңтүстік аудандарындағы қарлық тайпасы өзбектерінің баспаналары. ТСРО ҒА қоғ. Ғылымдар бөлімінің мәліметтері, 10-шығ. 1956. 23 б.
35. Мұқанов М.С. Қазақ киіз үйі. Алматы, 1982, 19 б.
36. Ибн-Фадланның Еділ жағалауына жасаған сапары. Ю.Н. Крачковскийдің аудармасы. М.–Л., 1939. 65 б.
37. Деректемелер мен материалдардағы Қазақстанның бұрынғы кезі. I жинақ. Алматы. 1935. 29 б.
38. Петрушевский И.П. 1219-1224 жж. Моңғол әскерлерінің Орта Азияға жорығы және оның зардабы. 131 б.
39. Пано Карпини және Рубруктың шығыс елдеріне саяхаты. 126 б.
40. Бартольд В.В. Түркістандағы археологиялық зерттеу туралы сұраққа. 106 б.
41. Вайнштейн С.И. Еуразия дала көшпенділерінің тұрғын үй тарихының мәселелері. 55 б.
42. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Алтын Орда және оның құлауы. М.–Л., 1950. 99 б.
43. Чупелов В.А. Орта Азия бойынша саяхатының күнделігі. М., 1924. 24 б.
44. Пюрвеев Д.Б. Қалмақтар архитектурасы. М., 1975. 93 б.
45. XIX ғ. ортасы және XX ғғ. басы, орыс және қазақ халықтарының тарихи-мәдени байланыстары және оның қазақтардың материалдық мәдениетіне ықпалы. 24 б.
46. Сонда. 205 б.
47. Болатов М. Саманидтер кесенесі – Орта Азия архитектурасының інжу-маржаны. Ташкент, 1976. 71 б.
48. Меңдіқұлов М.М. Батыс Қазақстан халықтық сәулет өнерінің ескерткіштері. А.-Ата, 1987 41 б.
49. Пугаченкова Г.А. Хорасанның «күркелі кесенелерінің» пайда болу мәселелеріне. ОТАКЭ. 1 шығ., Ашхабад, 1949. 15 б.
50. Байпақов К.М. Оңтүстік Қазақстан және Жетісудың ортағасырлық қалалық мәдениеті. А.-Ата, 1986. 141 б.
51. Бернштам А.Н. Көне Тараздағы монша және оның даталануы. Мемл. Эрмитаждың ШИМӨТ бөлімінің еңбектері. II т. Л., 1940, 11 б.
52. Пугаченкова Г.А. Күркелі кесенелердің пайда болу мәселелеріне. 19 б.
53. Большаков О.Г. Ислам және бейнелі өнер. ТГЭ. X т. 1969. 148 б.
54. Байпақов К.М. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениеті. 139 б.
55. Засыпкин Б.Н. Орта Азия архитектурасы. М., 1948. 97 б.
56. Массой М.Б., Пугаченкова Г.А. Манастың күмбезі. М., 1950, 41 б.
57. Лелеков Л.А. Б.з.д. 1 мыңжылдықтың 1 жартысындағы шығыс-иран халықтарының архитектурасындағы кейбір мифологиялық көзқарастардың шағылыстары // Орта Азия халықтарының тарихы және мәдениеті (көнелілік және орта ғасырлар). М., 1976. 7-8, 13 бб.
58. Бернштам А.Н. Бабаджа-Қатын кесенесінің шығу тегіне. КССР ҒА ММТИ қысқаша хабарламасы. 61 шығ., 1956. 91 б.
59. Басенов Т.К. VII–XI ғғ. Қазақстан архитектурасы. // Қазақстан архитектурасы. А.-Ата, 1959. 99 б.
60. Бартольд В.В. 1893-1894 жж. Орта Азияға ғылыми мақсатымен барған сапарының есебі. Зап. АН СПГ. 1897, сер. VIII . Т. 1, 4 шығ., 60 б.
61. Саламзаде А.В. Мұнаралы кесенелердің даму үрдісі және оны зерттеудің кейбір сұрақтары // Әзербайжан өнері. Баку, 1949. 12 б.
62. Басенов Т.Н. САМ ауданындағы архитектуралық ескерткіштер. А.-Ата, 1947. 11-12 бб.
63. Арсланова Ф.Х. Павлодар облысындағы алтынордалық кезеңдегі жерлеу // Көне Қазақстан мәдениеттерінің іздері бойынша. А.-Ата, 1970. 55-57 бб.
64. Бачинский Н.М. Орта Азия архитектуралық ескерткіштеріндегі антисейсмика. М.–Л., 1949. 7-8 бб.
65. Бартольд В.В. Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Түркістан. Шығ. I т., 1963, 315 б.
66. Каллаур В.А. Әулие-Ата маңындағы Айша Бибі және Қазақстан мазарлары туралы. Аймақтық археология әуесқойларының хаттамасы. №2. 6 б.
67. Кастанье А.И. Орынбор аймағы мен Қырғыз даласының көнеліктері. 22 б.
68. Тұяқбаева Б.Т. Ахмет Иасауи сәулеттік кешенінің эпиграфикалық айшықтауы. А.-Ата, 1989. 127-128 бб.
69. Меңдіқұлов М.М. Қазақстанның тарихи архитектураның кейбір мәліметтері туралы. Изв. АН КазССР, Архитектурная сер. 2 шығ., 1959, 11 б.
70. Басенов Т.К. VII-XII ғғ. Қазақстан архитектурасы. 100 б.
71. Басенов Т.К. Архитектурадағы Қазақстан ою-өрнектері. А.-Ата, 1957. 89 б.
72. Кастанье А.И. Орынбор аймағы мен Қырғыз даласының көнеліктері. 230-231 б.
73. Засыпкин Б.Н. Орта Азия архитектурасы. М., 14-15 бб.
74. Бернштам А.Н. Талас жазығының көне ескерткіштері. А.-Ата, 1941. 61 б.
75. Елеуов М. Ақтөбе қалашығының ортағасырлық шеберханасының қазбалары // Қазақстан материалдық мәдениетінің тарихы. А.-Ата, 1980. 59 б.
76. Марғұлан А.Х. Кеңгір өз. жазығының архитектуралық ескерткіштері. Вестник АН Каз ССР. №11. 1947. 64 б.
77. Герасимов Г.Г. Қара-Кеңгір өзенінің архитектуралық ескерткіштері.
78. Басенов Т.К. Архитектурадағы Қазақстан ою-өрнектері. 40-42 бб.
79. Рагулин П. Қазақстанның архитектуралық ескерткіштері. «Архитектура СССР», №7, 1983, 52 б.
80. Меңдіқұлов М.М. Қазақстанның тарихи архитектурасы туралы кейбір деректер. 11, 12 бб.
81. Марғұлан А.Х. Қара-Кеңгір өзені жазығының архитектуралық ескерткіштері. 66-67 бб.
82. Каллаур В.А. Айша-Бибі және Қарахан мазарлары. 8 б.

83. Меңдікұлов М.М. X–XIV ғғ. архитектурасы. 390 б.
84. Ерзакович Л.Б. Алтын Орда қалаларының материалдық мәдениетіндегі Оңтүстік Қазақстан құрамы туралы. 25 б.
85. Кастанье И.А. Қырғыз даласы және Орынбор аймағының көнелілігі. 25 б.
86. Меңдікұлов М.М. Батыс Қазақстан халықтық сәулет өнерінің ескерткіштері. 147 б.
87. Үстірттің алғашқы орыс ғылыми зерттеулері. М., 1963. 282-283 бб.
88. Медоев А.Г. Маңғышлақ жартыаралы көшпенділерінің жерасты архитектурасы // «Простор», 1969, №6, 54-55 бб.
89. Пугаченкова Г.А. XIV-XV ғғ. Түркістан қ. ойып жасалған ағаш бағаналар туралы. Изв. АН Каз ССР. Сер. Арх. Вып.1, 1948, 37 б.
90. Сонда. 52 б.
91. Сонда. 53 б.
92. Сонда. 40 б.
93. Сонда. 48 б.
94. Сонда. 51-52 бб.
95. Воронина В.Л. Отырар бағаналары. «Қазақстан көнелігі» жинақ. А.-Ата, 1975. 72-74 бб.
96. Добросмыслов А.И. Сыр-Дария қалалары. Ташкент, 1912. 117 б.
97. Сонда. 137 б.
98. Нурмухамедов Нагим-Бек. Қожа Ахмед Иасауи кесенесі. 31 б.
99. Тұяқбаева Б.Т. Ахмет Иасауи сәулеттік кешенінің эпиграфикалық айшықтауы. А.-Ата, 1989. 31 б.
100. Сонда. 9 б.
101. Добросмыслов А.И. Сыр-Дария облысының қалалары. 138 б.
102. Меңдікұлов М.М. X-XIV ғғ. архитектурасы. 555 б.
103. Массон М.Е., Пугаченкова Г.А. Манас күмбезі. 16 б.
104. Массон М.Е. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі. Ташкент, 1930.
105. Пугаченкова Г.А. Орта Азия сәулет өнері. Архитектурное наследство. №26, 1978.
106. Ибраев Б. XV-XIII ғғ. архитектурасы, ҚСЭ ҚазКСР Энци. анықтамалық. А.-Ата, 1981.
107. Пугаченкова Г.А. Қалдырғаш-би кесенесі. Изв. АН Каз ССР сер. арх. 2-шығ., 1950, 91 б.
108. Сонда. 91-92 бб.
109. Сонда. 93 б.
110. Герасимов Г.Г. Орталық Қазақстандағы Кеңгір өзені жазығының архитектура ескерткіштері. 30 б.
111. Рычков Н.П. Қырғыз-қайсақ даласына күнделікті саяхат жазбалары. 1771. СПб, 1772. 75 б.
112. Кастанье И.А. Қырғыз даласындағы қабір үсті құрылыстар. Орынбор, 1911. 29 б.
113. Кастанье И.А. Қырғыз даласының және Орынбор аймағының көнелілігі. 29 б.
114. Меңдікұлов М.М. Батыс Қазақстан халықтық сәулет өнері ескерткіштері. 46 б.
115. Әжіғалиев С. Абат-Байтақ – халықтық сәулет өнерінің көрнекті кешендік ескерткіш. Изв. АН КазССР, серия филологическая, 1983, №2, 58 б.
116. Меңдікұлов М.М. Батыс Қазақстан халықтық сәулет өнері ескерткіштері. 46-47 бб.
117. Массон М.Е., Пугаченкова Г.А. Манас күмбезі. 88 б.
